**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТІРЛІГІ**
**АРНАЙЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМЫТУДЫҢ**
**ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ**

«Зиятында бұзылыстары бар оқушылардың білім алу маршрутын
дайындаудың ғылыми-әдістемелік негіздері
(мектеп – колледж моделінің пилоттық жобасы)»

**Алматы 2024**

УДК 376
ББК 74.3

Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық Орталығының ғылыми-әдістемелік Кеңесінде бекітіліп, ұсынылды (2024 жылдың қараша айының «14» № 46 хаттама).

**Авторы:**
***Сейсенова А.Д.*** – аға ғылыми қызметкер, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, заңгер.
**Рецензенттер:**
***Уразалиева М.А.*** – педагогика ғылымдарының кандидаты, Қазақ Ұлттық қыздар педагогикалық университетінің профессоры м.а.;
***Сексенова А.М.*** – Алматы қаласындағы «№ 7 Арнайы мектеп-интернаты» КММ-і директорының оқу жұмысы бойынша орынбасары.

Сейсенова А.Д. ***«Зиятында бұзылыстары бар оқушылардың білім алу маршрутын дайындаудың ғылыми-әдістемелік негіздері (мектеп – колледж моделінің пилоттық жобасы)».*** – Алматы: АИБД ҰҒПО, 2024. – 124 б.

ISBN 978-601-14-0299-6

Әдістемелік нұсқаулық зиятында бұзылыстары бар балалар мен жасөспірімдерге арналған арнайы мектептер мен «мектеп-интернат-колледж» кешендері жағдайында кәсіби-еңбекке даярлау мәселелеріне арналады.

Бірінші Тарауда мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғаларды кәсіби-еңбекке оқыту және кәсіби оңалтудың Концептуалды негіздері қарастырылған.

Екінші Тарауда Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық құжаттар мен отандық заңнаманың негізінде мүмкіндіктері шектеулі балалар мен жасөспірімдер және мүгедектігі бар жастарды кәсіби бағдарлау, кәсіби-еңбекке оқыту, дайындау және оңалту мәселелері бойынша талдау жасалды. Аналитикалық жұмыс нәтижесінде мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғаларды кәсіби-еңбекке дайындау, кәсіби оңалту, күндізгі уақытының ұйымдасуы және қауымдастық өміріне қосылуы мәселелері бойынша нормативтік-құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулардың Салыстырмалы кестесі дайындалды.

Үшінші Тарау зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептер мен «мектеп-интернат-колледж» моделін жүзеге асырушы мекемелердің зиятының бұзылыстары бар оқушыларды кәсіби-еңбекке оқыту бағытындағы тәжірибесін зерттеуге арналды, мақсатты топтағы балаларға арналған арнайы мектептердегі ағымдағы жағдаятқа талдау жасалып, баға берілді.

Аталмыш әдістемелік құрал зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған «мектеп-интернат-колледж» арнайы кешені сияқты жаңа құрылымды ұйымдастыруға мүдделі оқырмандар қауымына ұсынылуда.

УДК 376
ББК 74.3

ISBN 978-601-14-0299-6

©ННПЦ РСИО, 2024
© Сейсенова А.Д. 2024

## Қысқартулар мен шартты белгілердің тізімі

***ЕБҚ бар балалар*** – ерекше білім беруді қажет ететін балалар;
***МШ тұлға*** – мүмкіндіктері шектеулі тұлға;
***МШБ*** – мүмкіндіктері шектеулі балалар;
***Мүгедектігі бар тұлғаның ОЖБ-сы*** – мүгедектігі бар тұлғаның оңалтудың жеке бағдарламасы;
***МӘС*** – медициналық-әлеуметтік сараптама;
***ӘТБ*** – әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау;
***ӨҚЖ*** – өмірдегі қиын жағдай.

## Мазмұны

Кіріспе ........................................................................................................ 5

1-Тарау. Мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғаларды кәсіби-еңбекке оқыту және кәсіби оңалтудың Концептуалды негіздері ..................... 8

2-Тарау. Мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғаларды кәсіби-еңбекке дайындау мәселелері бойынша халықаралық құжаттар мен Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық базасын талдау.............................. 20

3-Тарау. Қазақстан Республикасының арнайы мектептерінде зиятында бұзылыстары бар білім алушыларды кәсіби бағдарлау және кәсіби-еңбекке дайындау жағдаятын талдау және өзекті мәселелері ............................................ 47

Қорытынды ........................................................................................ 102

Қолданылған әдебиеттер тізімі ..................................................................... 105

№ 1 Қосымша. ........................................................................................ 110

№ 2 Қосымша. ........................................................................................ 116

## *Кіріспе*

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2024 жылдың қыркүйек айының 2-ндегі ***«Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм»*** атты Қазақстан халқына Жолдауында кәсіптік білім беру саласын реформалаудың маңыздылығын атап өткен еді. Ел президентінің айтуынша Кәсіптік білім беру саласына реформа жасау экономиканың өсуі және оның инвестициялық дамуы тұрғысынан маңызды болып табылады.

«Мен 2025 жылды Жұмысшы мамандықтары жылы деп жариялаймын. Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Сондай-ақ біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз», – деді Президент.

Мемлекет басшысы Адал әрі табанды еңбегімен табысқа жеткен адамдар қашанда құрметті, сыйлы болуы керек деп атап өтті. «Бұл біз ұсынып отырған *«Адал азамат – Адал еңбек – Адал табыс»* қағидатына толық сай келеді. Бір сөзбен айтқанда, біздің қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануға тиіс. Өз кәсібін жетік меңгерген мамандар ұлт сапасын арттырады. Сондықтан біз еңбек адамының мәртебесін көтеріп жатырмыз. Бұл бағыттағы жұмыс тоқтамайды, жалғаса береді, – деп қосты Қ-Ж. К. Тоқаев [1].

***Зерттеудің өзектілігі.*** Бүкіл әлемді қамтып қалған түпкілікті өзгерістер жағдайында тұлғаның әлеуметтенуі қазіргі уақытта өте маңызды мәселелердің бірі болуда. Қазіргі заманның саяси, ұлттық, әлеуметтік, экологиялық, рухани мәселелері қазақстандық қоғамның дамуына да әсер етуде. Онымен қоса жоғарыда аталған мәселелердің маңызды болып, ерекше әсер ету объектісі ретінде жас ұрпақ, әсіресе мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғалар болып табылады. Осы орайда жеке тұлғаға бағытталған жаңа гуманистік парадигманың аумағында еліміздегі арнайы білім беру ұйымдарының түлектерінің әлеуметтенуі үдерісін зерттеу қажеттілігі туындауда.

Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі оның білімділік деңгейіне қарай анықталады. Демек, білім беру үдерісінің рөлі және оның үздіксіздігі білім беру ұйымдары жағдайында тұлғаның қалыптасуы және әлеуметтенуіне ықпалдасады. Бұндай білім беру ұйымдарын субъекті әрекет ететін әлеуметтік әлемнің ерекше моделі ретінде қарастырып, білім беру ордалары әлеуметтенудің институты іспетті қызметтерін жүзеге асырады.

Ғылыми зерттеудің ***мақсаты:*** Қазақстан Республикасындағы арнайы білім беру ұйымдарының түлектерін кәсіби бағдарлау, кәсіби дайындау және еңбекпен оңалтумен байланысты сұрақтарды кешенді түрде талқылау.

Зерттеудің ***нысаны*** ретінде менталды бұзылыстары және мүгедектігі бар жасөспірімдер мен жастар, яғни зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдарының түлектері болып табылады.

Зерттеу ***пәні*** Қазақстан Республикасындағы арнайы білім беру ұйымдарының түлектерін кәсіби бағдарлау, кәсіби-еңбекке дайындау үдерістерінің ерекшеліктері, олардың мамандықтар мен еңбек профильдері тұрғысынан қалаулары болып табылады. Зерттеудің мақсаты, пәні мен нысаны оның ***міндеттерін*** қалыптастыруға ықпалдасты:

- мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғаларды кәсіби-еңбекке оқыту және кәсіби оңалтудың Концептуалды негіздерін талдау;
- МШ және мүгедектігі бар балалар, жасөспірімдер мен жастарды кәсіби-еңбекке дайындау және кәсіби оңалту мәселелері бойынша халықаралық құжаттар мен Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық базасын зерттеу;
- Қазақстан Республикасының зиятында бұзылыстары бар білім алушыларға арналған арнайы мектептерінде кәсіби-еңбекке дайындау және оларды бітіргеннен кейінгі өміртіршілігі бойынша өзекті ақпарат пен мағлұматтарды жинақтау мен талдау;
- зиятында бұзылыстары бар жасөспірімдер мен жастарды кәсіби бағдарлау, еңбекке дайындау және одан кейінгі кезеңде жұмысқа орналастыру салаларындағы өзекті сұрақтар мен ең маңызды мәселелерді анықтау;
- МШ және мүгедектігі бар балалар, жасөспірімдер мен жастардың еңбек және өмірлік дағдылары мен қажетті икемдерді игеру қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін зерттеу;
- мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар балалар, жасөспірімдер мен жастарды тәрбиелеп отырған отбасылардың ерекше маңызды сұрақ ретінде арнайы білім беру ұйымдарының түлектерін кәсіби бағдарлау және еңбекпен оңалту үдерістерінің өзекті мәселелерін анықтау;
- Қазақстан Республикасының арнайы білім беру ұйымдарының түлектерін кәсіби бағдарлау және дайындау, еңбекке даярлау және жұмысқа орналастыру бойынша екі сауалнаманы дайындап, тарату;
- арнайы білім беру ұйымдарының түлектері және олардың ата-аналары (заңды өкілдері), сонымен қатар арнайы мектептердің басшылары мен педагогтары арасында осы санаттағы азаматтарды кәсіби бағдарлау, кәсіби-еңбекке дайындау, мамандықтарға оқыту және еңбекке баулу бойынша сауалнама өткізу.

***Зерттеу әдістері:*** алға қойған міндеттерді шешу және бастапқы жағдайларды тексеру мақсатында зерттеу нысаны мен пәнін ескере отыра өзара байланысқан және өзара орын басатын әдістер қолданылды:

- теориялық әдістер: зерттеу мәселелері бойынша психологиялық, педагогикалық, медициналық, әлеуметтану салалары бойынша әдістемелік әдебиеттер мен нормативтік құжаттарды зерттеу, пәнаралық талдау мен синтездеу; мүгедектігі бар тұлғаларды кешенді оңалту тәжірибесін зерттеу, зерделеу, салыстыру және жалпылау; мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар балалар, жасөспірімдер мен жастарды кешенді оңалту жүйесі мен үдерістерін модельдеу, болжау және жобалау;

- эмпирикалық бақылау әдістері: МШБ-ды жеке және кешенді оңалту бағдарламаларын талдау, кешенді түрде бақылау, сауалнама жүргізу, сұқбаттасу, түрлі сұрақтар қою, сұқбат алу, мамандардың құжаттарын талдау, деректерді материалдық тұрғыдан талдау әдістері, эмпирикалық мәліметтерді статистикалық талдау, нормативтік құжаттарды контент тұрғысынан қарастыру, тәжірибе-іздестіру қызметі, мүмкіндіктері шектеулі балалар мен жасөспірімдерді кешенді түрде оңалту жүйесін түзеу және жетілдіру.

Жұмыс барысында Қазақстан Республикасының арнайы білім беру ұйымдарының түлектеріне арналған әлеуметтік құндылықтар мен игіліктердің құрылымын ашып, дамуына ықпалдасатын жүйелілік көзқарасы мен құрылымдық-қызметтік әдісі қолданылды. Автордың ғылыми-зерттеу жұмысының эмпирикалық базасы ретінде мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар балалар, жасөспірімдер мен жастарға білім беру, оларды әлеуметтік тұрғыдан қорғау және қолдау салаларында бар халықаралық Декларациялар, Шарттар, Конвенциялар, Қазақстан Республикасының ресми нормативтік-құқықтық құжаттары мен заңнамалық актілері қарастырылды; мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектіктің түрлі формалары бар тұлғаларды кәсіби-еңбекке оқыту және еңбекпен оңалту мәселелері бойынша отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері; автордың мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар балалар, жасөспірімдер мен жастарға білім беру, оларды әлеуметтік тұрғыдан қорғау, кәсіби оңалту және қолдау арқылы өмір сүруін қамтамасыз ету мәселелерімен айналысып жүрген ғалым, жастайынан мүгедектігі бар ересек тұлғаның анасы, азаматтық қоғам белсендісі әрі заңгер ретінде ғылыми, сараптамашылық әлеуеті және өмірлік тәжірибесі; осы Әдістемелік ұсынымдардың авторының бұған дейінгі жылдары аналитикалық, ғылыми-зерттеу және қоғамдық қызметтерінің барысында орындаған ***«Қазақстан Республикасының арнайы білім беру ұйымдарының түлектерін еңбекпен оңалту»*** және ***«Қазақстан Республикасының арнайы білім беру ұйымдарының түлектерін кәсіби-еңбекке оқыту»*** тақырыптары бойынша ғылыми-зерттеу еңбектерінің нәтижелері қолданылды.

## 1-Тарау. Мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғаларды кәсіби-еңбекке оқыту және кәсіби оңалтудың Концептуалды негіздері

Қазіргі таңда балалар, жасөспірімдер мен жастарды кәсіби бағдарлау мен еңбекке дайындау үдерістерін тиімді түрде ұйымдастыру еліміздің маңызды мемлекеттік міндеттерінің бірі болып табылады. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 2019 жылдың қыркүйек айының 2-ндегі ***«Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі»*** атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біз оқушылардың қабілетін айқындап, кәсіби бағыт-бағдар беру саясатына көшуіміз қажет. Бұл саясат орта білім берудің ұлттық стандартының негізі болуы тиіс», – деген ұсыныс берді [2].

Кәсіби бағдарлау оқушылардың мамандықтар әлемімен танысуы, өзінің кәсіби жолын таңдауы және еңбектену арқылы әлеуметтенуіне ықпалдасу ғана емес, онымен қоса еліміздің еңбек ресурстарын қалыптастыру, жұмыспен қамту жүйесі және қоғамымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер етеді.

Қазіргі уақытта қазақстандық қоғамда арасында зиятында бұзылыстары бар мүмкіндіктері шектеулі балалар мен жасөспірімдердің кәсіби-еңбекке дайындығы ең маңызды әрі өзекті мәселелердің бірі болуда. Мәселені анықтайтын себептердің бірнешеуі ретінде зерттеушілер төмендегілерді белгілейді: өмірге бейімделуі және әлеуметтенуіне ықпалдасатын қарапайым еңбек дағдылары мен белгілі бір еңбек профилін меңгере алмай отырған балалар санының ұлғаюы; аталмыш санаттағы балалар мен жасөспірімдердің мамандықтарды игеріп, кәсіби дайындықтан өтіп, ары қарай жұмыспен қамтамасыз етілуіне байланысты қабілеттері мен мүмкіндіктеріне жалпы ортаның күмәнмен карауы; зиятында бұзылыстары бар тұлғалардың қазіргі еңбек нарығына шығуына бағытталмаған мамандықтардың тізім т.б. [3].

Зиятында бұзылыстары бар тұлғалардың көпшілігі еңбек әрекетіне қабілетті екендігі жалпыға мәлім. Еңбек дағдыларын орындауға байланысты қызметтердің жүзеге асуына олардың жалпы әлеуметтік және еңбекке бейімделуіне ықпалдасатын арнайы жағдайлардың жасалуы керек екендігі бәрімізге белгілі. Менталды бұзылыстары бар тұлғалардың әлеуметтенуінің басты факторы ретінде зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған мектеп түлектерінің белгілі бір мамандықты игеріп, еңбекке араласуы кезінде жан-жақтан және түрлі деңгейде қолдауға мұқтаж екендігін айтуға болады.

Мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғалардың кәсіби бағдарлануы жеке басының қабілеттері, мүмкіндіктері, мүдделері және қажеттіліктеріне сәйкес кәсіби таңдауын жүзеге асыруға бағытталған білім беру және тәрбиелеу әрекеті ретінде қарастырылады. Бұл үшін қажет білім, икем мен дағдыларды игеріп, сонымен қоса кәсіби бағытталуын қалыптастыру қажет.

Кәсіби бағдарлау және кәсіби таңдау мәселелері педагогикалық ғылымның маңызды аспектілерінің бірі болып табылады. Қазіргі таңда педагогикалық практикада МШБ және мүгедектігі бар тұлғаларды кәсіби бағдарлау мәселелері өзектенуде, дәстүрлі қоғамға тән қоғамдық қарым-

қатынастардан заманауи қатынастарға ауысу үдерісі болуда екендігін бәріміз байқаудамыз. Талқыланып отырған тақырып аясындағы негізгі ұғымдар мен үдерістерге нақтырақ тоқталып өтсек.

***Кәсіби бағдарлау*** дегеніміз – әр адамның мамандық пен кәсіпті таңдау барысында көмек беру мақсатындағы оның бойындағы жеке қасиеттері, қабілеттері мен мүдделерін анықтауға бағытталған мақсатты шаралар жүйесі. ***Кәсіби сұрыптау*** – белгілі бір мамандық бойынша оқытылып, кәсіби қызмет етуге өзінің жеке қасиеттеріне сәйкес жарамды адамдарды анықтауға мүмкіндік беретін шаралар жүйесі. ***Кәсіби жарамдылық*** – белгілі бір кәсіби қызметті меңгеру бойынша адам баласының мүмкіндіктерін байқататын ықтималдылық сипаттамасы.

Мүгедектігі бар тұлғаларды кәсіби бағдарлау олардың медициналық, психологиялық және басқа да белгілерін ескере отыратын кешенді көзқарасты қарастырады. Медициналық аспект мүгедектігі бар тұлғалардың денсаулық жағдайын зерттеу және клиникалық бағалауды көздейді: аңғарымы мен ағзасының белгілі бір қызметтерінің байқалу дәрежесі, қайта орнына келу мүмкіндіктері, клиникалық және еңбек ету болжамы; түрлі жұмыстарды атқаруға байланысты медициналық қарсы көрсетілімдерді ескеру жағдайы. Психологиялық аспект мүгедектігі бар тұлғалардың еңбек етуге көзқарастары мен бейімдері, кәсіби мүдделері, икемдері, еңбек етуге уәжі, жүйке жүйесі мен мінез-құлығын бағалау, психомоторикасының даму деңгейін бағамдау, эмоционалды-ерік саласы және зиятының ерекшеліктері, тұлғаның жеке қасиеттерін бағалау, психикалық түзету жұмыстарын жүргізу т.б. қамтиды. Әлеуметтік аспект жынысы, жасы, білімі, негізгі мамандығы мен кәсіби маршруты, отбасылық жағдайы, тұрғын үйінің болуы және тұрмыстық жағдайларын ескереді. Кәсіби бағдарлау әрекеті мамандықты ауыстыру мүмкіндіктерін қосқанда мамандық таңдау бойынша кеңес алу және ақпараттық қамтамасыз ету; мамандық туралы толыққанды сұқбат құруды қамтитын кеңесті ұйымдастырып, өткізу; нақты жағдайда кәсіби білім беруге ықпалдасу мүмкіндіктерімен таныстыру; кәсіби оқыту орнын іздеу барысында қолдау көрсетуді көздейді. Кәсіби бағдарлау құзыреттіліктеріне мүгедектігі бар тұлғаның жеке мүдделерін медициналық және психологиялық әдістер арқылы анықтау және кәсіби таңдауды жүзеге асыру жатады. Белгілі бір бұзылыстары бар балалар мен жасөспірімдер және мүгедектігі бар жастарды кәсіби бағдарлау мектеп, ата-аналар мен МШБ және мүгедектігі бар тұлғалардың өзі қатысатын болашақ мамандықты таңдаудағы жүйелі және мақсатқа бағытталған үдеріс негізінде жүзеге асырылады.

***Кәсіби білім беру*** дегеніміз – ұсынылып отырған кәсіби қызмет саласында білім, икем және дағдыларды игеру үдерісі мен бүкіл жүйесі. Кәсіби білім беру мүгедектігі бар тұлғаның жұмыспен қамтамасыз етілуіне толыққанды кепіл бермейді. Мүгедектігі бар адамның кәсіби білімі мен еңбек дағдыларының жоғары деңгейі ғана оны еңбек нарығында бәсекеге қабілетті қылып, мүгедектігі жоқ азаматтармен тең дәрежедегі мүмкіндіктерді туындатады. Кәсіби сұрыптау кәсіпке қатысты маңызды қасиеттерді зерттеу

әдістерін қолдана отыра оңалтылып отырған тұлғаның мүмкіндіктері, қабілеттері мен мүдделерін және еңбек нарығындағы жағдайды ескере отыра белгілі бір мамандықтар бойынша таңдау қажеттілігі туындағанда жүзеге асырылады. Психодиагностикалық амалдарды қолдану арқылы болатын кәсіби сұрыптау кезінде МШ тұлғаны психикалық диагностикадан өткізу барысында сақталған жоғары психикалық қызметтерді анықтау, бойында бар бұзылыстарды түзеу, барынша жұмыс жасауға мүмкіндік бар қызмет ету жағдайлары мен режимдеріне бағытталған екендігін ескеру керек. Бұндай жағдайда зиятында бұзылыстары бар тұлғаларға қатысты не деуге болады?

Кәсіби оңалту жүйесінде МШБ мен мүгедектігі бар тұлғаларды психологиялық тұрғыдан қолдау маңызды орын алады. Мүмкіндіктері шектеулі азаматтарды кәсіби бағдарлау үдерісі барысында өзіне төмен дәрежеде баға беру, өзінің қабілеттері мен мүмкіндіктеріне сенбеу, үнемі сәтсіздіктен қорқу және оны күтіп отыру т.с.с. жағдайлар мамандық таңдауда кері әсерін тигізеді. Жоғарыда аталған санаттардағы тұлғалармен жұмыс барысында олармен жақсы қарым-қатынас орнату, серіктес ретінде болу, қарым-қатынас кезінде ашықтық таныту өте маңызды. Олармен сұқбаттасу кезінде алаңдаушылыққа жол бермей, қасиеттерін тестілеу кезінде кәсіби оңалту мен еңбекке араласуға қатысты дұрыс емес ұстанымдарды жою керек.

Мүгедектігі бар және мүмкіндіктері шектеулі азаматтарды оңалту өте күрделі және көп салалы үдеріс болып табылады. Кәсіби оңалту барысында медициналық, кәсіби және әлеуметтік аспектілер тең дәрежеде маңызды. Мүмкіндіктері шектеулі кез келген жастағы тұлғалар мен мүгедектігі бар азаматтардың мәселелерін шешуде және олардың қазіргі замандағы қазақстандық қоғамға кірігуіне ықпалдасатын кәсіби оңалту үдерістеріне басты назар аудару қажет. Мүгедектігі бар тұлғалардың оңалтылуы кезінде түрлі кезеңдер мен үдерістер болатынын ескеру қажет. ***«Кәсіби оңалту»*** анықтамасына тоқталсақ, ол мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғалардың кәсіби еңбекке оралу үдерісі немесе алғаш рет келу жүйесін білдіреді.

Онымен қоса белгілі ғалымдар берген мынадай анықтама да бар: ***«кәсіби оңалту*** дегеніміз – денсаулық жағдайы, жеке бейімдері мен мүдделеріне сәйкес мүгедектігі бар тұлғаны қоғамға пайдалы еңбекке қайтару немесе алғаш рет тартуға бағытталған шаралар жүйесі» [4, 141]. Әдетте кәсіби оңалтудың соңғы кезеңдегі мақсаты ретінде мүгедектігі бар тұлғаны дұрыс әрі нәтижелі түрде жұмыспен қамтамасыз ету қарастырылады. Оңалтудың бұл түрінің көптеген анықтамалары еркін еңбек нарығында мүгедектігі бар тұлғаның бәсекеге жарамды әрекет етуін қамтамасыз ететін белгілі бір мамандықты игеруді көздейді. Дегенмен мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғалардың арасында жеке ерекшеліктері мен денсаулық жағдайларына байланысты еркін еңбек нарығында ешқашан бәсекеге қабілетті бола алмайтын санаттағы азаматтар бар екендігін, олардың арасында менталды бұзылыстары бар тұлғаларды ерекше атап өткіміз келеді.

Ғылыми қайнаркөздерде ***кәсіби оңалту*** ретінде мүгедектігі бар тұлғалардың бұзылған немесе жойылған дағдылары, білім мен икемдерін игеру не орнына келтіру, оларды бейімдеу және жұмысқа орналастыруға бағытталған шаралар кешенін түсіну қалыптасқан. Кәсіби оңалту жүйесі төмендегі шаралар, қызметтер мен техникалық құралдарды қамтиды:

- кәсіби бағдарлау (кәсіби ақпараттандыру және кеңес беру, кәсіби сұрыптау мен таңдау);
- кәсіби тұрғыдан өзін анықтауды психологиялық тұрғыдан қолдау;
- кәсіби оқыту (қайта оқыту) және еңбекке дайындау;
- әлеуметтік-еңбек және кәсіби-өндірістік бейімдеу бойынша шаралар;
- жұмысқа орналасуға ықпалдасу (уақытша және тұрақты жұмыстарға орналастыру кезінде қолдау көрсету, өздігінен жұмыспен қамтамасыз ету немесе әлеуметтік кәсіпкерлік);
- мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғаларға арналған арнайы жұмыс орындарын дайындау және квота бөлу;
- мүгедектігі бар тұлғалардың еңбегін қолданатын өндірістерді дайындау;
- жоғарыда аталған санаттағы азаматтарды динамикалық тұрғыдан бақылау және жұмысқа орналастырудың тиімділігін бағамдау [4; 5].

Жалпы алғанда мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғаларды жұмысқа орналастыру түріндегі кәсіби оңалту шаралары мемлекет үшін экономикалық тұрғыдан тиімді. Кәсіби білім беру мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғаларды кәсіби оңалтуда маңызды рөл атқарады, себебі осы жағдай мүгедек азаматтардың тең дәрежелі мүмкіндіктер қағидасын жүзеге асыруға негіздеме болып табылады. Онымен қоса мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғалардың білім алуына жұмсалған қаражат салықтарды төлеу түрінде қайтарым ретінде болады. Жоғарыда аталған азаматтардың санаттарын кәсіби оқыту және жұмыспен қамтамасыз ету тәуелсіз өмір сүру тұжырымдамасын жүзеге асырып, өздігінен қаражат тауып, толыққанды өмір сүруін қамтамасыз етіп, оларға қатысты мемлекет тарапынан үнемі шығындану қажеттіліктерін алып тастайды. Кәсіби қызметпен айналысу мүмкіндігін шектеу жағдайында мүгедектігі бар тұлғаларды оңалту үлкен көлемдегі жүктememен қоғамның жауапкершілігіне артылатынын атап өткіміз келеді.

Зерттеушілердің пікірі бойынша мемлекет мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғалардың әлеуметтік қамсыздандырылуын қамтамасыз ете отыра олардың жеке дамуына қажетті жағдайлар жасап, шығармашылық және өндірістік мүмкіндіктері мен қабілеттерінің іске асырылуында мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес заңнамада қарастырылған түрде әлеуметтік көмек көрсетіп, денсаулық сақтау, білім алу және кәсіби дайындық, еңбекке араласу, тұрғын үй және т.б. әлеуметтік-экономикалық құқықтарды қамтамасыз етумен толыққанды айналысуы керек [6].

Кәсіби оңалту жұмысының құрамдас бөлігі ретінде кәсіби оқыту қарастырылады. Менталды бұзылыстары бар балалар мен жасөспірімдерді

кәсіби-еңбекке дайындаудың кез келген түрі мен әдісін таңдауда мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғалардың білім алуға жарамдылық жағдайларын ескеру керек. Бұл жайт кәсіби бағдарлау барысында талдау жасау және басқа да психологиялық-педагогикалық аспектілерді ескеру қажеттілігін туындатады. Зиятында бұзылыстары бар тұлғаларды кәсіби оқытудың нақты жағдайлары кәсіби оңалту жолында өзіне тән қиындықтарды туындататынын байқадық. Олар басқа да білім алушылар сияқты бірден және тез кәсіби дайындық бағдарламасын игеру мүмкіндігі болмай қалады. Едәуір түрде зиятында бұзылыстары бар білім алушылардың материалды түсінуі және меңгеруде қиындықтар болуы мүмкін екендігі бәрімізге мәлім. Осындай жағдайлар зиятында бұзылыстары бар тұлғаларды кәсіби-еңбекке дайындау барысында ескерілуі қажет.

***Кәсіби-өндірістік бейімделу*** – мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғалардың бейімделуі арқылы нақты өндіріс жағдайында кәсіби қызметке қатысты талаптарды орындаумен байланысты өндірістік жүктеменің жоғары деңгейін анықтау үдерісі мен жүйесі. Белгілі бір бұзылыстары және мүгедектік түрі бар азаматтарды кәсіби оңалтудың соңғы кезеңі ретінде жұмысқа тұрақты түрде орналасуы қарастырылады. Нәтижелі түрде жұмысқа орналасып, еңбек ету мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғалардың дене және психикалық ерекшеліктеріне сәйкес еңбек жағдайлары мен мазмұнын белгілеп, оларға ұсынылған кәсіби қызметтің әлеуметтік-экономикалық теңдігін білдіреді. Қазіргі таңда елімізде МШ және мүгедектігі бар тұлғалардың, әсіресе менталды бұзылыстары бар, жұмыспен қамтамасыз етілуі күрделі үдеріс ретінде қарастырылуда. Мүгедектіктің әртүрлі түрлері бар азаматтардың толыққанды түрде еңбек етіп, жұмыс жасауына ықпалдасатын әдістердің бірі ретінде еңбек нарығында белсенді әрі өзіне сенімді түрде еңбек етуді атап өткіміз келеді, ал зиятында бұзылыстары бар тұлғалар оны жүзеге асыра ала ма?

Өкінішке орай жоғарыда атап өткен мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғалардың кәсіби-еңбекке дайындығы мен оңалтылуы жағдайлары қазірі уақытта іс жүзінде толыққанды емес. Елімізде менталды бұзылыстары бар ересек тұлғалардың кәсіби дайындықтан өтуі бастауыш кезеңде тұр. Онымен қоса жұмыс берушілердің көпшілігі мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғалар, әсіресе менталды бұзылыстары бар азаматтарды, жұмыспен қамтамасыз етіп, жұмыс орындарын ұйымдастырып беру жағдайлары аз болуда.

Кәсіби бағдарлау мәселелерінің өзектілігі Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында да белгіленген. Халықаралық құжаттар мен еліміздің нормативтік-құқықтық актілері осы Әдістемелік нұсқаулықтың келесі Тарауында қарастырылып, талданады.

***Кәсіби бағдарлау*** ғалым Н.Ф. Зеер бойынша жастардың қабілеттері мен бейімдерін, кәсіби және танымдық мүдделерін анықтап, дамытуда тұлғаға бағытталған көмек көрсету және нарық жағдайында, меншіктің әртүрлі құрылымы мен кәсіпкерлік жағдайларында еңбекке қажеттілік пен

дайындықты қалыптастыру бойынша әлеуметтік-экономикалық, психологиялық-педагогикалық, медициналық-биологиялық және өндірістік-техникалық шаралардың ғылыми негізделген жүйесі [7, 125]. Зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептің білім алушыларында болашақта мектеп түлектерінің мамандық таңдауы, Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарын бітіру кезеңінде қазіргі заманғы еңбек нарығына қатысуға бөгет жасайтын ерекше жеке ерекшеліктерінің төмендегідей түрлері болады:

• оқыту кезеңінен кәсіби еңбек саласына ауысу кезінде психологиялық тұрғыдан дайын емес болу;

• әлеуметтік тұрғыдан қорғалмай қалу себепті нақты өмірлік жоспардың болмауы;

• мамандықтың профилі мен мазмұнын анықтауда өзін дұрыс бағаламау және өзінің мүмкіндіктері мен қабілеттерін бағалауда толыққанды қалыптаспаған құзыреттіліктер;

• өндірістік шағын климаттың әсерін дұрыс бағамдауға қатысты қабілеттің болмауы, кәсіби қиындықтарды еңсеруге дайын болмауы.

Белгілі бір бұзылыстары бар азаматтардың тұлғалық даму ерекшеліктерін зерттей отыра мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғалардың қоғамға кәсіби тұрғыдан кірігуіне бөгет жасайтын әрі шешімі табылмаған өте күрделі мәселелер қатары бар. Бұндай мәселені шешу кезінде зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған мектеп түлектерін кәсіби бағдарлау, кәсіби сұрыптау және кәсіби тұрғыдан өзіне өзі баға беру бойынша ұйымдастыру-әдістемелік және практикалық шаралар жүйесі маңызды рөл атқаруы әбден мүмкін. Бұл жүйе мамандықтар әлемі туралы ақпаратты беріп қана қоймай, кәсіби бағдарлаудың негізін қалап, оқушылардың жеке тұлға ретінде дамуына ықпалдасып, жеке психологиялық ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін өзара бағамдау қасиеттерін қалыптастыруды алдына мақсат ретінде қояды. Түзету мектебінде кәсіби бағдарлау жұмысы білім алушылардың кәсіби тұрғыдан өзін-өзі белгілеу үдерісін өзектендіруге бағытталуы керек.

Зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептегі ***кәсіби бағдарлау жұмысының*** негізгі мақсаттары ретінде төмендегілер анықталған:

✓ білім алушылардың өзі, мамандықтар әлемі және еңбек әрекеті туралы ақпаратты алуды қосқанда олардың әрекеттерін ұйымдастыру арқылы өзін кәсіби тұрғыдан анықтау үдерісін өзектендіру;

✓ білім алушылардың қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық жағдайларға кәсіби тұрғыдан бейімделу қабілеттерін дамыту;

✓ оқушының бойында кәсіби қызметтің белсенді әдістері арқылы еңбекке деген шынайы көзқарасы, адам өмірі мен қоғамда еңбектің рөлін дұрыс түсіну, мамандық таңдауға пейілі, еңбек әрекетіне қызығушылықты дамыту сияқты қасиеттерді қалыптастыру;

✓ мамандық таңдау және қоғамда өз орнын табумен байланысты мүдделер, қабілеттер, қоғамдық құндылықтарды сезіп, бағалауды қалыптастыру;

✓ мамандықтар туралы көзқарас, кәсіби тұрғыдан өсу мен шеберлік, кәсіп таңдау ережелері, өзінің жеке мүмкіндіктерін таңдап отырған мамандықтың талаптарына сәйкес дұрыс бағалау туралы ақпаратты қалыптастыруға ықпалдасу.

Мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғалар үшін жұмыс жасау өзіне баға беруді жоғарылату және жеке тұлғаны дамыту амалы ретінде ғана маңызды емес, онымен қоса оған жеке өмір сүруге экономикалық жолды қамтамасыз етіп, халықты әлеуметтік қорғау саласының қызмет алушысынан салық төлеуші мәртебесіне жетуге көмектеседі. Осы тақырыпты талдау барысында менталды бұзылыстары бар тұлғаларды күндізгі уақытта жұмысқа тарту, олардың еңбек дағдыларын дамыту, жұмысқа орналастыру арқылы өздігінен әрекеттенуі, еңбек ету міндеттемелерін орындау және жұмыс жасауға байланысты қолдау көрсету сияқты мәселелермен байланысты сұрақтар туындайды.

Бұдан ары психоәлеуметтік мүгедектігі бар тұлғалардың жұмысқа орналасып, қолдау арқылы еңбек етуі мәселелерін талқылайық деп едік. Қолдау арқылы жұмыс жасау мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар қызметкерлерге сәйкесінше жұмыс орнын дайындау, кәсіби бағдарлау бойынша қызметтер атқару, оқу және қызмет ету барысында қолдау көрсету жұмыс жасау барысында барынша өздері мен жұмыс берушілердің маңызды оң нәтижелерге жетуін көздейді. Қазіргі таңда арасында әлемнің көптеген елдерінде зиятында бұзылыстары бар түрлі мүгедектікке тап болған адамдар қолдаудың көмегімен еңбек ету бағдарламалары арқылы ашық еңбек нарығында табысты жұмыс жасауда. Қолдау арқылы жұмыс жасау модельдері кіші және ірі бизнес өкілдері, дамуында ерекшеліктері бар адамдар, олардың жақын айналасы және жалпы алғанда қоғамға пайда келтіріп, әлеуметтік тиімділік беруде.

Қолдау арқылы жұмысқа орналастыру моделі алғаш рет XX ғасырдың 70-80-жылдары АҚШ, Канада және скандинавиялық елдерде дайындалып, қолданыла бастады. Одан кейін бұл модель жұмыс іздеп, жұмыс орнын сақтап қалуда қиындықтарға тап болатын басқа да мақсатты топтардың жұмысында да қолданыла бастады.

Ағылшын тілді әдебиеттерде ***«supported employment»*** атауы *«қолдау арқылы еңбек ету»* мағынасында қолданылады. Бұл концепция мүгедектігі бар адамдардың еңбекке құқығы мен оларды кемсітуді еңсеруді жүзеге асыруға бағытталған төмендегідей түрлі қолдау шараларын көздейді: мүгедектігі бар тұлғаларға арналған жұмыс орындарын квоталау, жұмыс орындарын ұйымдастыру, ашық еңбек нарығында жұмыс іздеу және жұмысқа орналастыру, жұмыс жасау барысында жұмыс орындарында және жұмысқа орналасқаннан кейін қолдау көрсетуге ықпалдасуды мақсат етіп отырған қызметтерді қаржыландыру. Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа

орналастыру, жұмыспен қамту және жұмыс орнын сақтап қалуды қамтамасыз етудің мемлекеттік қолдау жүйесі әр елде өзінше ерекше, жергілікті заңнамаға тәуелді әрі қолдау көрсетудің тарихи тұрғыдан қалыптасқан институттарына байланысты.

Қолдау арқылы еңбек ету моделінің пайда болуы мен дамуы мүгедектігі бар тұлғалардың қажеттіліктері мен құқықтары туралы түсініктердің өзгеруіне байланысты. Қолдаумен жұмыс жасау жүйесінің дамуына мүгедектігі бар тұлғаларды деинституализациялауға бағытталған қозғалыс ықпал етті. Ол үдеріс интернаттар мен басқа да жабық мекемелерде тұрудан отбасында немесе топтық, қолдау арқылы тұру үйлерінде өмір сүруді білдіреді. Дамуында бұзылыстары бар адамның өзінің замандастарынан еш айырмасы жоқ болуы, сәйкесінше балалар құрдастарымен ойнап, білім алу мүмкіндігіне ие болса, ересек тұлғалар жұмыс жасап, бос уақытын жоспарлап, басқа адамдармен қарым-қатынасын құра алатын қалыпты жағдайға келу тұжырымдамасы да қолдау арқылы жұмыс жасау жүйесіне әсер етті.

Қолдау арқылы еңбек етудің алғашқы моделдері пайда болғанша зиятында бұзылыстары бар адамдардың уақытын өткізу және бір нәрсемен айналысу мақсатында оңалту орталықтары, яғни қазіргі таңда Қазақстан Республикасында қызмет етіп отырған күндізгі орталықтар не болмаса Арнайы әлеуметтік қызметтер Орталықтары немесе арнайы шеберханаларда сабақ өткізу болған. Бұндай бағдарламалар еңбекпен оңалтуға бағытталып, дамуында ерекшеліктері бар ересек тұлғалардың отбасыларының өмірін жеңілдету үшін құрылған еді. Болашақта жұмысқа орналастыруға дайындық оңалту бағдарламалары мен арнайы шеберханалардың жұмыстарының мақсаттарының бірі болуда.

Қолдау арқылы еңбек ету бағдарламалары көптеген мемлекеттерде бар, әр елде өз ерекшелігіне сәйкес жүзеге асырылуда: кейбір жерлерде олар мемлекеттік бағдарламалар ретінде, ал өзгелерінде жеке бастамалар түрінде болуда. Қолдау бағдарламасымен жұмысқа орналастырудың жалпы қағидаларын былайша белгілеуге болады: бағдарламаның әр қатысушысына арнайы жеке жоспарлаудың болуы; жұмыс орнында оқыту; кірігу үдерісі (бағдарламаға қатысушылар басқа да қызметкерлер сияқты бірдей жағдайда жұмыс жасайды), ұзақ уақыт бойы жұмыс орнында көмектесу және қолдау көрсету [8]. Бұндай көзқарас еңбек және әлеуметтік дағдыларды оқу саласынан жұмысқа аударуға мүмкіндік береді. Бағдарлама қатысушысын қолдап отырған маман ол тұлғаға бастапқы кезеңде еңбек міндеттемелерін орындауға көмектесіп, басқа қызметкерлермен қарым-қатынасын орнатуға ықпалдасады.

Қазақстанда қолдау арқылы еңбек ету және жұмысқа орналасу тәжірибесі әзірге толыққанды жүзеге асырылған жоқ. Еліміздің нормативтік-құқықтық актілері және түрлі ведомстваларының ресми құжаттарында осы үдеріске қатысты ұғымдар жоқ, әлеуметтік құрылымға осындай жаңалықтың енгізу механизмі жазылмады, мүгедектігі бар тұлғалардың өміріне енгізілмеді. Жұмыс берушілер және менталды бұзылыстары бар немесе психоәлеуметтік

мүгедектікке тап болған жастардың отбасыларының ақпараттануының төменгі деңгейі байқалды. Сонымен қоса тұрақты түрде қолдау арқылы жұмысқа орналастыру бағдарламалары мен қолдау қызметінің мамандарының болмауы нәтижелі жұмыс жасауға қабілетті адамдардың мүгедектігі бар тұлғаларға арналған арнайы кәсіпорындарда жұмыс жасап, көп жағдайда үйде отырып қалып, ештеңемен айналыспай, нәтижесінде арнайы мектеп немесе Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында игеріп, қол жеткізген өмірлік дағдылары мен икемдерінен айырылып қалу жағдайлары анықталды.

Қолдау арқылы жұмысқа орналастыру қызметі жұмысының негізгі қағидалары біз қарастырған төмендегі практикалық материалдарда бар. Осы бағыттың басты басымдықтары белгіленген мынадай тезистермен бөлісуді жөн көрдік:

***1. Жеке көзқарас.*** Қолдау арқылы жұмысқа орналастыру қызметі әр үміткерге өзінің мүддесі, таңдаулары, ерекшеліктері мен өмірбаяны бар ерекше тұлға ретінде қарайды.

***2. Үміткерлерге құрмет көрсетіп, өзін-өзі анықтауда қолдау көрсету.*** Қолдау арқылы жұмысқа орналастыру қызметі әр үміткердің қасиеттерін жасы, жынысы, ұлты мен дінге көзқарасына қарамастан ерекше бағалап, әр тұлғаға өзінің мүмкіндіктерін жүзеге асыруға көмектеседі. Аталмыш қызмет үміткерлерге қызығушылықтары мен мықты жақтарын дамытуға ықпалдасып, қызмет ету саласын таңдап, мүмкіндіктері мен қалауларына сәйкес өмірлік жоспарын құрып, өзінің құқықтарын қорғауға көмектеседі.

***3. Мамандықты саналы түрде таңдауға дайындықты қалыптастыру.*** Қолдау арқылы жұмысқа орналастыру қызметі үміткерлерге қабылданған шешімдерді толыққанды түсіну арқылы сәйкес келетін мамандықты таңдауға байланысты өзінің мүмкіндіктері мен қалауларын сезінуге ықпалдасады.

***4. Еңбек құқықтарын жүзеге асыруға арналған мүмкіндіктерді қамтамасыз ету.*** Қолдау арқылы жұмысқа орналастыру қызметі үміткерлерге өзінің болашағы мен қоғамдық өмірге араласуына байланысты өздігінен шешім қабылдауға ынталандырады. Үміткерлер көп жағдайда жұмысты жоспарлау және бағалау, қызметті дамыту үдерістеріне тартылады.

***5. Құпиялылық.*** Қолдау арқылы жұмысқа орналастыру қызметі үміткерден алған барлық ақпараттың құпиялылығына кепілдік береді. Қызмет жинақтаған ақпарат пен мәліметтерге үміткердің толыққанды қолжетімділігі бар. Деректерді ашу үміткердің келісімімен болады.

***6. Икемділік.*** Қызметтің қызметкерлері әдістерді тұтынушылардың қажеттіліктеріне бейімдеуге қабілетті. Қолдау арқылы жұмысқа орналастыру қызметтері клиенттердің жеке қажеттіліктері мен ерекше талаптарына сәйкес болуы керек.

***7. Қолжетімділік.*** Қолдау арқылы жұмысқа орналастыру қызметтері, қызмет көрсету тәсілдері және олар туралы ақпарат түрлі мүгедектігі бар адамдарға толыққанды қолжетімді болуы керек [9].

Ата-аналармен жұмыс жасау жас ұрпақты кәсіби бағдарлау және еңбекке даярлаудың негізгі түрлерінің басты бөліктері болып табылатынын ерекше атап өткіміз келеді. Мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар балалар мен жастарды кәсіби бағдарлау аумағында жұмыс жасаудың бір түрі ретінде МШ немесе мүгедектіктің белгілі бір түрі бар бала не жасөспірімнің отбасымен өзара әрекеттесу болып табылады. Ата-аналар мен балалардың заңды өкілдерін балаларының мамандық таңдауы, одан кейін кәсіби білім алу жері және жұмысқа орналасу мүмкіндіктері алаңдатады. Әдетте ата-аналар балаларына қатты әсер етеді, сол себепті баланың ата-анасы қатыспай өздігінен болған мамандық таңдау үдерісінің тиімділігі аз.

Зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің түлектерінің ата-аналарымен жұмыстың басты бағыттары ретінде төмендегі үдерістер кәсіби бағдарлаудың көрсетілген түрінің жүзеге асырылу мысалдары ретінде болуда:

1. Ата-аналар жиналыстарында түлектердің кәсіби тұрғыдан өзін-өзі анықтаудың мүмкін болатын болашағын талқылау: мамандықтар түрлерін таңдау, дайындық бағыттары, колледждерге дайындау бойынша қосымша сабақтар (мектеп негізінде немесе басқа да жерлерде) т.б.-мен байланысты жалпы мәселелер, осы мектепте және бұл сыныпта жүргізіліп отырған кәсіби бағдарлау жұмысы бойынша ата-аналарға ақпарат беру. Ата-аналармен өзара байланыстың маңызды шарты ретінде кәсіби бағдарлау бойынша жоспарлар мен шараларды бірлесе отыра дайындау болып табылады.

2. Кәсіби бағдарлау бойынша ата-аналар және заңды өкілдермен лекторийлерді ұйымдастырып, өткізу.

3. Білім алушылар, олардың ата-аналары, бұған дейінгі жылдардың мектеп түлектері, колледждердің оқытушылары мен мамандары, мүмкіндігіне қарай үкіметтік емес ұйымдар мен кәсіпорындардың өкілдерін шақыра отырып кәсіби тұрғыдан және жеке тұлға ретінде өзін-өзі анықтау мәселелері бойынша пікірталастар мен пікір алмасуды ұйымдастыру. Сонымен қоса ата-аналармен топтық кеңестер өткізу ақпараттық сипатқа ие. Оның мақсаты ретінде ата-аналарды белсендіру, олардың отбасында еңбекке қатысты тәрбие беруге жауапкершілігін нығайту, балалардың саналы түрде кәсіп пен мамандықты таңдауын қалыптастыру жұмысына қатыстыру, еңбек нарығында талап етіліп отырған мамандықтар, жалпы еліміз, қаламыз, ауданымыз, тұрғылықты жерімізде еңбек нарығының даму болашағы туралы ақпаратты беру үдерісі болып табылады.

4. Жеке сұқбаттасу және кәсіби мәселелер бойынша кеңес беру. Бұл жерде ата-аналарға кеңес беру, ата-аналардың өз мамандықтары бойынша балаларымен бірлесе отыра кеңес беріп, сұқбат құруы мүмкін. Жеке жұмыста балаларының қабілеттері, қызығушылықтары, икемділігі т.б. қасиеттері туралы ата-аналарды ақпараттандыруға ғана көңіл аудармау керек, сонымен қоса кейбірде денсаулық жағдайына қатысты шектеулер, кәсіпорындардағы нақты жағдайлар, еңбек нарығындағы жағдаят пен болжамдарына сәйкес көзқарастары мен тұжырымдарын түзеу керек.

5. Төмендегілер арқылы ата-ана мен баланың арасындағы сенімді байланысты құру:

- ✓ бірлесе отырып тапсырмаларды орындау;
- ✓ топтық тренингтер мен кәсіби бағдарлау бойынша ойындарға қатысу;
- ✓ психологқа бару.

6. Қиындықтар туралы жедел түрде ақпарат алу үшін отбасымен белгілі түрде байланысты қолдау ұсынылады.

Отбасымен жеке жұмыс жасау барысында ата-аналардың балаларымен жағымды көңіл-күймен байланысын сақтап қалу, олардың арасындағы серіктестік байланысты орнату және қолдауға ерекше назар аудару керек.

Қарастырылып отырған мәселе бойынша арнайы педагогикалық және психологиялық әдебиеттерді талдау мынадай қорытындылар жасауға мүмкіндік берді: мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғаларды кәсіби-еңбекке оқыту олардың жеке қасиеттері, жасы, дене және психикалық ерекшеліктерін ескере отыра жүзеге асырылуы керек. Зиятында бұзылыстары бар жоғары сынып оқушыларының кәсіби бағыттағы еңбек дағдыларын қалыптастыру барысында мектеп, отбасы және қоғамның өзара әрекетіне қол жеткізу керек. Кәсіби-еңбекке оқыту білім алушылардың жан-жақты дамуына ықпалдасады. Ол тұлғаның денесі мен ақыл-ойының жетілуі, эстетикалық және рухани дамуына едәуір үлесін қосады. Кәсіби-еңбекке оқыту үдерісінің негізгі міндеті – білім алушылар мен тәрбиеленушілерді белгілі бір мамандық және біліктілік бойынша жұмысқа қажет кәсіби дағдылар және икемдермен қаруландыру.

Мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғаларды кәсіби тұрғыдан тиімді түрде оңалту мақсатында білім алушылардың жоғарыда көрсетілген санатында еңбек әрекетіне уәжденуі, әлеуметтенуі және ортасының дамуын қалыптастыруға мүмкіндік беретін кәсіби бағдарлау, кәсіби-еңбекке дайындау және кәсіби оңалтудың кешенді жүйесі қажет.

Жұмыс жасауға ниеті бар, жұмыс ортасына тереңдетіле әлеуметтену арқылы еңбек етуге мұқтаж менталды бұзылыстары мен мүгедектігі бар тұлғаларды жұмысқа орналастыру біздің елімізде де сирек жағдай емес. Психоәлеуметтік мүгедектігі бар адамдар көп жағдайда ерекше қасиеттері мен қабілеттерінің арқасында өзінің бағасыз үлесін қосып отырған түрлі жобаларға тартылуда.

Өкінішке орай қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында зиятындағы бұзылыстар мен психоәлеуметтік мүгедектік сияқты ерекшеліктер жұмыс жасауға ниетті мүмкіндіктері шектеулі адамдарға еңбек әрекеті сияқты арманында жүрген мақсатына жету жолында әжептәуір кедергі болуы мүмкін. Көп жағдайда құжаттарды жауапкершіліксіз немесе толыққанды назар аудармай безендіру немесе мүгедектікті тағайындау және сәйкесінше медициналық-әлеуметтік сараптамадан өтумен байланысты.

Денсаулығының менталды саласында бұзылыстары бар адамның жолында кейбір аспектілерде басқа елдерден ондаған жылға артта қалып отырған толыққанды жетілмеген құқықтық жүйе кедергі болуы мүмкін.

Мүгедектігі бар тұлғалардың арасында бөлек санат болып отырған психәлеуметітк мүгедектігі бар адамдардың өміртіршілігін заң тұрғысынан реттеуде заңнамалық негіздің болмауына орай осы топтағы азаматтарға атқарып отырған әрекеттесудің барлық түрлері тиімді емес болуы мүмкін. Олардың арасында жұмыс орнын дайындау, еңбек ету барысында бейімдеу мен қолдау көрсету бойынша қызметтер де бар. Осы орайда Қазақстан Республикасында тірек-қимыл аппаратында, есту және көру қабілеттерінде бұзылыстары бар тұлғаларға арнайы жұмыс орындарын құру Стандарттары жасалғанын атап, психоәлеуметтік мүгедектігі бар азаматтар назарға алынбай қалғанын, оларға қатысты стигмалар мен стереотипті пікір қалыптасқанын басты назарға аламыз. Біздің елімізде «кемсітудің ішінде кемсіту» жағдайлары бар, бұндай жағдай туралы біз жай ғана айтып отырған жоқпыз. Күнделікті өмірде менталды бұзылыстары бар азаматтарды кәсіби-еңбекке дайындау, жұмысқа орналастыру, оларға арнайы жұмыс орындарын құру, барынша қолдауды ұйымдастыру барысында шектеулер байқалады. Осы санаттағы азаматтарға мемлекет тарапынан атқарылып отырған немесе мемлекеттік және басқа ұйымдармен бірлесе отыра жүзеге асырылып отырған жобалар ағымдағы жағдайда күтілетін нәтижелер бермеуде, себебі олар бұл тұлғалардың ерекше қажеттіліктері мен мүмкіндіктері және түрлі үдерістерге қатысып отырған тараптардың ерекшеліктерін ескермейді. Келесі тарауларда аналитикалық пікірімізді білдіріп, мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғаларды кәсіби тұрғыдан дайындау, зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған мектептерде кәсіби-еңбекке дайындау, мүгедектігі бар тұлғаларға Техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарында белгілі бір мамандық бойынша оқыту, сонымен қатар психоәлеуметтік мүгедектігі бар балалар, жасөспірімдер мен жастардың ары қарайғы өмірдегі әрекеттеріне қатысты азаматтық позициямызды білдіреміз.

## 2-Тарау. Мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғаларды кәсіби-еңбекке дайындау мәселелері бойынша халықаралық құжаттар мен Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық базасын талдау

Қазіргі заманғы құқық тұрғысынан Қазақстан Республикасының барлық азаматтары тең дәрежеде азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтарға ие. Белгілі бір бұзылыстары бар, мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғалардың да осындай құқықтар тізімі бар. Еліміздің

кез келген азаматына тән құқықтар білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалар мен жасөспірімдер және жоғарыда аталған санаттағы тұлғалардың барлығының иелігінде. Еліміздің барлық азаматтары Ата Заңымыз – Конституция және НҚА, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық құжаттарда бекітілген әлеуметтік-экономикалық және жеке құқықтар мен еркіндіктерге толыққанды ие.

**Конституциямыздың** 1-бабында еліміз өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары болып табылады. Қазақстан Республикасында Конституцияға сәйкес адам құқықтары мен бостандықтары танылады және оларға кепілдік беріледі. Адам құқықтары мен бостандықтары әркімге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады [1, 12-бап].

Әркімнің ***еңбек ету бостандығына, қызмет пен кәсіп түрін еркін таңдауына құқығы*** бар. Әркімнің қауіпсіздік пен тазалық талаптарына сай еңбек ету жағдайына, еңбегі үшін нендей бір кемсітусіз сыйақы алуына, сондай-ақ жұмыссыздықтан әлеуметтік қорғалуға құқығы бар [1, 24-бап].

Елмен бірдей жалпы құқықтармен қоса мүгедектігі бар және мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларда олардың жеке мүдделерін жүзеге асыруға бағытталған арнайы құқықтары бар. Бұндай құқықтар олардың қоғамда толыққанды өмір сүріп, әрекеттенуінің қосымша кепілдіктері болып табылады. Осындай қосымша құқықтардың болуы әділетті жағдай, себебі осы санаттағы азаматтар әлбетте басқа адамдармен қатар тең дәрежеде болмайды, сол себепті оларға қалыпты жағдайдағы өміртіршілікті қамтамасыз ету мақсатында қосымша амал-тәсілдер берілуі керек.

Кәсіби бағдарлау мен кәсіби-еңбекке даярлық мәселелері Қазақстан Республикасының 2007 жылғы шілденің 27-дегі **«Білім туралы»** № 319-III Заңында белгіленген. Заңнамалық актінің 1-бабында негізгі ұғымдардың түсініктемесі төмендегі нұсқада берілген:

7-4) ***білім алу үшін арнаулы жағдайлар*** – ерекше білім беруді қажет ететін адамдардың (балалардың), сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балалардың оларсыз білім беру бағдарламаларын меңгеруі мүмкін болмайтын, оқу, сондай-ақ арнаулы, жеке дамыту мен түзеу-дамыту бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, тыныс-тіршілік ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдап отыруды, медициналық, әлеуметтік және өзге де көрсетілетін қызметтерді қамтитын жағдайлар;

29) ***кәсіптік бағдар*** – білім алушының кәсіптік қызығушылықтарына, жеке қабілеттері мен психикалық-физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес білім беру және кәсіптік мүмкіндіктер саласында, мамандық пен оқитын орнын еркін және саналы таңдау құқықтарын іске асыруына ақпараттар мен консультациялық көмек беру;

29-1) ***кәсіптік білім*** – білім алушылардың белгілі бір салада кәсіптік қызметті жүргізуіне және (немесе) нақты кәсіп немесе мамандық бойынша жұмысты орындауына мүмкіндік беретін білімдерді, машықтарды, дағдыларды және құзыреттерді алуына бағытталған білім беру түрі;

29-2) ***кәсіптік даярлау*** – белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін қажет жаңа немесе өзгертілген кәсіптік дағдыны меңгеру үшін жеке адамды дамытуға бағытталған кәсіптік оқыту нысаны;

30-1) ***кәсіптік практика*** – болашақ кәсіптік қызметпен байланысты белгілі бір жұмыс түрлерін орындау процесінде теориялық білімдерді, дағдыларды бекітуге, практикалық машықтар мен құзыреттерді иемденуге және дамытуға бағытталған оқу қызметінің түрі;

49-6) ***өндірістік оқыту*** – білім беру ұйымдарының және (немесе) кәсіпорындардың (ұйымдардың) базасында білім алушылардың теориялық білім алуына, практикалық машықтануына бағытталған оқыту [2, 1-бап].

Аталмыш заңнамалық актінің 3-бабында білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың принциптері ретінде төмендегілер белгіленген:

- баршаның сапалы білім алуға құқықтарының теңдігі;
- әрбір адамның зияткерлік дамуы, психикалық-физиологиялық және жеке ерекшеліктері ескеріле отырып, халықтың барлық деңгейдегі білімге қолжетімділігі;
- адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтеу;
- білім беру деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігі;
- оқытудың, тәрбиенің және дамытудың бірлігі;
- білім беру ұйымдарының меншік нысандары, оқыту мен тәрбиенің нысандары, білім беру бағыттары бойынша алуан түрлі болуы [2, 3-бап].

Аталмыш құжаттың 8-бабында Білім беру саласындағы мемлекеттік кепілдіктер аталған:

1-1. Мемлекет ерекше білім беруді қажет ететін адамдарға (балаларға) олардың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, білім беру жүйесі ұсынған шекте білім алу нысанын таңдау құқығын беруді қоса алғанда, олардың өзін-өзі жетілдіруіне, ***білім берудің барлық деңгейлерінде өмір бойы оқуын жалғастыруына, өздерінің қабілеттерін еркін дамытуына*** жағдайлар жасайды.

2. Мемлекет Қазақстан Республикасы азаматтарының тегін мектепалды, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім алуын, ***түлектерге бір мамандық шеңберінде жұмысшы біліктілігін немесе жұмысшы біліктіліктерін бере отырып, техникалық және кәсіптік білім алуын,*** сондай-ақ, әскери, арнаулы оқу орындарында және Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында алынатын білімді қоспағанда, егер Қазақстан Республикасының азаматы осы деңгейлердің әрқайсысында бірінші рет білім алатын болса, мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алуын қамтамасыз етеді.

4. Мемлекет әлеуметтік көмекке мұқтаж Қазақстан Республикасы азаматтарын олардың білім алуы кезеңінде қаржылау шығыстарын толық немесе ішінара өтейді.

Әлеуметтік көмек көрсетілетін Қазақстан Республикасының азаматтарының санатына:

1) жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

2) даму мүмкіндігі шектеулі балалар, мүгедектігі бар балалар, мүгедектігі бар адамдар және бала кезінен мүгедектігі бар адамдар;

4) кәмелетке толмағандарды бейімдеу орталықтарындағы және арнаулы әлеуметтік қызметтерге мұқтаж балаларды қолдау орталықтарындағы балалар;

9) денсаулық жағдайына байланысты бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру бағдарламалары бойынша ұзақ уақыт бойы үйде немесе стационарлық көмек, сондай-ақ қалпына келтіру емін және медициналық оңалту көрсететін ұйымдарда оқитын балалар;

11) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша айқындалатын өзге де санаттағы азаматтар жатады.

6. Мемлекет инклюзивті білім берудің мақсатын іске асыра отырып, білім берудің барлық деңгейінде даму мүмкіндіктері шектеулі азаматтарға олардың білім алуына, дамуындағы ауытқуды түзетуіне және әлеуметтік бейімделуіне арнайы жағдайлар жасауды қамтамасыз етеді [2, 8-бап].

Білім беру жүйесінің міндеттері:

1) ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде ***жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға*** бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау;

2) жеке адамның шығармашылық, рухани және күш-қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру*, **даралықты дамыту үшін жағдай жасау*** арқылы ой-өрісін байыту;

9) оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде ***кәсіптік білім беру бағдарламаларының*** қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану;

10) жалпы оқытудың, ***жұмыс орны бойынша оқытудың және еңбек нарығының қажеттері*** арасындағы өзара байланысты қамтамасыз ететін және әркімге өзінің білім мен біліктілікке негізделген жеке әлеуетін қоғамда барынша пайдалануға көмектесетін оқыту жүйесін өмір бойы дамыту;

11) ***білімнің, ғылымның және өндірістің*** интеграциясы;

12) білім алушылардың ***кәсіптік ұмтылысын*** қамтамасыз ету;

13) жұмыс берушілермен және басқа да әлеуметтік әріптестермен белсенді өзара іс-қимыл арқылы ***техникалық және кәсіптік білім берудің*** озық қарқынмен дамытылуын қамтамасыз ету;

14) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, білім алуы үшін арнаулы жағдайлар жасау болып табылады [2, 11-бап].

Техникалық және кәсіптік білім беру орта білім беру деңгейінің құрамдас бөлігі болып табылады және қоғамдық-пайдалы кәсіби қызметтің негізгі бағыттары бойынша білікті жұмысшы кадрлар мен орта буын мамандарды даярлауға бағытталған.

Білім беру бағдарламаларының мазмұны жалпы білім беретін, әлеуметтік-экономикалық, жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді зерделеуді, өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өтуді немесе базалық және кәсіптік модульдерге интеграцияланған әлеуметтік-экономикалық, жалпы гуманитарлық, жалпы кәсіптік, арнайы пәндерді зерделеуді, «орта буын маманы» біліктілігі және (немесе) жұмысшы біліктіліктері беріле отырып, өндірістік оқыту мен кәсіптік практикадан өтуді көздейді.

Техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларының тізбесі білім беру бағдарламаларының тізілімінде қамтылады делінген қарастырып отырған **«Білім туралы»** Заңда [2, 17-бап].

Аталмыш заңнамалық актіге сәйкес Білім беру гранттарын алуға, сондай-ақ жоғары білімді кадрлар даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша білім алушылардың құрамына қабылдауға конкурс өткізу кезінде баллдары тең болған жағдайда, Қазақстан Республикасы азаматтарының, бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдардың, медициналық қорытындыға сәйкес тиісті білім беру ұйымдарында оқуға қарсы көрсетілімдері жоқ бала кезінен мүгедектігі бар адамдардың, мүгедектігі бар балалардың артықшылықты құқығы бар.

Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде:

1) бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар арасынан шыққан азаматтар үшін;

9) бала кезінен мүгедектігі бар балаларды, бірінші немесе екінші топтағы мүгедектігі бар адамдарды тәрбиелеп отырған отбасылардағы балалар үшін қабылдау квотасы көзделеді [2, 26-бап].

Білім алу құқығы кез келген адамның іргелі құқықтарының бірі. Мүгедектігі бар және мүмкіндіктері шектеулі азаматтарға тұлға ретінде дамуы, әлеуметтік мәртебесінің жоғарылауы және қорғалуына ықпалдасқандықтан олардың білім алу өте маңызды болуда,

Қазақстан Республикасы адам құқықтары саласында көптеген халықаралық құжаттарды ратификациялаған, олардың арасында **Білім беру саласында кемсітумен күрес туралы Конвенция, Бала құқықтары туралы Конвенция, Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенция** т.б. бар. Ратификацияланған нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес біздің еліміз

мүмкіндіктер теңдігі негізінде МШ және/немесе мүгедектігі бар тұлғаларды қосқанда әр адамның кемсітусіз ***білім алу құқығын*** мойындайды.

Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы желтоқсанның 10-нда қабылданған **«Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясында»** төмендегідей тұжырымдар бар: «Әр адамның ***еңбек етуге, жұмыс түрін еркін таңдауға, әділ және қолайлы еңбек жағдайына, жұмыссыздықтан қорғалуына құқығы*** бар. Әр адамның құндылығы тең еңбегі үшін, нендей бір кемсітусіз, ***тең еңбек ақы алуына құқығы*** бар» [3, 23-бап]. «Әр адамның ***білім алуға құқығы*** бар. Білім беру, ең болмағанда бастауыш және жалпы білім, тегін болуы тиіс. Бастауыш білім баршаға міндетті болуы тиіс. ***Техникалық және кәсіптік білім көпшіліктің қолы жетерліктей болуы тиіс*** және ***жоғары білім де, әркімнің қабілетіне қарай көпшіліктің қолы жетерліктей болуы тиіс***. Білім беру адамның жеке басының толық кемелденуіне және құқықтары мен негізгі бостандықтарына деген құрметті арттыруға бағытталуы тиіс. Білім беру барлық ұлттар, нәсілдік және діни топтары арасында түсіністік, шыдамдылық пен достық қарым-қатынас орнатуға ықпал жасап және Біріккен Ұлттар Ұйымының бейбітшілікті қуаттау жолындағы жұмысына ықпал жасап, дем беруі тиіс» [3, 26-бап].

Нью-Йорк қаласындағы Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясында 1989 жылдың қараша айының 20-нда қабылданған және Қазақстан Республикасы 1994 жылдың маусым айының 8-нде ратификациялаған **«Бала құқықтары туралы Конвенция»** төмендегілерді бекіткен: «Қатысушы мемлекеттер өздерінің юрисдикциясы шектерінде тұратын әрбір баланың осы Конвенциямен көзделген, оның ата-анасының немесе қамқоршысының қандай да бір кемсітушіліксіз нәсіліне, түр-түсіне, жынысына, тіліне, дініне, саяси немесе өзге де сенім-нанымдарына, ұлттық, этникалық немесе әлеуметтік шығу тегіне, мүліктік жағдайына, баланың денсаулығының және туылуының жай-күйіне немесе өзге де жағдайларына қарамастан, барлық құқықтарын құрметтейді және қамтамасыз етеді [4, 2-бап]. Онымен қоса Конвенцияның 23-бабында мынадай жағдайлар белгіленген:

1. Қатысушы мемлекеттер ақыл-есі немесе денсаулығына қатысты жарымжан бала оның қадір-қасиетін қамтамасыз етіп, өзіне деген сенімділігін арттырып және қоғамдық өмірге белсене араласуына жәрдемдесетін жағдайларда толыққанды және лайықты өмір сүруі қажет екенін мойындайды.

2. Қатысушы мемлекеттер жарымжан баланың ерекше қамқорлыққа құқылы екенін мойындап, жәрдем сұрап өтініш берген жағдайда және де, егер баланың денсаулығы мен ата-анасы немесе балаға қамқорлықты қамтамасыз ететін басқа адамдардың жағдайы өтінішке сәйкес болған күнде бала мен оның қамқоршысына ресурс мүмкіндіктеріне қарай, жәрдем беруді қолдап, қамтамасыз етеді.

3. Жарымжан баланың ерекше мұқтаждығы танылып, осы баптың 2-ші тармағына сәйкес, көмек ата-анасының немесе балаға қамқорлықты қамтамасыз ететін басқа адамдардың қаржылық ресурстары ескеріліп, мүмкін болғанынша, тегін беріледі және жарымжан баланың ***білім беру, кәсіби***

***даярлық, медициналық қызмет, денсаулығын қалпына келтіру, еңбек етуге дайындау*** салаларындағы қызмет көрсетулерге қолы жетуін және баланы мүмкіндігінше, толық, әлеуметтік өмірге тартуға, рухани және мәдени дамуын қамти отырып, тұлғалық іріленуіне септігін тигізетіндей демалу құралдарына қолын жеткізуді мақсат етеді.

4. Қатысушы мемлекеттер халықаралық ынтымақтастық рухында профилактикалық денсаулық сақтау және медицина саласында, жарымжан балаларды психологиялық және функционалды емдеу саласына қатысты ақпараттармен алмасуға, соның ішінде, қатысушы мемлекеттердің осы саладағы мүмкіндіктері мен білімін жақсартып, тәжірибесін кеңейту үшін реабилитация, жалпы білім беру және ***кәсіби даярлық тәсілдері*** жөніндегі ақпараттарды таратуға және оған қол жеткізуіне ықпал етеді. Осыған байланысты дамушы елдердің сұранысына ерекше көңіл аударылуға тиіс [4, 23-бап].

Аталмыш құжаттың 28-бабында ***баланың білім алуға, оның ішінде кәсіби білім алуына құқықтары*** көрсетілген:

1. Қатысушы мемлекеттер баланың білім алу құқығын мойындап, бұл құқықты жүзеге асыруға тең мүмкіндік негізінде біртіндеп қол жеткізу мақсатында, атап айтқанда:

а) тегін және міндетті бастауыш білім беруді енгізу;

ә) жалпы білім және ***кәсіби біліммен*** қатар орта білімнің барлық түрінің дамуын ынталандырып, оған барлық балалардың қолы жетерліктей болуын қамтамасыз етеді және тегін білім беруді енгізу мен қажет болған жағдайда, қаржылай көмек көрсету сияқты қажетті шараларды қабылдайды;

б) әркімнің қабілеті негізінде барлық қажетті құралдар арқылы жоғары білімге баршаның қолы жетерліктей болуын қамтамасыз етеді;

в) білім беру және ***кәсіби даярлық*** салаларына қатысты ақпараттар мен материалдарға барлық баланың қолы жетерліктей болуын қамтамасыз етеді;

г) оқушылардың мектепке тұрақты баруы мен мектепті тастап кетуші оқушылар санын азайту жөнінде шаралар қабылдайды [4, 28-бап].

Қазақстан Республикасының бірқатар нормативтік-құқықтық актілері балалардың құқықтары мен мүдделерін атап, оларды қорғауға бағытталған. 2002 жылғы тамыздың 8-ндегі **«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы»** № 345 Заңының ***«Баланың еңбек бостандығына құқығы»*** атты 16-бабында мынадай тұжырымдар бар:

1. Әрбір баланың ***еңбек бостандығына, қызмет және кәсіп түрлерін еркін таңдауға құқығы*** бар.

2. Балалар он төрт жастан бастап, ата-аналарының рұқсатымен оқудан бос кезінде денсаулығына және өсіп-жетілуіне оңтайлы, баланың дене бітіміне, имандылығына және психикалық жай-күйіне зиян келтірмейтін ***қоғамдық пайдалы еңбекке қатысуға***, сондай-ақ ***мамандық алуға құқығы*** бар. Бұл құқықты халықты еңбекпен қамту қызметі мен жергілікті мемлекеттік басқару органдары қамтамасыз етеді.

**18-бап. Мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттарды белгілеу**

1. Балалардың мүддесін көздейтін мемлекеттік саясат мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттар негізінде жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттар әлеуметтік қызмет көрсетулер бойынша белгіленген ең төменгі көлемде мыналарды:

1) мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес кепілдік берілген, жалпыға бірдей қолжетімді тегін бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім мен конкурстық негізде ***тегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі және жоғары білім беруді***;

3) он бес жасқа толған балалардың ***кәсіби бағдарлау, қызмет саласын таңдау, жұмысқа орналасу, еңбегінің қорғалу, еңбегіне ақы төлену құқығын*** Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен кепілді қамтамасыз етуді;

4) балаларға әлеуметтік қызмет көрсету, оларды әлеуметтік қорғау, соның ішінде туылуы мен тәрбиеленуіне байланысты, балалары бар азаматтарға мемлекеттік жәрдемақы төлеу жолымен кепілді материалдық қолдауды қамтамасыз ету, сондай-ақ өмірлік қиын ахуалға тап болған балаларды әлеуметтік бейімдеу және әлеуметтік оңалту жөніндегі шараларды.

Аталмыш заңнамалық актіде ***«Мүгедектігі бар баланың құқықтары»*** атты 6-тарау бар:

**31-бап. Мүгедектігі бар баланың толыққанды өмірге құқықтары**

1. Мүгедектігі бар баланың өз қадір-қасиетін қамтамасыз ететін, қоғам өміріне белсене араласуына ықпал ететін жағдайдағы толыққанды өмірге дені сау балалармен бірдей құқықтары бар.

2. Мүгедектігі бар бала өзінің дене бітіміне, ақыл-ес қабілетіне және тілегіне сай білім алуға, қызмет түрі мен ***кәсіпті таңдауға,*** шығармашылық және қоғамдық қызметке қатысуға құқылы.

**32-бап. Мүгедектігі бар баланы жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік кепілдіктер**

1. Мемлекеттік органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдары мүгедектігі бар баланың денсаулық жағдайын, қажеттіліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, оны ***оқытуға, кәсіптік даярлауға, лайықты жұмысты таңдап беруге және жұмысқа орналастыруға*** қажетті жағдайлар жасауға міндетті.

2. Мүгедектігі бар балалардың ***жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету, оларды кәсіптік даярлау мен қайта даярлауды*** ұйымдастыру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар үшін Қазақстан Республикасының заңдарында жеңілдіктер белгіленуі мүмкін.

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы шілденің 11-ндегі **«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы»** № 343 Заңының 1-бабында ұғымдардың төмендегідей анықтамалары берілген, заңнамалық актіде аталуынан бастап, өн бойында кемсіту мағынасындағы атаулар бар екенін және оларға байланысты зерттеулерімізде пікір білдіріп, ұсыныс жасағанымызды ескертеміз:

**кәсіби диагностика** – бойындағы психикалық және (немесе) дене кемістігін ескере отырып балалардың ***еңбек қызметінің немесе кәсіптің дағдыларын меңгеру мен орындауға*** әлеуеттік мүмкіндіктерін анықтау;

**кемтар баланы оңалтудың жеке бағдарламасы** – баланың соматикалық жай-күйі деңгейінің болжамын, психикалық-дене төзімділігін, отбасының әлеуметтік мәртебесі мен әлеуметтік инфрақұрылым мүмкіндіктерін ескере отырып, оның қажеттіліктерінің құрылымына, ден қоятын мәселелерінің шеңберіне, құштарлықтарының деңгейіне сәйкес баланың тұрмыстық, қоғамдық, ***кәсіби қызметке қабілетін*** қалпына келтіруге бағытталған медициналық, психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік іс-шаралар тізбесі.

Аталмыш заңнамалық актіде арнайы білім беру қызметтері көрсетілген, оларға ***еңбекке тәрбиелеу, кәсіби диагностика, техникалық және кәсіби, орта білім беруден кейін, жоғары білім беру*** жатады. Кемтар балалардың Қазақстан Республикасының білім туралы заңдарында белгіленген тәртіппен білім алуға құқығы бар. Мемлекет кемтар балаларды кәсіби даярлауға жәрдемдеседі делінген [6, 11-бап].

**«Кемтар балаларды еңбекке даярлау және оларға кәсіби білім беру»** атты 14-бапта төмендегідей тұжырымдар бар:

1. Кемтар балалар Қазақстан Республикасының білім беру туралы заң актілеріне сәйкес ***кәсіби білім ала алады***.

2. Кемтар балаларды ***еңбекке даярлау*** отбасында, арнаулы білім беру ұйымдарында жүргізіледі. Кемтар балалардың болашақ кәсіби қызметінің мүмкіндіктері мен сипатын айқындау үшін ***кәсіби-консультациялық орталықтарда, арнаулы білім беру ұйымдарында кәсіби диагностика*** жүргізіледі.

3. Мүмкіндігі шектеулі балаларға ***техникалық және кәсіптік білім беру*** арнаулы білім беру ұйымдарында жүзеге асырылады.

Кемтар балалардың:

6) мемлекеттік білім беру ұйымдарында мемлекеттік білім беру бағдарламалары шегінде конкурстық негізде ***тегін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білім алуға***;

7) оқу бітіргеннен кейін алған біліміне және (немесе) кәсіби даярлығына сәйкес Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен ***жұмысқа орналасуға құқығы бар*** [6, 15-бап].

Қазақстан Республикасының Нью-Йорк қаласында орналасқан офисіндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясында 2006 жылғы желтоқсанның 13-нде қабылданған «Мүгедектердің құқықтары туралы» Конвенцияға қосылғандығы және 2015 жылдың ақпан айының 20-нда еліміздің халықаралық деңгейдегі осы құжатты ратификациялауы мүгедектігі бар тұлғалардың әлеуметтік кірігуінің шарттарының бірі ретінде сапалы түрде жалпы және кәсіби білім алуына негіз болуда.

Осы Конвенцияның мақсаты барша мүгедектердің барлық адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын толық және тең дәрежеде іске асыруын

көтермелеу, қорғауда және қамтамасыз етуде, сондай-ақ оларға тән қадір-қасиетті құрметтеуді көтермелеу болып табылады.

Мүгедектерге әртүрлі тосқауылдармен өзара іс-қимыл кезінде олардың қоғам өміріне басқалармен тең дәрежеде толық және тиімді қатысуына кедергі келтіруі мүмкін тұрақты дене, психикалық, интеллектуалдық немесе сенсорлық кемістігі бар адамдар жатады [7, 1-бап].

Аталмыш Конвенцияның Жалпы қағидаттары ретінде төмендегілер белгіленген:

a) адамға тән қадір-қасиетті, оның өз таңдауын жасау еркіндігін қоса алғандағы жеке дербестігін және тәуелсіздігін құрметтеу;

b) ***кемсітпеушілік;***

c) қоғамға толық және тиімді тарту және қосу;

d) мүгедектердің ерекшеліктерін құрметтеу және оларды адами алуан түрліліктің компоненті және адамзаттың бір бөлшегі ретінде қабылдау;

e) ***мүмкіндіктер теңдігі;***

f) ***қолжетімділік;***

g) ерлер мен әйелдердің теңдігі;

h) мүгедек балалардың даму қабілеттерін құрметтеу және мүгедек балалардың өз жеке қасиетін сақтау құқықтарын құрметтеу осы Конвенцияның қағидаттары болып табылады [7, 3-бап].

Қатысушы мемлекеттер барша мүгедектердің адамның барлық құқықтары мен негізгі бостандықтарын мүгедектік белгісі бойынша ешқандай да кемсітушіліксіз толық іске асыруын қамтамасыз етуге және көтермелеуге міндеттенеді. Осы мақсатта қатысушы мемлекеттер:

a) осы Конвенцияда танылатын құқықтарды жүзеге асыру үшін барлық тиісті заңнамалық, әкімшілік және өзге де шараларды қабылдауға;

b) мүгедектерге қатысты кемсітуші болып табылатын қолданыстағы заңдарды, қаулыларды, дәстүрлер мен ұстанымдарды өзгерту немесе олардың күшін жою үшін барлық тиісті, оның ішінде заңнамалық шараларды қабылдауға;

c) барлық стратегиялар мен бағдарламаларда мүгедектердің адам құқықтарының қорғалуы мен көтермеленуін ескеруге;

d) осы Конвенцияға сәйкес келмейтін кез келген іс-қимылдан немесе әдістерден қалыс қалуға және мемлекеттік органдар мен мекемелердің осы Конвенцияға сәйкес іс-қимыл жасауын қамтамасыз етуге;

e) кез келген адам, ұйым немесе жеке кәсіпорын тарапынан болатын мүгедектік белгісі бойынша кемсітушілікті жою үшін барлық тиісті шараларды қабылдауға;

f) мүгедектің нақты қажеттіліктеріне ыңғайластыру барынша аз бейімделу мен мейілінше аз шығынды талап ететіндей тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, жабдықтар мен әмбебап дизайн объектілерінің (осы Конвенцияның 2-бабында айқындалатын) зерттеу және конструкторлық әзірлемелерін жүргізуге немесе көтермелеуге, олардың қолда болуына және

пайдаланылуына жағдай жасауға, сондай-ақ стандарттар мен басқару бағдарларын жасау кезінде әмбебап дизайн идеясын ілгерілетуге;

g) зерттеу және конструкторлық әзірлемелер жүргізуге немесе көтермелеуге, сондай-ақ қымбат емес технологияларға бірінші кезекте көңіл бөле отырып, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды, ұтқырлықты жеңілдететін құралдарды, мүгедектерге лайықты құрылғылар мен ассистивті технологияларды қоса алғанда, жаңа технологиялардың болуына және пайдаланылуына жағдай жасауға;

h) мүгедектерге ұтқырлықты жеңілдететін құралдар, құрылғылар және ассистивті технологиялар, оның ішінде жаңа технологиялар, сондай-ақ көмектің басқа да нысандары, қосалқы көрсетілетін қызметтер және объектілер туралы қолжетімді ақпарат беруге;

i) мүгедектермен жұмыс істейтін мамандарға және адамдарға осы Конвенцияда танылған құқықтарды оқытуды, осы құқықтар кепілдік берген көмек пен көрсетілетін қызметтерді ұсынуды жетілдіру үшін көтермелеуге міндеттенеді [7, 4-бап].

Осы құжаттың «**Білім беру**» атты 24-бабына сәйкес

1. Қатысушы мемлекеттер мүгедектердің білім алуға құқықтарын таниды. Осы құқықтарды кемсітусіз және мүмкіндіктерінің теңдігі негізінде іске асыру мақсатында қатысушы мемлекеттер барлық деңгейлерде инклюзивті білім беруді және өмір бойы оқытуды қамтамасыз етеді, бұл ретте:

a) адами әлеуетін, сондай-ақ қадір-қасиеті мен өзін-өзі құрметтеу сезімдерін толық дамытуға және адам құқықтарын, негізгі бостандықтарын және адами алуан түрлілікті құрметтеуді күшейтуге;

b) мүгедектердің жеке басын, талантын және шығармашылығын, сондай-ақ олардың ақыл-ой мен дене қабілеттерін толық көлемде дамытуға;

c) мүгедектерге еркін қоғам өміріне тиімді қатысу мүмкіндігін беруге ұмтылады.

2. Бұл құқықты іске асыру кезінде қатысушы мемлекеттер:

a) мүгедектердің жалпы білім беру жүйесінен, ал мүгедек балалардың – тегін және міндетті бастауыш білім беру немесе орта білім беру жүйесінен мүгедектік себебі бойынша шығып қалмауын;

b) мүгедектердің өздерінің тұратын жерлерінде инклюзивті, сапалы әрі тегін бастауыш білім беруге және орта білім беруге басқалармен теңдей дәрежеде қол жеткізуін;

c) жеке қажеттіліктерді ескеретін жүйелі бейімдеумен қамтамасыз етілуін;

d) мүгедектерді тиімді оқытуды жеңілдету үшін оларды жалпы білім беру жүйесінің ішінде қажетті қолдауға ие болуын;

e) білімді игеру мен әлеуметтік дамуға барынша ықпал ететін жағдайда, соған сай толық қамту мақсатындағы жеке қолдауды ұйымдастыру жөніндегі тиімді шаралардың қабылдануын қамтамасыз етеді.

3. Қатысушы мемлекеттер мүгедектерге олардың білім беру процесіне толық әрі теңдей және жергілікті қоғамдастық мүшелері ретінде қатысуын

жеңілдету үшін өмірлік және әлеуметтендірілген дағдыларды игеру мүмкіндігін береді. Қатысушы мемлекеттер бұл бағытта тиісті шараларды қабылдайды, оның ішінде:

a) Брайль әліпбиін, балама қаріптерді, қарым-қатынастың күшейтуші және балама әдістерін, тәсілдері мен форматтарын, сондай-ақ бағдарлық және ұтқырлық дағдыларын игеруге жәрдемдеседі және құрдастары тарапынан қолдау көрсетілуі мен тәлімгерлікке жағдай жасайды;

b) ымдау тілін игеру мен саңыраулардың тілдік өзіндік болмысын көтермелеуге жәрдемдеседі;

c) соқыр, саңырау немесе соқыр-саңырау адамдарды, атап айтқанда балаларды оқыту мүгедек үшін барынша қолайлы тілдердің және қарым-қатынас әдістері мен тәсілдерінің көмегімен және білімнің игерілуі мен әлеуметтік дамуға барынша ықпал ететін жағдайда жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

4. Осы құқықты қамтамасыз етуге жәрдемдесу үшін қатысушы мемлекеттер жұмысқа ымдау тілін және/немесе Брайль әліпбиін білетін мұғалімдерді, оның ішінде мүгедек мұғалімдерді тарту үшін және білім беру жүйесінің барлық деңгейінде жұмыс істейтін мамандар мен персоналды оқыту үшін тиісті шараларды қабылдайды. Мұндай оқыту мүгедектік мәселесіндегі ағартуды және қарым-қатынастың күшейтуші және балама әдістерін, тәсілдерін және форматтарын, мүгедектерге қолдау көрсетуге арналған оқу әдістемелері мен материалдарды пайдалануды қамтиды.

5. Қатысушы мемлекеттер мүгедектердің жалпы жоғарғы білім алуына, кәсіптік білім алуына, ересектерге арналған білім алуына және өмір бойы оқуына кемсітусіз әрі басқалармен тең дәрежеде қол жеткізуін қамтамасыз етеді. Осы мақсатпен қатысушы мемлекеттер мүгедектердің жүйелі бейімдеумен қамтылуын қамтамасыз етеді [7, 24-бап].

**«Еңбек және жұмыспен қамту»** атты 27-бапта мынадай тұжырымдар бар:

1. Қатысушы мемлекеттер мүгедектердің басқалармен теңдей дәрежеде ***еңбек ету құқығын*** таниды; ол мүгедектің еркін таңдаған немесе оған ерікті түрде келісім берген еңбекпен, еңбек нарығы мен өндіріс ортасы мүгедектер үшін ашық, инклюзивті және қолжетімді болып табылатын жағдайларда өзін-өзі асырау мүмкіндігін алу құқығын қамтиды. Қатысушы мемлекеттер еңбек ету, оның ішінде еңбек ету кезінде мүгедектік алған адамдардың еңбек ету құқықтарын, оның ішінде заңнамалық тәртіппен тиісті шараларды, атап айтқанда мыналарға:

a) ***жұмысқа қабылдау, жалдау және жұмыспен қамту, жұмысын сақтау,*** қызмет бабы бойынша өсу жағдайларын және қауіпсіз әрі салауатты еңбек жағдайларын қоса алғанда, жұмыспен қамтудың барлық нысандарына қатысты барлық мәселелер бойынша мүгедектік белгісі бойынша кемсітуге тыйым салуға;

b) мүгедектердің бірдей мүмкіндіктер мен құндылығы бірдей еңбекке бірдей сыйақы алуға, қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларын қоса

алғанда, бопсалаудан қорғауды және шағымдарын қанағаттандыруды қоса алғанда, әділ және қолайлы еңбек жағдайларына құқықтарын басқалармен тең дәрежеде қорғауға;

c) мүгедектердің өздерінің ***укукукукукук*** және кәсіподақ құқықтарын басқалармен теңдей дәрежеде жүзеге асыра алуын қамтамасыз етуге;

d) мүгедектерге ***техникалық және кәсіптік бағдарлардың жалпы бағдарламаларына, жұмысқа орналастыру қызметтеріне және кәсіптік әрі үздіксіз оқытуға тиімді қол жеткізу*** мүмкіндіктерін беруге;

e) еңбек нарығында мүгедектерді жұмысқа орналастыру мен олардың қызмет бабында өсу мүмкіндіктерін кеңейтуге, сондай-ақ жұмыс іздеуге, алуға, жұмысын сақтауға және жаңғыртуға көмек көрсетуге;

f) жеке еңбек қызметіне, кәсіпкерлікке, кооперативтерді дамытуға және өзінің жеке ісін ұйымдастыруға мүмкіндіктерін кеңейтуге;

g) мүгедектерді мемлекеттік секторға жалдауға;

h) оң іс-қимылдар бағдарламаларын, ынталандыруларды және басқа шараларды қамтуы мүмкін тиісті стратегиялар мен шаралардың көмегімен мүгедектерді жеке секторға жалдауды ынталандыруға;

i) мүгедектерді жұмыс орнын жүйелі бейімдеумен қамтамасыз етуге;

j) мүгедектердің ашық еңбек нарығы жағдайларында жұмыс тәжірибесін алуын көтермелеуге;

k) мүгедектерге арналған ***кәсіптік және біліктілік оңалту,*** жұмыс орындарын сақтау және жұмысқа қайта оралу бағдарламаларын көтермелеуге бағытталған шараларды қабылдау жолымен іске асыруды қамтамасыз етеді және көтермелейді [7, 27-бап].

2024 жылдың наурыз айының 4-7 аралығында Біріккен Ұлттар Ұйымының мүгедектігі бар адамдардың құқықтары бойынша Комитетінің 30-сессиясында БҰҰ-ның «Мүгедектердің құқықтары туралы» Конвенцияның орындалуына байланысты Қазақстан Республикасының атынан алғаш рет Мемлекеттік және Баламалы баяндамалар тыңдалды. Қазіргі таңда біздің еліміз аталмыш халықаралық құжат және өзге заңнамалық актілерге сәйкес мүгедектігі бар тұлғаларға өміртіршілігінің барлық салаларында инклюзивті ортаны өмірінің барлық кезеңдерінде құруға қатысты мойнына алған міндеттемелерді орындау барысында. Отандық заңнаманың жүйелік түрде өзгерістері мүмкіндіктері шектеулі балалар, жасөспірімдер мен жастар және мүгедектігі бар ересек тұлғалардың өмірінің бүкіл кезеңдері мен деңгейлерінде қызметтердің барлық түрлеріне қолжетімділікті кеңейтуге бағытталуы керек. Білім беру, денсаулық сақтау және халықты әлеуметтік қорғау салаларындағы инновациялық үдерістер мүгедектігі бар тұлғаларды оқыту, еңбек етіп, қоғам өмірінің басқа да салаларына кіріктіруге бағытталуы керек. Дегенмен мүмкіндіктері шектеулі балалар мен жасөспірімдер және мүгедектігі бар жастардың кәсіби білім алуы, еңбекке араласуы және жұмыс жасауы мәселелері бойынша толыққанды шешімге қол жеткізбеген. Кәсіби-еңбекке дайындық және мамандыққа оқыту, жұмысқа орналастыру және кәсіби даярлық пен еңбек ету құқықтарын жүзеге асыру барысында қолдау

көрсету кейбірде формалды түрде болуда, оған дәлел ретінде мүмкіндіктері шектеулі балалар мен жасөспірімдердің ерекшеліктері, мүгедектігі бар жастар мен ересек тұлғалардың мәселелерін толыққанды ескермеген қазіргі таңда қолданыста бар түрлі ведомствалар тарапынан болған Стандарттар, бағдарламалар мен жүзеге асырылып отырған пилотты жобалар болуда.

Қазақстан Республикасының 2023 жылғы сәуірдің 20-ндағы **«Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексі»** № 224-VII ҚРЗ қарастырып, талдау жасасақ:

1. Осы Кодексте мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

24) ***әлеуметтік кәсіптік бағдарлау*** – кәсіп таңдауда, қызмет түрін ауыстыруда және кәсіптік білімді, дағдыларды, жеке басының мүдделерін және еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып біліктілігін арттыруда практикалық көмек көрсетуге бағытталған өзара байланысты іс-шаралар кешені;

62) ***жұмыс орны*** – жұмыскердің еңбек қызметі процесінде еңбек міндеттерін орындауы кезінде тұрақты немесе уақытша болатын орны;

64) ***жұмысқа орналастыру*** – халықтың жұмыспен қамтылуын қамтамасыз етуге ықпал етуге арналған ұйымдастырушылық, экономикалық және құқықтық іс-шаралар кешені;

84) ***кәсіптік бағдарлау*** – мүгедектігі бар адамға еңбек қызметінің түрлерін таңдауда көмек көрсетуге бағытталған шаралар жүйесі;

85) ***кәсіптік оқыту*** – осы Кодексте көзделген жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары шеңберінде жаңа мамандықтарды (кәсіптерді), дағдыларды меңгеру және біліктілікті арттыру мақсатында кәсіптік даярлауды, қайта даярлауды қамтитын оқыту;

108) ***мүгедектігі бар адамдарды кәсіптік жағынан оңалту*** – мүгедектігі бар адамдардың бұзылған не жоғалтқан кәсіптік дағдыларын, білімі мен машықтарын меңгеруіне немесе қалпына келтіруіне және оларды бейімдеу мен жұмысқа орналастыруға бағытталған шаралар кешені [8, 1-бап].

**10-тарау. ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ**

**96-бап. Халықты жұмыспен қамту саласындағы құқықтар**

1. Халықты жұмыспен қамту саласындағы құқықтар:

1) консультация және әлеуметтік кәсіптік бағдар алу;

2) еңбек делдалдығы;

3) жергілікті атқарушы органдар белгілеген квоталар шеңберінде жұмысқа орналасу;

4) мүгедектігі бар адамдар үшін құрылған арнаулы жұмыс орындары шеңберінде жұмысқа орналасу;

5) мыналар:

кәсіптік оқу;

кәсіпкерлік бастамаға жәрдемдесу;

субсидияланатын жұмыс орындарына жіберу;

**107-бап. Жұмыс орындарының квоталары**

1. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың жергілікті атқарушы органдары белгілейтін жұмыс орындары квотасының шеңберінде жұмысқа орналасуға:

1) мүгедектігі бар адамдардың;

4) он сегіз жасқа толғанға дейін ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, білім беру ұйымдарының түлектері болып табылатын жастар қатарындағы азаматтардың құқығы бар.

2. Жергілікті атқарушы органдар ауыр жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыскерлердің тізімдік саны 50 адамнан асатын және одан жоғары жұмыс берушілерге мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен ***екіден төрт пайызға дейінгі мөлшерде квота*** белгілейді.

**108-бап. Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнаулы жұмыс орындарын ұйымдастыру**

1. Арнаулы жұмыс орны мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру және олардың жұмыспен қамтылуын сақтау үшін уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын тәртіппен ол құрылған кезден бастап кемінде күнтізбелік он екі ай мерзімге құрылады.

2. Мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін арнаулы жұмыс орнын құруды жұмыс беруші мансап орталықтарымен (еңбек мобильділігі орталығымен) жасалған шарт негізінде жүзеге асырады. Мүгедектігі бар адамдардың жұмыс орнының стандартын уәкілетті мемлекеттік орган бекітеді.

**13-тарау. МҮГЕДЕКТІГІ БАР АДАМДАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ**

**154-бап. Мүгедектігі бар адамдардың құқықтары және міндеттері**

1. Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдар:

1) әлеуметтік қорғалуға, оның ішінде абилитациялауға, оңалтуға, қоғамға интеграциялануға;

2) мектепке дейінгі тәрбие алу мен оқу, білім алу үшін жағдайлармен қамтамасыз етілуге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлеміне және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінде медициналық көмекке;

4) арнаулы әлеуметтік көрсетілетін қызметтердің кепілдік берілген көлеміне;

5) ***кәсіптік даярлыққа және қайта даярлыққа, еңбек қабілетін қалпына келтіруге және жұмысқа орналасуға*** құқықтары мен бостандықтарына толығымен ие болады.

**157-бап. Жеке бағдарлама**

1. Жеке бағдарлама мүгедектік белгіленген мерзімге мүгедектігі бар адамдардың жеке қажеттіліктерін бағалау негізінде әзірленеді және ол уәкілетті мемлекеттік орган айқындаған тәртіппен организм функцияларын

қалыптастыруға, дамытуға, қалпына келтіруге және (немесе) организмнің бұзылған және (немесе) жоғалған функцияларының орнын толтыруға бағытталған медициналық, әлеуметтік, кәсіптік шаралар кешенін қамтиды.

**165-бап. Мүгедектігі бар адамдарды кәсіптік оңалту**

1. Мүгедектігі бар адамдарды кәсіптік оңалту кәсіптік бағдарлауды, кәсіптік оқытуды (қайта оқытуды), жұмысқа орналастыруды қамтиды және осы Кодекстің 10-тарауына сәйкес іске асырылады [8, 165-бап].

**«Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы»** атты Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы маусымның 29-дағы № 260 бұйрығына назар аударайық.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидалары Қазақстан Республикасы Әлеуметтік Кодексінің 12-бабы 5) тармақшасының жиырма екінші абзацына, сондай-ақ «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 10-бабының 1-тармақшасына сәйкес әзірленді және медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу тәртібін айқындайды.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

20) ***мүгедектігі бар адамдарды оңалту*** – мүгедектігі бар адамның тұрмыстық, қоғамдық, кәсіптік және өзге қызметке қабілетін толық немесе ішінара қалпына келтіруге бағытталған шаралар кешені;

23) ***мүгедектігі бар адамды абилитациялаудың және оңалтудың жеке бағдарламасы*** (бұдан әрі – ОЖБ) – мүгедектігі бар адамды абилитациядан және оңалтудан өткізудің нақты көлемін, түрлері мен мерзімдерін оның жеке қажеттіліктері негізінде белгілейтін құжат [9, 1-бап].

40. ОЖБ осы ОЖБ-ны іске асыру мерзіміне сәйкес келетін әрбір оңалту іс-шарасын іске асыру мерзімі көрсетіле отырып, мүгедектікті белгілеу мерзіміне әзірленеді.

ОЖБ:

1) ОЖБ-ның медициналық бөлігінен;

2) Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ОЖБ-ның әлеуметтік бөлігінен;

3) Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ОЖБ-ның кәсіптік бөлігінен тұрады.

41. Жүргізілген оңалту-сараптама диагностикасының нәтижелеріне және мүгедектігі бар адамның оңалту іс-шараларын жүргізуге қажеттілігіне қарай, № 031/е нысанда көрсетілген оңалту іс-шараларының жоспарын ескере отырып МӘС бөлімшесі:

2) мүгедектігі бар адамның еңбек және кәсіби қызметін ескере отырып, ***ОЖБ-ның кәсіптік бөлігін*** әзірлейді [9, 6-тармақша].

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы қарашаның 23-ндегі **«Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі»** № 414-V ҚРЗ мүгедектігі бар тұлғаларға қосымша еңбек кепілдіктерін белгілейді [10]:

**6-бап. Еңбек саласындағы кемсітушілікке тыйым салу**

1. Әркімнің еңбек саласындағы өз құқықтары мен бостандықтарын іске асыруға тең мүмкіндіктері бар. Осы Кодексте және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген жағдайлар мен тәртіптен басқа, ешкімнің еңбек саласындағы құқықтарына шек қойылмайды.

2. Ешкімді де еңбек құқықтарын іске асыру кезінде шығу тегіне, әлеуметтік, лауазымдық және мүліктік жағдайына, жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, дінге көзқарасына, нанымына, тұрғылықты жеріне, жасына немесе дене кемістіктеріне, қоғамдық бірлестіктерге қатыстылығына байланысты немесе өзге де мән-жайлар бойынша ешқандай кемсітуге болмайды.

**28-бап. Еңбек шартының мазмұны**

2. Мүгедектігі бар адаммен жасалатын еңбек шартында жұмыс орнын оның жеке мүмкіндіктерін ескере отырып жабдықтау жөніндегі талаптар қамтылуға тиіс.

**69-бап. Жұмыскерлердің жекелеген санаттары үшін жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы**

3. Бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар жұмыскерлерге аптасына 36 сағаттан аспайтын жұмыс уақытының қысқартылған ұзақтығы белгіленеді.

**75-бап. Жұмыс уақытының жиынтық есебі**

8. Бірінші топтағы мүгедектігі бар жұмыскерлерге жұмыс уақытының жиынтық есебін қолдануға жол берілмейді.

Егер екінші және үшінші топтардағы мүгедектігі бар жұмыскерлерге сараптамалық кәсіптік-патологиялық комиссияның қорытындысы негізінде жұмыс уақытының жиынтық есебін белгілеуге тыйым салынған болса, оларға мұндай режим белгіленбейді.

**76-бап. Түнгі уақыттағы жұмыс**

3. Мүгедектігі бар жұмыскерлерді түнгі уақытта жұмысқа тартуға, оларға мұндай жұмысқа медициналық қорытындыға сәйкес денсаулық жағдайына байланысты тыйым салынбаған жағдайда, олардың жазбаша келісімімен ғана жол беріледі.

**77-бап. Үстеме жұмыс**

3. Үстеме жұмысқа мынадай жұмыскерлер:

3) мүгедектігі бар адамдар жіберілмейді.

**89-бап. Жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалыстары**

1. Мыналарға:

2) бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдарға ұзақтығы кемінде күнтізбелік алты күн болатын жыл сайынғы ақы төленетін қосымша еңбек демалыстары беріледі.

**9-тарау. КӘСІПТІК ДАЯРЛАУ, ҚАЙТА ДАЯРЛАУ ЖӘНЕ БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ**

**116-бап. Осы тарауда пайдаланылатын ұғымдар**

Осы тарауда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

4) ***кәсіптік даярлау*** – белгілі бір жұмыс түрін орындауға қажетті жаңа немесе өзгерген кәсіби дағдыларды меңгеру үшін тұлғаны дамытуға бағытталған кәсіптік оқыту нысаны;

6-1) ***өндірістік оқыту*** – білім беру ұйымдарының және (немесе) кәсіпорындардың (ұйымдардың) базасында білім алушылардың теориялық білім алуына, практикалық машықтануына бағытталған оқыту;

8) ***тәлімгер*** – өндіріс немесе қызметтер көрсету саласы технологияларын меңгерген, өндірістік оқыту мен кәсіптік практикаға басшылықты жүзеге асыратын кәсіпорынның (ұйымның) білікті жұмыскері [10, 116-бап].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы **«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы»** атты № 249 Қаулысында төмендегідей мәселелер қамтылған:

**3-тарау. Техникалық және кәсіптік білім беру**

Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы қабылдаған Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияға сәйкес қатысушы мемлекеттер ЕБҚ адамдардың кәсіптік білім алуына, ересектердің білім алуына және өмір бойы білім алуына қолжетімділіктерін қамтамасыз етуге міндетті. ТжКБ мемлекеттік ұйымдарының жартысынан астамы ЕБҚ студенттерге тең жағдайлар мен кедергісіз қолжетімділікті жасай алды.

Техникалық және кәсіби білім беру саласындағы мамандықтар мен біліктіліктердің жіктемесін жұмыс берушілердің талаптары және жаңа мамандықтар Атласына сәйкес өзектендіру жалғасын табады.

***Осыған байланысты ТжКБ жүйесінің мынадай проблемалық мәселелерін шешу жөнінде шаралар қабылданатын болады:***

- ЕБҚ білім алушылардың ТжКБ-ға төмен деңгейде тартылуы, оның себептерінің бірі ұйымның өзі мен педагогтерінің инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге дайын еместігі, сондай-ақ кадр құрамының жеткіліксіздігі;
- NEET жастарының ТжКБ ұйымдарымен төмен қамтылуы;
- еңбек нарығының сұранысына сәйкес ТжКБ ұйымдарын бейіндеу тетіктерін жетілдіру қажеттілігі;
- ТжКБ ұйымдарының білім алушыларының функционалдық сауаттылығының төмен деңгейі;
- ТжКБ саласындағы мамандарды даярлау сапасының төмендігі және түлектердің біліктілігі мен заманауи өндірістік талаптардың сәйкес келмеуі;
- ТжКБ-ның жан басына шаққандағы қаржыландырудың төмен нормативі;

- ТжКБ ұйымдарының әлсіз МТБ;

- өзге қалалардан келген студенттердің жатақханалардағы орындармен жеткіліксіз қамтамасыз етілуі;

- ТжКБ ұйымдары мен экономиканың нақты секторы, бизнес және қызмет көрсету секторы арасындағы әлсіз байланыс;

- халықты ТжКБ жүйесінің қарқынды дамуы жөнінде ақпараттандыру қажеттілігі [11, 3-Тарау].

**2-параграф. Ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін орта білімнің қолжетімділігі**

Мүмкіндігі шектеулі адамдардың (балалардың) «бесіктен – мамандыққа дейін» қағидаты бойынша білім беру маршрутының жүйесі пысықталатын болады.

ЕБҚ баланың білім беру маршрутының жүйесі баланы туғаннан бастап мамандық алғанға және оны жұмысқа орналастырғанға дейін сүйемелдеуді көздейді. Бұл тәсіл ЕБҚ адамдардың (балалардың) білім деңгейлерінің сабақтастығын сақтауға мүмкіндік береді.

Білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі қағидаттарының бірі оның деңгейлерінің сабақтастығын қамтамасыз ететін білім беру процесінің үздіксіздігін қамтамасыз ету болып табылады. Осы қағиданы сақтау мақсатында инклюзивті білім берудің үздіксіз жүйесінің моделі (балабақша, мектеп, колледж, ЖОО), ***ерте кәсіптік бағдарлау, ЕБҚ білім алушыларды кәсіптік және кәсіптік даярлау бағдарламалары*** әзірленетін болады [11, 2-Параграф].

Халықаралық құжаттар мен ҚР-ның нормативтік-құқықтық актілерімен жұмыс жасау үдерісінің соңғы кезеңінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы желтоқсанның 30-ндағы № 1143 қаулысымен бекітілген **«Қазақстан Республикасындағы инклюзивті саясаттың 2025-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын»** назарға алдық.

**2-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау**

2022 жылы Мемлекет басшысы «Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым» сайлауалды бағдарламасында ең алдымен ***ерекше қажеттіліктері бар балалар мен азаматтарға ерекше қолдау көрсету*** қажеттігін, олардың өмір сүру сапасын қолжетімді, жайлы инклюзивті және әлеуметтік орта құру арқылы арттыруды атап өтті.

Қойылған міндетке қол жеткізу қазіргі жағдайда қолданыстағы тәсілдерді қайта карауды және оларға басымдық беруді, мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғаудың жаңа моделін қалыптастыруды талап етеді.

Елімізде басталған инклюзивті қоғам және инклюзивті орта құру процесі мүгедектігі бар адамдардың дене бітіміндегі, зияткерлік, әлеуметтік немесе басқа айырмашылықтарына қарамастан, ел азаматтарымен тең дәрежеде қоғамдық өмірдің барлық саласында тең мүмкіндіктер алуына ықпал етеді.

Сонымен қатар қоғамда мүгедектікті түсінудің дәстүрлі (қайырымдылық моделі) және медициналық (функционалдық шектеу моделі) модельдері әлі де басым, олар мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау

саласында азаматтардың үмітіне және әлемдік үрдістерге толық сәйкес келмейді.

Осыған байланысты орта мерзімді кезеңде жаңа мемлекеттік инклюзивті саясатты іске асыру кедергілерді жоюға және тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге назар аудара отырып, мүгедектігі бар адамдардың сұранысын ескере отырып, халық үшін инклюзивті орта құрудың әлеуметтік және құқықтық моделіне негізделетін болады.

Осы Қазақстан Республикасындағы 2025-2030 жылдарға арналған инклюзивті саясат тұжырымдамасы (бұдан әрі – Тұжырымдама) мемлекеттік саясаттың пайымын көрсетеді, негізгі қағидаттарын, мақсаттары мен міндеттерін айқындайды және Қазақстан Республикасы 2015 жылы ратификациялаған Біріккен Ұлттар Ұйымының Мүгедектігі бар адамдардың құқықтары туралы конвенциясының халықаралық нормаларын имплементациялауды көздейді.

Тұжырымдама халықтың, оның ішінде мүгедектігі бар адамдардың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға, олардың қоғамға толыққанды әлеуметтік, экономикалық және саяси қатысуы үшін жағдайлар жасауға бағытталған.

## 2-тарау. Ағымдағы жай-күйді бағалау

***Жұмыспен қамту және еңбек***

Мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамту саясаты жергілікті жұмыспен қамту органдары арқылы бос орындарға жұмысқа орналастыру бойынша делдалдық қызметтер көрсетуді, жұмыс орындарын квоталауды, мүгедектігі бар адамдар үшін арнайы жұмыс орындарын құруды қамтиды.

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексіне сәйкес жергілікті атқарушы органдар ауыр жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есепке алмағанда, мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарының санынан 2-ден 4 %-ға дейінгі мөлшерде жұмыс орындарына квота белгілеу арқылы халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды қамтамасыз етеді.

***Білім беру***

Қазақстанның инклюзивті саясаты халықаралық конвенциялардың талаптарына сәйкес дамуда және мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады.

«Инклюзивті білім беру» ұғымы **«Білім туралы»** Қазақстан Республикасының Заңында бекітілген, ол ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық баланың білім алу құқығына кепілдік береді.

Қазақстан Республикасының 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспарында білім беру жүйесінің қолжетімділігі мен сапасы елдегі адами капиталдың сапасын, еңбек өнімділігінің деңгейін және мамандардың бәсекеге қабілеттілігін алдын ала айқындайтын ажырамас факторлар болып табылатыны атап көрсетілген.

Бірінші және екінші топтағы мүгедектігі бар адамдар, бала кезінен мүгедектігі бар адамдар, мүгедектігі бар балалар үшін техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына оқуға түсу кезінде 10% мөлшерінде қабылдау квотасы, сондай-ақ стипендиялық қамтамасыз ету бойынша жеңілдіктер көзделеді.

**3-тарау. Проблемалы мәселелер**

***Еңбек нарығындағы инклюзивтіліктің жеткіліксіздігі***

Мүгедектігі бар адамдар халықтың экономикалық тұрғыдан осал топтарының бірі болып табылады. Тұрғын үйге, тамаққа, коммуналдық төлемдерге, оның ішінде медициналық қызметтерге және дәрі-дәрмекке жұмсалатын қазіргі шығыс тиісті өмір сүру деңгейін қамтамасыз етпейді.

Мемлекет қабылдаған жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шараларына қарамастан, елімізде мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру деңгейі небәрі 35 %-ды құрайды, ал Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінде бұл көрсеткіш 40 %-дан төмен емес.

Көптеген кәсіпорындар мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру квотасын сақтамайды, қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз етпейді.

Еңбекке қабілеттілікті қайтару, жұмысқа орналастыру немесе жаңа кәсіпті оқыту жөніндегі шаралар кешенін қамтитын кәсіптік-еңбекпен оңалтудың дамуы нашар.

Жұмыс істемейтін респонденттердің шамамен үштен бірі *(29 %)* жұмысқа қабылдаудан бас тартудың негізгі себептері ретінде мүгедектіктің бар екенін атап өтті.

Жұмысқа орналасудың қосымша қиындықтары – бейімделген жұмыс орындарының болмауы, тиісті білім мен тәжірибенің жеткіліксіздігі, жалақының төмендігі.

**Инклюзивті еңбек нарығы**

Мүгедектігі бар адамдардың жұмысқа орналасуы және мансаптық өсуі үшін басқа азаматтармен тең мүмкіндіктерге ие болудағы кедергілерді жою жөніндегі шараларды іске асыру жалғасады.

Оны шешу үшін мүгедектігі бар адамдардың еңбек құқықтарын сақтау және қорғау саласындағы нормативтік құқықтық базаны үкіметтік емес ұйымдар мен бизнес-қауымдастықты тарта отырып одан әрі жетілдіру жоспарлануда.

Бұл ретте мүгедектігі бар адамдарды тұрақты жұмыс орындарына орналастыру және оларды экономикалық белсенділікке қосу инклюзиялық саясаттың маңызды бағытына айналады.

Мүгедектігі бар адамдарды, оның ішінде мемлекеттік қызмет пен квазимемлекеттік ұйымдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғасатын болады.

Мүгедектігі бар адамдардың жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға өтеусіз гранттар беру арқылы кәсіптік біліктілікті арттыру құралдарына

толыққанды қол жеткізу және кәсіпкерлік бастамаға жәрдемдесу құқықтарын қамтамасыз ету маңызды мәнге ие болады.

Ерекше қажеттіліктері бар еңбекке қабілетті азаматтар барлық адамдармен қатар нәтижелі жұмыспен қамтуға белсенді түрде тартылатын болады.

**Инклюзивті білім беру**

Қазақстан Республикасының инклюзивті саясаты барлық білім алушы үшін олардың физикалық, зияткерлік және эмоционалдық ерекшеліктеріне қарамастан, тең жағдайлар мен мүмкіндіктер жасауға бағытталған.

Бұл саясаттың негізі барлығына, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға сапалы білім алуға тең қол жеткізу қағидаты болып табылады.

ЕБҚ бар адамдардың білім алуында үздіксіздік пен сабақтастық қағидаттарын қамтамасыз ету инклюзивті ***білім берудің үздіксіз жүйесінің (балабақша, мектеп, колледж) ұлттық моделін*** енгізу арқылы жоспарланады.

Білімнің қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында техникалық, кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарына түсу кезінде мүгедектігі бар адамдар үшін квоталар ұлғайтылады.

ЕБҚ бар білім алушылардың қоғамға және еңбек нарығына табысты кірігуі үшін қажетті өмірлік және кәсіптік құзыреттерін дамытуға ықпал ететін кәсіптік бағдарлау жұмысының тиімді жүйесі құрылатын болады.

Осылайша, Қазақстан Республикасының инклюзивті саясаты әрбір баланың мүмкіндіктеріне қарамастан, оның әлеуетін толыққанды дамыту және іске асыру үшін жағдай жасауға бағытталған.

Қазақстан Республикасындағы инклюзивті саясаттың 2025-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасына қосымша

## Қазақстан Республикасындағы инклюзивті саясаттың 2025-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспары

### 4-бағыт. Инклюзивті еңбек нарығы

**Нысаналы 3-индикатор.** Жұмыспен қамту органдарына хабарласқан мүгедектігі бар адамдардың жалпы санынан жұмыспен қамтуға жәрдемдесу іс-шараларымен қамтылған мүгедектігі бар адамдардың үлесі: 2025 жылы – 65 %, 2026 жылы – 65,5 %, 2027 жылы – 66 %, 2028 жылы – 66,5 %, 2029 жылы – 67 %, 2030 жылы – 67,5 %.

**Нысаналы 4-индикатор.** Еңбекке қабілеттілер қатарындағы тұрақты жұмыс орындарына жұмысқа орналастырылған мүгедектігі бар адамдардың үлесі: 2025 жылы – 35 %, 2026 жылы – 36 %, 2027 жылы – 37 %, 2028 жылы – 38 %, 2029 жылы – 39 %, 2030 жылы – 40 %.

13. Мүгедектігі бар адамдарды тұрақты жұмыс орнына орналастыру бойынша жұмыс берушілерді ынталандыру үшін іс-шаралар әзірлеу.

14. Мүгедектігі бар адамдарды, оның ішінде мемлекеттік қызмет пен квазимемлекеттік ұйымдарды қоса алғанда, тұрақты жұмыс орындарына жұмысқа орналастыруды квоталау жүйесін одан әрі жетілдіру.

15. Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігін күшейту мақсатында мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру бойынша квотаны орындамайтын жұмыс берушілердің өтемақы төлемдерінің механизімін әзірлеу және мүгедектігі бар адамдарды жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету үшін жұмыс берушілерді ынталандыру.

16. Жұмысқа орналастыру процесінде мүгедектігі бар адамдарды сүйемелдеу технологияларын пайдалана отырып, кәсіптік оңалту тәжірибесін кезең-кезеңімен енгізу.

17. Мүгедектігі бар адамдарды қысқа мерзімді кәсіптік оқыту курстарымен қамту.

**6-бағыт. Инклюзивті білім беру**

28. Мүмкіндіктері шектеулі балаларға кәсіптік бағдар берудің тиімді жүйесін құру.

Осы тарауды аяқтау кезеңінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 207 бұйрығымен бекітілген **«Мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларына»** тоқталамыз.

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарын квоталау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 107-бабы 2-тармағына сәйкес әзірленді және мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарына квоталау тәртібін белгілейді.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

3) ***жұмыс орындарының квотасы*** – ауыр жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының пайыздық көрсетілімінде мүгедектігі бар адамдар жұмыс істейтін жұмыс орындарының санын қоса алғанда, жұмыс беруші жұмысқа орналастыруға міндетті еңбек қызметі үшін медициналық қарсы көрсетілімі жоқ мүгедектігі бар адамдар жұмысқа қабылдауға арналған жұмыс орындарының ең аз саны;

4) ***жұмыс орындарын квоталау*** – жергілікті атқарушы органдар белгілеген квотаға сәйкес мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс берушілердің жұмыс орындарын ұсынуы.

**2-тарау. Мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарын квоталау тәртібі**

5. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары жыл сайын ағымдағы жылдың 5 желтоқсанына дейін осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, жұмыс орындары санының екіден төрт пайызға

дейінгі мөлшерінде мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін квота белгілейді.

Квота ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанына қарамастан барлық ұйымдар мен дара кәсіпкерлер үшін белгіленеді.

6. Жұмыс берушілер белгіленген квотаға сәйкес квота енгізілген күннен бастап алты ай ішінде мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын ұсынады.

7. Квота шеңберінде медициналық қорытындыға сәйкес еңбек (қызметтік) міндеттерін атқаруға қарсы көрсетілімдері жоқ мүгедектігі бар адамдар жұмысқа орналастырылады.

8. Квотаны облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдар жұмыскерлердің мынадай тізімдік саны бар ұйымдарға:

елуден жүз адамға дейін – жұмыскерлердің тізімдік санының екі пайызы мөлшерінде;

жүз бірден екі жүз елу адамға дейін – жұмыскерлердің тізімдік санының үш пайызы мөлшерінде;

екі жүз елу бірден артық адам – жұмыскерлердің тізімдік санының төрт пайызы мөлшерінде белгілейді [13].

Құқықтық базаны талдау барысында Қазақстан Республикасының Конституциясы ҚР-ның барлық азаматтарының білім беру, еңбек және халықты әлеуметтік қорғау салаларында құқықтары мен бостандықтарының теңдігін жариялап, мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғаларға дені сау отандастарымен қатар тең мүмкіндіктер беру жағдайларын қарастыратынын көрсетті. Қазақстан Республикасының заңнамасы әркімге қауіпсіздік пен гигиена талаптарына жауап беретін жағдайларда еңбек ету құқығы және жұмыссыздықтан қорғау құқығын кепілді түрде жариялайды. Онымен қоса төмендегідей жағдайлар бар:

- Қазақстан Республикасында мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғалар еліміз 2015 жылдың ақпан айының 20-нда ратификациялаған БҰҰ-ның Бас Ассамблеясында «Мүгедектердің құқықтары туралы» Конвенциияның ережелеріне сәйкес өзінің материалдық жағдайын жақсарту мақсатында жұмыс жасауға құқылы;

- мүгедектігі бар тұлғаларға мүгедектігі болуына байланысты білім алу, жұмысқа орналасу, мансаптық өсу, біліктілігін көтеру және басқа да қызметтерді алу кезінде кемсіту болмауы кепілді түрде жарияланады;

- басқа да қызметкерлермен салыстырмалы түрде (тура осындай жұмысты атқаруға қатысты) еңбекақы кепілді түрде беріледі;

- жұмыспен қамтамасыз ету қызметінің мемлекеттік қызметтер түрлерін қолдануға кепілдік беріледі;

- жұмыскердің денсаулық жағдайын нашарлатып, әлде аурудан сауығуы мүмкін болмай қалатын жұмыстарды орындаудан бас тарту құқығын қамтамасыз етеді.

Халықаралық құжаттар мен Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерін талдап, еліміздің заңнамасында теориялық деңгейде төмендегілер белгіленетінін сенімді түрде айта аламыз:

• мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғалардың қоғам өмірінің барлық салаларында мүмкіндіктер теңдігі;

• «Мамандықтар Атласына» сәйкес мүгедектігі бар тұлғаларды 400-ден астам мамандықтарға оқытуды ұйымдастыру;

• мүгедектігі бар тұлғаларды жұмысқа қабылдау үшін квоталар және азаматтардың аталған санаттарына арнайы жұмыс орындарын дайындау;

• мүгедектігі бар тұлғаларды жұмысқа орналастыру мақсатында кәсіпорындарда қосымша жұмыс орындарын (оның арасында арнайылары бар) жасауға ынталандыру;

• мүгедектігі бар тұлғалардың кәсіпкерлікпен айналысуы үшін жағдайлар жасау;

• мүгедектігі бар тұлғалардың жұмыспен қамтамасыз етілуіне жұмыс берушілердің жауапкершілігі;

• мүгедектігі бар тұлғалардың өміртіршілігін қамтамасыз етуде кәсіпорындар мен ұйымдардың қатысуын мемлекет тарапынан ынталандыру және басқалар.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғалар түрлі мамандықтар бойынша оқытылып, қоғамның басқа да мүшелерімен бірге және бір деңгейде еңбек ете алады. Онымен қоса заңнамаға сәйкес мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғалардың еңбегі мемлекет тарапынан қолдау тауып, жұмыс орындарын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету, мүгедектігі бар тұлғалардың бірлестіктерінің ортақ мақсаттарға жету мақсатындағы әрекеттері салық тұрғысынан жеңілдіктермен болуы бар. Жоғарыда аталған азаматтардың санаттарының құқықтары өміртіршілігінің барлық салаларында кез келген адамның құқықтарынан еш айырмасыз сақталып, жүзеге асуы керек. Халықаралық құжаттар мен ҚР-ның нормативтік-құқықтық актілерін талдау нәтижесінде Қазақстан Республикасының заңнамасына мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғаларды кәсіби бағдарлау, кәсіби-еңбекке дайындау, кәсіби оңалту мен қауымдастық өміріне араласуы мәселелері бойынша толықтырулар мен өзгерістер ұсынылды. Олардың барлығы жұмысымыздың № 1-Қосымшасында еліміздің НҚА-леріне өзгерістер мен толықтырулар бар Салыстырмалы кесте түрінде берілді.

Мүмкіндіктері шектеулі балалар мен жасөспірімдер, мүгедектігі бар тұлғалардың кәсіби дайындығы мен еңбекпен оңалтылуы олардың дене, ақыл-ойының дамуы және қалауларына сәйкес келетін білім алуға, жалпыға қолжетімді тегін орта және бастауыш кәсіби, конкурстық негізде техникалық және кәсіби, орта білімнен кейін, жоғары кәсіби білім алу құқықтарын қамтамасыз етумен шектелмеуі қажет. Мемлекет заманауи қажеттіліктерге сәйкес келетін сапалы білім беруді қамтамасыз ету керек. Барлық ведомствалар Қазақстан Республикасының азаматтарының төмендегі

құқықтарын жүзеге асыруға жағдай жасап, қолдау көрсетуі керек: еңбекке байланысты тәрбиелеу, кәсіби бағдарлау, кәсіби диагностика, кәсіби дайындық және қайта даярлау, қызмет ету түрі мен әрекет ету саласы, сонымен қоса мамандығын еркін түрде таңдау, алған біліміне не болмаса кәсіби дайындығына сәйкес оқу кезеңі біткен соң жұмысқа орналасу, еңбек бостандығы мен қорғалуы, Қазақстан Республикасында бекітілген тәртіпте еңбекақы төлеу және т.б.

Мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғаларды кәсіби-еңбекпен оңалтуға қатысты нормативтік-құқықтық базаны қарастырып, МШ және мүгедектігі бар адамдарды кәсіби-еңбекке оқыту және жұмысқа орналастыру елімізде қабылданған заңнама мен Қаулылар, ведомствалар басшылары қол қойған Бұйрықтар мен Ережелер, әсіресе жұмыс орындарын квоталау және еңбек әрекеттеріне керек жағдайларды жасау туралы ресми құжаттар арқылы теориялық тұрғыдан болуда. Жұмысымызды жүзеге асыру барысында әлде де кейбір мүгедектігі бар азаматтар кәсіби-еңбекке оқыту және дайындықтан өту, жұмыс орындарын дайындау, жұмысқа орналастыру т.б. бағдарламалармен қамтылмағанын байқадық. Осы орайда төмендегілер қажет деп есептейміз:

- ✓ мүгедектігі бар тұлғалардың жеке оңалту бағдарламаларына сәйкес еңбек жағдайларын жасау;
- ✓ мүгедектігі бар тұлғалардың еңбек арқылы оңалтудың мақсатты жеке бағдарламаларын дайындау және олардың міндетті түрде болуы, осындай бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асырумен байланысты кәсіпорындар мен мекемелерде болуы;
- ✓ мүгедектігі бар тұлғаларды жұмысқа қабылдауға байланысты квотаны орындау;
- ✓ МШ және мүгедектігі бар тұлғаларды жұмысқа орналастыру үшін қосымша жұмыс орындарын (оның арасында арнайылары бар) ашуға ынталандыру;
- ✓ МШ және мүгедектігі бар тұлғаларды жұмысқа орналастыру үшін мамандықтар бойынша ең тиімді және орнықты жұмыс орындарын резервілеу;
- ✓ мүгедектігі бар тұлғалардың еңбегін қолданып отырған және олардың қатысуымен әрекеттеніп отырған кәсіпорындар, мекемелер мен үкіметтік емес ұйымдардың жеңілдікпен қаржылай-несиелік саясаты.

Біз үнемі Халықаралық құжаттар мен Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық базасын қарастырып, заңнамаға енгізіліп отырған өзгерістер мен толықтырулар Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың Ұлттық ғылыми-практикалық Орталығының сайтының «Арнайы және инклюзивті білім берудің нормативтік-құқықтық базасы» рубрикасына жариялану үшін қазақ және орыс тілдерінде ұсынылады. № 2 Қосымшада аталмыш Әдістемелік нұсқаулықтың авторының *«Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар студенттерді оқыту барысында Қазақстандық заңнама және халықаралық құжаттардың негізгі қағидаттарын орындау жағдайы»* атты мақаласы берілді. Бұл материалдар 2024 жылдың мамыр

айының 15-нде Қызылорда облыстық білім басқармасының «Қызылорда облыстық оқу орталығы» және Қызылорда қаласында орналасқан «ORDA» жоғары колледжінің ұйымдастыруымен болған ***«Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді оқыту үшін оқу құралдары мен дидактикалық кешендерді дайындау мәселелері»*** тақырыбындағы халықаралық конференция барысында баяндалды.

## Тарауда қолданылған халықаралық құжаттар мен Қазақстан Республикасының НҚА тізімі

1. 1995 жылғы тамыз айының 30-ндағы Қазақстан Республикасының Конституциясы.
2. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы шілденің 27-дегі «Білім туралы» № 319-III Заңы.
3. Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы желтоқсанның 10-нда қабылданған Адам құқықтарының жалпыға бірдей Декларациясы.
4. Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясында 1989 жылдың қараша айының 20-нда қабылданған «Бала құқықтары туралы Конвенция».
5. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы тамыздың 8-ндегі «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» № 345 Заңы.

6. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы шілденің 11-ндегі «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» № 343 Заңы.

7. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясында 2006 жылғы желтоқсанның 13-нде қабылданған «Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенция».

8. Қазақстан Республикасының 2023 жылғы сәуірдің 20-ндағы «Қазақстан Республикасының Әлеуметтік Кодексі» № 224-VII Кодексі.

9. «Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы» атты Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы маусымның 29-дағы № 260 бұйрығы.

10. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы қарашаның 23-ндегі «Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі» № 414-V Кодексі.

11. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» атты № 249 Қаулысы.

12. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы желтоқсанның 30-ндағы № 1143 қаулысымен бекітілген «Қазақстан Республикасындағы инклюзивті саясаттың 2025-2030 жылдарға арналған тұжырымдамасы».

13. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 207 бұйрығымен бекітілген «Мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарын квоталау қағидалары».

## 3-Тарау. Қазақстан Республикасының арнайы мектептерінде зиятында бұзылыстары бар білім алушыларды кәсіби бағдарлау және кәсіби-еңбекке дайындау жағдаятын талдау және өзекті мәселелері

Зерттеуіміздің мақсат-міндеті ретінде белгілеп қойған мәселелерді қарастыру барысында арнайы білім беру ұйымдарында зиятында бұзылыстары бар балаларды кәсіби бағдарлау және кәсіби-еңбекке дайындау, аталған санаттағы білім алушыларды мамандық пен кәсіпке оқыту бойынша жұмысты ұйымдастыру кезінде мектептерді материалдық-техникалық және кадр тұрғысынан қамтамасыз ету үдерісінің мәселелерін белгілеу және жалпы жағдаятты анықтау мақсатында арнайы мектептердің басшылығы мен еңбек пәндерінің мұғалімдеріне сұрақтар қою үшін мемлекеттік және орыс

тілдерінде екі сауалнама дайындалды. Сауалдар төмендегідей тізімде болды, ең маңыздыларын атап өтейік:

1. Мектеп жағдайында білім алушылардың кәсіби бағдарлау жұмысы қалайша жүзеге асырылады?

2. Оқушыладың мамандық таңдау үдерісі қалай ұйымдастырылады?

3. Кәсіби еңбекке дайындық, кәсіби білім беру және тәжірибеден өту қалай ұйымдастырылады?

4. Жоғарды аталған үдерістерге кімдер қатысады және жұмыс барысында қандай құжаттама қолданылады?

5. Мүмкіндіктері шектеулі оқушыларды кәсіби еңбекке даярлау және жұмысқа орналастыру барысында қандай қиындықтар туындайды?

6. Білім алуда ерекше қажеттіліктері немесе мүгедектігі бар тұлғаларды кәсіби бағдарлау, кәсіби еңбекке және даярлау еңбекке баулу барысында қандай қиындықтар туындайтыны туралы пікіріңізбен бөліссеңіз.

7. Мектеп түлектерін кәсіби еңбекке дайындау, оқу-өндірістік тәжірибеден өткізу, жұмыс орнын дайындау және жұмысқа орналастыру барысында қандай сұрақтар туындайды?

Нақты айтқанда сұрақтардың кейбірі зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектеп құрылымында колледж қызметін ұйымдастырған әріптестерге арналды. Барлық жауаптар осы Тарауда берілген ақпаратта бар.

Екінші сауалнамамыз зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің түлектері және олардың ата-аналары (заңды өкілдеріне) арналды, онда төмендегідей сұрақтар болды:

1. Сіз оқыған мектеп жағдайында кәсіби бағдарлау және мамандық таңдау бойынша жұмыс жүргізілді ме?

2. Мамандық таңдау барысында Сіз қандай мәселелермен бетпе-бет кездестіңіз?

3. Сіз қандай мамандықты таңдап, ол бойынша оқуды қалайсыз?

4. Сіз таңдаған мамандықты меңгеру үшін қандай мекеме жарар еді?

5. Өзіңіз оқыған мектеп жағдайында таңдаған мамандық бойынша оқып, дайындықтан өтуді қалайсыз ба?

6. Оқыған мектебіңіздің еңбек пәндері мұғалімдерімен кәсіби еңбекке даярлықтан өтуге дайынсыз ба?

7. Мектебіңізде еңбек шеберханалары мен кәсіби-еңбекке оқыту пәндері кабинеттері бар ма?

8. Қандай мамандықтар Сізге қызық болуда?

9. Жұмыс жасауды қалайсыз ба?

10. Сіз өзіңізді еңбекке жарамдымын деп есептейсіз бе?

11. Еңбек етіп жүрсеңіз, қандай мамандық бойынша және қайда жұмыс жасаудасыз?

12. Жұмыс жасамасаңыз, себебін көрсетіңіз.

13. Сізге өндірістік оқытудың қандай түрлері жағымды?

14. Сізге қандай күн тәртібі дұрыс болады?

15. Денсаулық жағдайыңызға байланысты жұмыс жасаудың қандай жағдайлары Сізге жарамды?

16. Сіздің кәсіби бағдарланып, нәтижелі түрде кәсіби оңалуыңызға қандай мамандардың қолдауы қажет?

17. Бұған дейін әлеуметтік жұмыс бойынша маманның көмегіне жүгінуге мүмкіндігіңіз болды ма?

18. Сіздің пікіріңізше қандай мекемелер мүгедектігі бар тұлғаларды нәтижелі түрде жұмысқа орналастыра алады?

19. Меншік нысанына қарай кәсіпорындардың қайсысы Сізге жұмысқа орналасуға ұсыныстар жасауда?

20. Сіздің денсаулық жағдайыңызға жұмыс жасау және ұжымда еңбектену әсер ете ме?

Қорытындысында мектеп түлектерінен өздері туралы кішігірім ақпарат беріп, деректер ұсынуды сұрадық.

Жоғарыда көрсетілген сауалнамалар бойынша жауаптарды талдау Қазақстан Республикасының арнайы мектептерінде зиятында бұзылыстары бар балаларды кәсіби бағдарлау және кәсіби еңбекке дайындау мәселелері бойынша Аналитикалық анықтамада беріледі. Аталмыш Әдістемелік нұсқаулықтың авторы барлық өңірлердегі арнайы мектептердің басшылары, педагогтары және еңбек пәндері мұғалімдерімен тығыз байланыста болғандықтан зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған мектептер, арнайы мектеп-интернат-колледждер, Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарындағы әріптестерінен зиятында бұзылыстары бар білім алушыларды кәсіби еңбекке оқыту, жоғарыда аталған түрдегі арнайы мектептердің 10-сыныптарында еңбекке дайындау және зиятында бұзылыстары бар балалар, жасөспірімдер мен жастарды қосқанда білім алуда ерекше қажеттіліктері бар тұлғаларды одан ары жұмысқа орналастыру бойынша ақпаратты сұратты. Қол жеткізген материалдарды өңдеп, нәтижелі кейстер мен әріптестердің жұмыс тәжірибесіне барынша назар аударып, олармен осы Тарауда бөлісу туралы шешім қабылдадық.

## I. Алматы қаласы білім Басқармасы «№ 7 арнайы мектеп-интернаты» КММ-і

Арнайы мектеп-интернаттың негізгі міндеті – зиятында бұзылыстары бар оқушыларды қоғамға кіріктіру мақсатында оларды әлеуметтік тұрғыдан бейімдеу және кәсіптік-еңбекке даярлау. Еңбекке оқытудың мақсаты ретінде оқушылардың қызығушылықтары, қабілеттері мен дене және психикалық мүмкіндіктерін ескере отырып, болашақ мамандықты таңдауға дайындау болып табылады. Мектепте еңбекке баулу үдерісі төмендегі профильдермен ұсынылған:

1. Тігін ісі.
2. Ағаш өңдеу ісі.

3. Аяқ киім ісі.
4. Картон-түптеу ісі.
5. Флористика.

Мектепте төмендегідей кабинеттер, шеберханалар мен еңбекке оқыту жайлары жабдықталған: тігін ісі бойынша 3 кабинет, ағаш өңдеу ісі бойынша кабинет пен шеберхана, картон-түптеу және аяқ киім ісі бойынша кабинеттер, бөлме гүлдерін өсіруге арналған жылыжай және көкөністер өсіретін жылыжай. «Қазақстан халқына» Қоғамдық Қоры ағаш ұстасы шеберханасы, бейнелеу өнері және тігін ісі кабинеттерін жабдықтады.

Тігін ісі кабинеттері:

кабинет





2-кабинет






3-кабинет





Ағаш өңдеу ісі кабинеті мен шеберханасы:

1-кабинет



ағаш шеберханасы





Аяқ киім ісі



Картон-түптеу ісі кабинеті

аби





Флористика

 

Жылыжай



Мектепте оқушыларды қоғамға неғұрлым табысты кіріктіру, мектеп түлектері оқуға түсетін Алматы технология және флористика колледжімен (АТжФК) тығыз қарым-қатынас жасау үшін жылыжайлар жұмыс істейді. 2021-2022 оқу жылынан бастап № 7 мектеп-интернаты биология, жаратылыстану және флористика пәндерін оқу-тәрбие үдерісіне кіріктіру мақсатында «Жасыл мектеп» пилоттық жобасына қатысатын Алматы қаласының 16 мектебінің қатарына енді. Мектептің пилоттық ұйым ретіндегі тәжірибесі жоғары бағаланып, қалалық және республикалық іс-шаралар аясында жинақталды. Жылыжайда оқушылар мұғалімдердің басшылығымен көкөністер мен аскөктерді өсіреді, олар ай сайын мектеп оқушылары қосымша тамақтануы үшін мектеп асханасына беріледі.

Балаларды әлеуметтік бейімдеу және ересек өмірге дайындау бойынша мектеп жұмысының бағыттарының бірі ретінде оқушыларды кәсіптік бағдарлау болып табылады. Мектеп балаларды бірлесіп жұмыс істейтін колледждермен таныстырады. ТжКБ ұйымдарында оқушылар мектепті бітіргеннен кейін зияты бұзылған адамдарға ұсынылатын мамандықтар бойынша колледжде оқуын жалғастыра алады. Мектепте оқушыларды кәсіптік бағдарлау мақсатында семинарлар, «дөңгелек үстелдер», сынып сағаттары өткізіледі, онда олар мамандықтар әлемімен танысады, өздерінің ата-аналары, ата-әжелері туралы айтып, олардың мамандықтарды таңдау тарихы туралы әңгімелерімен бөліседі. Сынып жетекшілері мен тәрбиешілері жеке және

топтық кәсіптік бағдар беру сабақтары, әңгімелер және пікірталастар өткізеді. Алматы технология және флористика колледжінде жыл сайын арнайы мектеп түлектері мен олардың ата-аналары үшін «Ашық есіктер күндері» өткізіледі. Оқуды бітіргеннен кейін оқушыларымыз АТжФК-те жұмысшы мамандығын алады.

Мектеп пен отбасы бастапқыда бірін-бірі толықтыруға және өзара әрекеттесуге арналған екі маңызды білім беру институты болып табылады. Осы мақсатта мектепте ата-аналармен бірлескен жұмыс жүргізіледі, жүйелі түрде сыныптық және жалпы мектептік ата-аналар жиналыстары, «дөңгелек үстелдер», Еңбек мерекелері өткізіледі, оларда балаларды еңбекке тәрбиелеудің ең өзекті мәселелері талқыланады және ата-аналар өздерін қызықтыратын сұрақтарға жауап ала алады. Еңбек және технология пәндері бойынша мұғалімдердің үлкен жұмыс тәжірибесі бар, олар әртүрлі шараларды ұйымдастырып, өткізеді.

2024-2025 оқу жылында 10-сыныптармен жұмыс ұйымдастырылды: 10 А сыныпта зиятының жеңіл түрде бұзылыстары бар 25 оқушы, оның 17-сі мектепте, 8-і үйде оқиды. 10 Б сыныбында зиятының орташа түрде бұзылыстары бар 24 оқушы, оның ішінде 12 бала мектепте, 12 бала үйде оқиды. 10-сыныптарда келесі Еңбек профильдері негізге алынды:

- 10 А сынып ұлдары үшін (ЗЖтБ) ағаш өңдеу ісі;
- 10 Б сынып ұлдары үшін (ЗОтБ) аяқ киім ісі;
- 10 А және 10 Б сынып қыздары үшін тігін ісі.

Мамандықты немесе еңбек бейінін таңдау әр оқушының жеке мүмкіндіктері, қызығушылықтары және білім деңгейі, біліктілігі мен дағдыларын ескере отырып жүзеге асырылады.

Зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің түлектеріне жоғары зияткерлік талаптар қойылмайтын мамандықтар қолжетімді. Сондықтан еңбекке оқыту оқушылардың дене және ақыл-ойының даму мүмкіндіктерін ескере отырып құрылады. Оның түпкі мақсаты – оқушыларды қазіргі қоғам жағдайында қарапайым жұмыс түрлерін өз бетінше орындауға дайындау.

Кәсіптік бағдарлау, кәсіптік-еңбекке даярлық және еңбекке баулу үдерістерін жүзеге асыру үшін қосымша жеке жұмыс цехтары мен шеберханаларын ұйымдастыру қажет, өкінішке орай мектептің толып кетуіне байланысты қосымша бөлмелер мен сыныптар жоқ.

## II. Алматы қаласы Білім басқармасы «№ 6 арнайы мектеп-интернат» КММ-і

Алматы қаласы Білім басқармасының «№ 6 арнайы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2012-2013 оқу жылынан бастап зиятының жеңіл түрде бұзылыстары бар оқушыларға 10-сыныптарда кәсіби оқыту жүзеге асырылады. 2024-2025 оқу жылы орыс тілінде білім алатын зиятының орташа түрде бұзылыстары бар оқушыларға арналған 10-сынып

ашылды. Қазіргі уақытта 10-сыныпта бағдарламаның екінші түрі бойынша оқитын 7 оқушы бар.

Мектепте кәсіби еңбекке оқыту келесі бейімдеу бойынша жүргізіледі: ағаш ұстасы, тігін ісі, қышпен жұмыс және гүл өсіру. Кәсіптік оқыту бойынша іріктеу кезінде оқушылардың қабілеттері, мамандықтарға бейімдері, дене және психикалық ерекшеліктері ескеріледі.

Мектепте 5 жабдықталған шеберхана бар: екеуі тігін ісі, біреуі ағаш өңдеу, тағы біреуден қыш өңдеу мен гүл өсіруге арналған. Тігін және ағаш ұстасы шеберханалары «Қазақстан халқына» ҚҚ-ның демеушілік көмегімен жабдықталған, қышпен жұмыс шеберханасы «Аяла» қоры, қалған шеберханалар «Қазақстан Халқына» Қорының бюджеті есебінен жабдықталған.

Токарлық станок



Металл және ағашты бұрғылау машинасы



Едендік токарлық станок



Жұмыс станогы



**Тігін ісі кабинеті**





Матаны кесуге арналған үстел     Тігін машинасының астына арналған үстел





Қол еңбегі бұйымдарына арналған жартылай ашық шкаф

Кәсіптік-еңбек оқыту, жалпы еңбекке даярлық, қолөнер және шаруашылық еңбек бойынша сабақ жүргізетін мұғалімдердің жұмыс тәжірибесі мол және біліктілігі жоғары.

## III. Абай облысы Білім беру Басқармасының «№ 6 арнайы мектеп-интернаты» КММ-і

Абай облысы білім басқармасының «№ 6 арнайы мектеп-интернаты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2022-2023 оқу жылынан бастап 10-сыныптарда оқыту жүргізіледі. 2024-2025 оқу жылына екі 10-сынып (қазақ тілінде оқитын 10 оқушы, орыс тілінде оқитын 11 оқушы) бар. Мектепте кәсіби-еңбекке баулу келесі салалар бойынша жүргізіледі: тігін ісі, ағаш ісі, сылақ-сырлау ісі, көркем еңбек және гүл өсіру.

Кәсіби-еңбекке баулу салаларын таңдауда оқушылардың мамандыққа қабілеттері, аңғарымдары, дене және психикалық ерекшеліктері және сынып құрамы ескеріледі. 9-10 сыныптарда еңбек тәжірибесі қарастырылған және мектеп-интернатта өткізіледі, күнтізбелік-тақырыптық жоспар өткен тақырыптар бойынша құрастырылады.

Мектепте жабдықталған 6 шеберхана бар: тігін ісі – 2, ағаш ұстасы – 1, сылақ-сырлау ісі – 1, жалпы еңбекке баулу – 1, көркем еңбек – 1, гүл өсіру кабинеті – 1. Тігін ісі және ағаш ұстасы шеберханалары «Қазақстан халқына»

қорының демеушілігінің арқасында толықтай замануи құралдармен, қалған шеберханалар мемлекеттік бюджет есебінен жабдықталған.

Кәсіби-еңбекке баулу және жалпы еңбекке даярлау пәндерінен сабақ беретін мұғалімдердің біліктілігі жоғары және зиятының бұзылыстары бар балалармен жұмыс істеуде тәжірибелері мол. Мектеп-интернатта кабинеттердің тапшылығына байланысты дәліздердің бұрыштары кабинеттерге лайықталған, шеберханалар жетіспейді, еңбекке баулу сабақтарының біразы сыныптарда өтеді.

Бүгінгі күнде «№ 6 арнайы мектеп-интернаты» КММ-і Абай облысындағы зиятында бұзылысы бар балаларға арналған жалғыз арнайы мектеп-интернаты болып табылады.

## IY. Жетісу облысы «Сарқан қаласының облыстық № 3 арнайы мектеп-интернаты» КММ-і

Сарқан қаласындағы зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған № 3 арнайы мектеп-интернатында кәсіптік оқыту бойынша 3 шеберхана жұмыс істейді. Онда оқушылар тігін ісі, ағаш ісі, темір ұстасы бағыттары бойынша білім алып, еңбек дағдылары қалыптасады. Оқушылар тігін ісі бойынша «Mamania SchooI» шығармашылық этноорталығының филиалындағы қолөнер үйірмесіне қатысады.









Қазіргі таңдағы «Жасыл ел» және «Еңбегі адал жас өрен» атты әлеуметтік жобалар балалардың өмірінде маңызды әрі мәнді. Олар зиятында бұзылыстары бар оқушылардың әлеуметтік бейімделуі және кірігуіне бағытталған. «Жасыл ел» жобасы барысында «Жоңғар-Алатау» мемлекеттік

ұлттық табиға паркі» Республикалық мекемесі және «Азия Голд» ЖШС-мен ынтымақтастықта оқушыларды өсімдіктану, дәрілік өсімдіктерді өсіру және күтуге үйретеді.




Кәсіби бағдарлау бойынша жұмыс оқу сабақтары, тәрбие шаралары және сынып сағаттары арқылы мектеп түлектерінің басым бөлігі мектеп бітіргеннен кейін оқитын Сарқан политехникалық колледжі, Сарқан көпсалалы колледжі, «Мамания мектебі», Жоңғар-Алатау мемлекеттік ұлттық табиғи паркі, «Азия Голд» ЖШС-і, «Сарқан Май» ЖШС-і, «Сарпластрой» ЖШС-і және жеке кәсіпкерлермен (СТО, киім, аяқ киім шеберханалары) ынтымақтастықта жүзеге асырылады.

Еңбек бейінін таңдау үдерісі мамандық бойынша білім негіздерін қалыптастыру, медициналық көрсетілімдер және қарсы көрсетілімдерге сәйкес ұсынылатын кәсіптердің қолжетімділігі, дене және психикалық мүмкіндіктері, еңбек нарығының қазіргі жағдайы мен Жетісу облысының кәсіпке сұранысын ескере отырып, оқушылардың оқу және еңбек қызметінің мүмкіндіктерін жүзеге асырудан тұрады.

Кәсіптік оқыту оқу үдерісінің оқу жоспары және күнтізбелік кестесіне сәйкес жүзеге асырылады. Әдетте сынып екі топқа бөлінеді: қыздар тігіншілікті үйренеді, ұлдар ағаш ісі мен темір ұстасының қыр-сырын меңгереді. Жоғарыда аталған үдерістерге еңбек пәнінің мұғалімдері мен тәрбиешілер қатысады. Мектеп-интернатта 6 еңбек пәні мұғалімі жұмыс істейді.

Кәсіптік оқыту барысында оқытуға қажетті жағдайлар жоқ, пәндік кабинеттердің ауданы жеткіліксіз, мектеп қорында оқу-әдістемелік және дидактикалық материалдар аз. Әдістемелік жұмыс барысында кәсіптік оқыту бағдарламаларын дайындауда мәселелер туындайды.

Мектептің материалдық-техникалық базасы кәсіптік бағдарлау, кәсіптік оқыту және еңбекке баулуды жүргізуге 100% дайын. Кабинеттерде Original Prusa MINI 3D принтері, ағаш өңдеуге арналған қалыңдатқыш станок, металл және ағаш бұрғылау станогы, функционалды қалыңдатқыш ағаш өңдейтін станок, лазерлік гравюралық құрал, 3D модельдерін кесуге арналған модульдік құрал, еденге орнатылған ағаш өңдеуге арналған құрал, электр қайрауыш, ағаш ісіне арналған әртүрлі электр құралдары, компьютерлік тігін мәшинесі, электронды тігін мәшинесі, тоқыма мәшинесі, үтіктеу тақтасы, манекендер, үтіктер, оверлоктар бар, олардың біразы «Қазақстан халқына»

қоғамдық қорының арнайы білім беру ұйымдарына демеушілік қолдау ретінде берілді.








Жұмыс барысында бірқатар ұсыныстар туындады: мамандықтар бойынша оқыту мәселелеріне қатысты нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу кезінде зиятында бұзылыстары бар балаларды арнайы білім беру ұйымдарында одан ары кәсіптік оқыту жүйесін ойластыру қажет. Оқушыларды кәсіптік еңбекке оқыту және жұмысқа орналастыру кезінде білім беру қызметінің бағыттары шектеулі мүмкіндіктерімен ерекше білім беру қажеттіліктерін ескере отырып құрылуы керек. Оқытылатын мамандықтардың (мысалға, тігінші, орманшы, слесарь және т.б.) қажеттілігін зерттеп, жұмыс орындарын құру мәселесін пысықтау және ұйымда тағылымдамадан өту және одан әрі жұмысқа орналасу туралы келісімшарт жасау қажет.

Жеке еңбек шартының барлық егжей-тегжейлерін қарастыру қажет деп санаймыз: қызметкер мен жұмыс беруші арасындағы жазбаша жасалған екі жақты келісім, оған сәйкес қызметкер жұмыс берушінің актілерін орындай отырып, белгілі бір мамандық, біліктілік немесе лауазым бойынша жұмысты орындауға міндеттенеді. Ал жұмыс беруші қызметкерге заңнамада және Ұжымдық шартта көзделген еңбек ақысы және қызметкерге тараптардың келісімінде көзделген басқа да жағдайларды уақытылы жасап, барлық сомаларды толық көлемде төлеуге міндеттенеді.

## Ү. «Алматы облыстық білім басқармасы» ММ-і «№ 3 облыстық арнайы мектеп -интернаты» КММ-і

«№ 3 облыстық арнайы мектеп-интернаты» КММ-де еңбек пәндері бойынша 5 кабинет бар. Олар: 2 тігін ісі кабинеті, 1 қол еңбегі кабинеті, 1 ағаш жону ісі кабинеті және 1 ағаш шеберханасы.

Кәсіптік бағдарлау жұмысының мақсаты – білім алушыларға оқу бейінін, сондай-ақ болашақ кәсіптік қызмет саласын таңдауда ақпараттық қолдау көрсету, түлектерді техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында үздіксіз кәсіптік білім алуға дайындау болып табылады. Кәсіптік бағдарлау жұмысына еңбек пәні мұғалімдері, басқа пән мұғалімдері, педагог-психологтар, сынып жетекшілері, тәрбиешілер, әлеуметтік педагог және мектеп кітапханашысы қатысады. Мектеп-интернатта кәсіптік бағдарлау жұмысы Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының «Орта білім беру ұйымдарындағы кәсіптік бағдарлау жұмысы бойынша әдістемелік ұсынымдарға» сәйкес жүзеге асырылады.

Алға қойылған міндеттерді іске асыру төмендегі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- кәсіптік-еңбекке қатысты ағарту жұмысы;
- білім алушылардың жалпы ой-өрісін кеңейту: кәсіптік бағдарлау мақсатында әртүрлі сынып сағаттары мен әңгімелер өткізу арқылы нақты мамандықтармен таныстыру;
- «Мамандықтар әлемінде» тақырыбында қабырға бұрышын ұйымдастыру;
- алдын ала кәсіби диагностика, оның мақсаты – жеке тұлғаның белгілі бір мамандыққа қатысты мүдделері мен қабілеттерін анықтау;
- болашақ мамандығын таңдауда жеке көмек көрсетуге бағытталған кәсіби кеңестер;
- кәсіби тәрбие беру, оның мақсаты – білім алушылардың бойында парыз сезімін, жауапкершілік, кәсіби ар-намыс пен абырой сияқты қасиеттерді дамыту.

Кәсіптік және еңбек тәрбиесі семинарларға қатысу, техникалық және кәсіптік оқу орындарына ашық есік күндеріне бару, кәсіптік-техникалық колледждер өкілдерімен кездесулер, еңбек пәні апталығын өткізу арқылы жүзеге асырылады. Мектеп түлектері ата-аналарымен бірге «Алматы технология және флористика» колледжі ұйымдастырған «Мамандық таңдау – болашаққа бастар жол» тақырыбындағы шараға және «Біз таңдайтын мамандықтар» атты практикалық семинарға қатысады. Семинар аясында колледж оқытушылары, ата-аналар және түлектер арасында сындарлы сұқбат өткізілді.





Кәсіптік және техникалық білім беру ұйымдарына бару: Алматы технология және флористика колледжі мен Алматы облысының С. Жандосов атындағы кәсіптік-техникалық колледжіндегі ашық есік күндері.





Көлсай кәсіптік-техникалық колледжінің өкілдерімен кездесу






Мектепте әр оқу жылында еңбекке баулу апталығы ұйымдастырылып, ашық сабақтар, «дөңгелек үстелдер», «Еңбек адамы», «Менің таңдауым» және т.б тақырыптарда тәрбие сағаттары өткізіледі.







Кәсіптік бағдар беру жұмысының мақсаты – білім алушылардың оқу бейіні бойынша бейімділігі және мүмкіндіктерін ескере отырып мамандыққа

бағдарлау. Мектеп психологы төмендегі әдістер арқылы диагностика жүргізеді: Е.А. Климованың «Дифференциалды диагностикалық сауалнамасы»; Е.П. Ильиннің «Психомоторлық көрсеткіштерге негізделген жүйке жүйесінің қасиеттерін жедел диагностикалау әдістемесі»; Сауалнама әдістемесі, авторы Р.П. Карпилина т.б. Сондай-ақ биылғы оқу жылында психолог сынып жетекшілері және тәрбиешілермен бірлесе отырып, білім алушылардың кәсіптік бағдар картасын жасау бойынша жұмыс жүргізуде.

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| Толтырылған күні | | | | |
| Білім алушының АӘТ | | | | |
| Ата-анасы (жұмыс орны, мамандығы) | | | | |
| | **2-сынып** | **5-сынып** | **8-сынып** | **10-сынып** |
| 1. Сізге қандай пәндер ұнайды? | | | | |
| 2. Қандай пәндерді жақсы меңгердіңіз? Бағаларыңыз қандай? | | | | |
| 3. Сізге қандай пәндер қиын болды? Бағаларыңыз қандай? | | | | |
| 4. Сыныптан тыс іс-шараларға қатысасыз ба? | | | | |
| 5. Қызығып шұғылданатын ісіңіз немесе хоббиіңіз (үйірмелер, факультативтер, секциялар) | | | | |
| 6. Қандай мамандық ұнайды? | | | | |
| 7. Қандай маман иесі болғыңыз келеді? (мамандық атауы) | | | | |

2024-2025 оқу жылында ата-аналардың өтініші бойынша және типтік оқу бағдарламасына сәйкес 10-сынып ашылды. Оқу жоспарына сәйкес еңбекке баулу пәндері басым болып келеді. Бұл арнайы мектептің түлектерді өз бетінше өмірге және еңбекке дайындаумен байланысты.

Мектептің 1-3 сыныптарындағы «Қол еңбегі» пропедевтикалық курсы қол моторикасы, қабылдау, көрнекі-тиімді ойлауды дамыту, еңбексүйгіштік, ұқыптылық және жалпы еңбек дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. 4-6 сыныптардағы «Жалпы еңбекке дайындық» пәні оқушылардың еңбекке деген жалпы көзқарасын қалыптастырады, болашақ мамандықты таңдауы, өз кәсібін табуға көмектеседі. 7-10 сыныптардағы кәсіптік оқыту қолжетімді кәсіп түрлері бойынша негізгі кәсіби дағдыларды дамытуға бағытталған.

2024-2025 оқу жылынан бастап өндірістік 10-сыныптағы оқу үдерісі 4 шеберхана базасында жүзеге асырылады. Бұл ағаш ұстасы шеберханасы мен 2 тігін ісі шеберханасы. Еңбек пәні мұғалімдері Т. Назаров, М. Мамытова және Л. Кулбаева. Жоғарыда аталған мұғалімдердің барлығының зиятында бұзылыстары бар балалармен көп жылдық жұмыс тәжірибесі бар.

Мектеп оқушылардың ерекшеліктері және өңірдегі еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, білім алушыларға бастапқы кәсіптік оқыту бейінін таңдауда дербес. Жоғарыда айтылғандардың негізінде мектеп-

интернатта кәсіптік оқыту екі бағытта: қыздарға тігін ісі және ұлдарға арналған ағаш жону ісі бойынша жүргізіледі.

10-сыныпта 19 оқушы, оның ішінде 7 қыз, 12 ұл бала. Зиятында жеңіл түрде бұзылыстары бар 11 оқушы; зиятында орташа түрде бұзылыстары бар 7 оқушы және атипті аутизм аңғарымымен бір жасөспірім бар. Ата-аналар мен оқушылар арасында жүргізілген сауалнамаға сәйкес 11 оқушы кәсіптік-техникалық колледжде оқуын жалғастырғысы келеді.

2019-2023 жылдар аралығында мектеп әлеуметтік серіктестік аясында зиятының дамуында бұзылыстары бар балаларға арналған арнайы мектептердің түлектерін қолдауға бағытталған Халықаралық әлеуметтік жобалар қауымдастығының (МАСП) жобасына қатысты. Жыл сайын мектеп бітіруші түлектер «Нан өндіру», «Ағаш өңдеу» және «Тігін ісі» курстары бойынша MASP-те кәсіби еңбек даярлығынан өтеді. Курсты аяқтаған түлектерге сертификаттар табыс етіледі. Аталмыш курстар біздің түлектерге кәсіптік-техникалық колледждерде оқуын жалғастыру үшін жақсы тәжірибе болды. Бұл жобаға жұмсалған орасан зор еңбек өзінің оң нәтижелерін берді. Қазіргі уақытта мектеп-интернат әкімшілігі МАСП педагогтарын тарта отырып, мектеп жағдайында курстарды жалғастыру жұмыстарын жүргізуде.





Еңбекке баулу сабақтары мен қосымша курстарда алған дағдыларын жетілдіру мақсатында балаларды кәсіптік жарыстарға, жәрмеңкелерге және бұйымдар көрмелеріне тарту жұмыстары жүргізіледі. 2021 жылдан бастап Алматы технология және флористика колледжінде білім алуда ерекше қажеттіліктері бар 9-10 сынып оқушылары арасында «Jas Skills» кәсіби байқауы өткізіліп келеді. Бұл байқау жұмысшы мамандықтары бойынша дағдыларды көрсету мүмкіндігіне бағытталған. Мектебіміздің 2023 жылғы түлектері аталмыш байқаудың белсенді қатысушылары болды, «Арнайы тігінші» номинациясы бойынша I-, II-орынды мектебіміздің оқушылары А.Терлікбаева мен З. Нұрбек алды. 2024 жылы «Тігінші» номинациясы бойынша III-орынды 9-сынып оқушысы Р. Ануар, III-орынды М. Жұмат, «Ағаш ұстасы» номинациясы бойынша 9-сынып оқушысы Д. Кәрібай II-орынды иеленді. «Jas Skills» кәсіби байқауының жеңімпаздары мен жүлдегерлері Алматы технология және флористика колледжіне автоматты түрде оқуға түсуге мүмкіндік алады. Бүгінде М. Жұмат пен З. Нұрбек осы колледждің «Тігін ісі» мамандығының бірінші және екінші курс студенттері болып табылады.







2022 жылы мектептің Қамқоршылық кеңесінің төрайымы – филология ғылымдарының кандидаты, доцент, заңгер, «Азамат әлеуеті» Жеке Қайырымдылық Қорының президенті А.Д. Сейсенованың қолдауымен мектеп-интернат оқушылары Н. Назарбаев Қорында өткен «Үйлесімді даму және бақытты балалық шақ – қазіргі әлемнің басты басымдығы» атты әлеуметтік идеялар мен жобалар жәрмеңкесіне қатысып, бірлескен жобаны ұсынды. Көрмеде оқушылар шығармашылық жұмыстарын қорғады.








Жыл сайын Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалардың шығармашылық жұмыстарының көрмесі өтеді. Біздің оқушылар бұл көрменің белсенді қатысушылары. 2024 жылдың ақпан айында Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің арнайы педагогика кафедрасының 80 жылдығына орай ұйымдастырылған «Жұлдыз көпірі» фестиваліне мектеп оқушылары мен мұғалімдері шақырылды. Фестиваль аясында балалар сәндік-қолданбалы өнер көрмесі мен жәрмеңкесіне қатысты.










2022 жылдың сәуір айында Алматы облысының білім басқармасы арнайы білім беру ұйымдарының жабдықталуына мониторинг жүргізді. Мониторинг нәтижесі бойынша мектебіміз «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қаражатынан құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету тізіміне енді. Нәтижесінде тігін және ағаш шеберханалары жабдықталды.

| № | Кабинеттер | Саны |
|---|---|---|
| 1. | Тігін ісі шеберханасы | 9 тігін машинасы (Janome VS56s маркасы) |

| | | |
|---|---|---|
| 2. | Ағаш шеберханасы | 2 ағаш өңдеу станогі (JET JWL-1220LVS) |





Дәл осы екі тігін және ағаш шеберханасында 10-сыныптарда оқу және практикалық сабақтар өтеді. Мектеп-интернат-колледж жобасын жүзеге асыруға байланысты білім ошағы ғимаратына күрделі жөндеу мен жаңғырту жұмыстарын жүргізуді қажет етеді.

**Түлектер туралы мониторинг**

| № | Оқу жылы | Түлектердің саны | Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына қабылданған | 10-сыныпта оқуды жалғастырғандардың саны | Денсаулық жағдайына байланысты жұмыссыз |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | 2019-2020 жж | 21 | 4 | --- | 17 |
| 2. | 2020-2021 жж | 16 | 7 | --- | 9 |
| 3. | 2021-2022 жж | 24 | 10 | --- | 14 |
| 4. | 2022-2023 жж | 25 | 15 | --- | 10 |
| 5. | 2023-2024 жж | 29 | 6 | 19 | 4 |

**Білім алушылардың қабылданған оқу орындары**

| № | Оқу жылы | Білім беру мекемелері | Мамандығы /түлектердің саны |
|---|---|---|---|
| **1.** | **2019-2020 жж.** | «Жансая» сұлулық салоны | Шаштараз – 1 |
| | | Алматы технология и флористика колледжі | Жиһаз өндірісі – 3 |
| **2.** | **2020-2021 жж.** | Алматы технология и флористика колледжі | Жиһаз өндірісі – 3,<br>Тігін ісі – 2,<br>Өсімдік шаруашылығы – 1 |
| **3.** | **2021-2022 жж.** | Алматы технология и флористика колледжі | Жиһаз өндірісі – 5,<br>Өсімдік шаруашылығы – 2,<br>Тігін ісі – 1,<br>Аяқ киім ісі – 1 |
| | | Көпсалалы кәсіптік оқыту колледжі Шамалган ауылы | Ағаш ұстасы – 1 |
| **4.** | **2022-2023 жж.** | Алматы технология и флористика колледжі | Тігін ісі – 2,<br>Жиһаз өндірісі – 2,<br>Аяқ киім ісі – 3 |
| | | Көлсай орманшы кәсіптік техникалық колледжі | Орманшы – 5 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Көлсай орманшы кәсіптік техникалық колледжі | Ағаш және паркет жұмыстарының шебері – 2 |
| | | Алматы технология и флористика колледжі | Тоңазытқыш жабдықтарды пайдалану және жөндеу жөніндегі орнатушы– 1 |
| **5.** | **2023-2024 жж.** | Қаскелең қаласындағы С.Жандосова атындағы кәсіптік – техникалық колледжі | Тамақтандыру – 1 |
| | | Алматы технология и флористика колледжі | Тігін ісі – 1<br>Жиһаз өндірісі – 1 |
| | | Көпсалалы кәсіптік оқыту колледжі Шамалган ауылы | Автомобиль жөндеуші – 2,<br>Ағаш ұстасы – 1 |

## Түлектердің жұмысқа орналасуы

| | |
|---|---|
| **2019-2020жж** | 1. Сарткожин М. үйінде шаштараз.<br>2. Амангельды Ж. Алматы қаласындағы Zeta магазинінің жиһаз цехында жұмысшы.<br>3. Нусупказы Д. Алматы қаласындағы Zeta магазинінің жиһаз цехында жұмысшы.<br>4. Талапхан Р. Мамандығы бойынша жұмыс істемейді. |
| **2020-2021жж** | 1. Калугина Т. «Өсімдік шаруашылығы» мамандығы бойынша колледжді бітіріп, отбасылық фермада жұмыс істейді.<br>2. Абдул Кудус Р. үйінде тігінші.<br>3. Айгуль А. отбасылық жиһаз өндірісінде жұмыс істейді.<br>4. Чаянбаева А. үйінде тігінші.<br>5. Алматай А. Алтын Орда базарында Жиһаз жасаушының көмекшісі.<br>6. Кыдырбай А. Мамандығы бойынша жұмыс істемейді. |

Мониторингті талдай келе, мектеп түлектері Алматы технология және флористика колледжіне түседі деп белгілейміз, себебі колледжде білім алуда ерекше қажеттіліктері бар білім алушыларға арналған арнайы және инклюзивті топтар бар. Алайда мұнда да мәселелер бар: оқу орнында студенттерге арналған жатақхана жоқ, бұл жағдай осы техникалық және кәсіптік білім беру ұйымында кәсіптік білім алу үдерісін қиындатады.

## YI. Маңғыстау облысы білім басқармасы «№ 2 арнайы мектебі» Коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Маңғыстау облысы білім басқармасының «№ 2 арнайы мектебі» КММ-де кәсіби-еңбек оқыту сабақтары 7-сыныптан 10-сыныпқа дейін жүргізіледі. Зиятында жеңіл түрде бұзылыстары бар оқушыларға 10-сыныпта тереңдетілген кәсіби еңбекке даярлығын қамтамасыз ету үшін арнайы жағдайлар жасалады. Мектепте кәсіби-еңбек пәндерін оқыту кәсіби-еңбек даярлығы бойынша емтиханмен аяқталады. Түлектер мемлекеттік үлгідегі білім туралы аттестатты «№ 2 арнайы мектебі» КММ-де «Аспаз-кондитер» мамандығы бойынша курсты тыңдағаны туралы анықтамамен бірге алады. Бұл түлектерге негізгі кәсіби дағдыларды меңгеріп, олардың болашақта жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін арттырады.





Еңбек пәндерін оқытудың мақсаты: оқушылардың негізгі білімін қалыптастыру, оқу-өндірістік әрекетті дамыту мүмкіндіктерін жүзеге асыру, кәсіби дағдыларды игеруге бастапқы даярлық жүргізу, кәсіби-техникалық білімге қызығушылығын арттыру, олардың дене және психикалық мүмкіндіктерін ескере отырып, өз бетінше еңбек етуге дайындау. Еңбек пәнінің мұғалімдері мен мектептің педагог-психологы ақпараттық жұмыстар жүргізіп, оқушылардың қызығушылығы мен қабілеттерін анықтайды. Бұл олардың белгілі бір мамандықты меңгеру мүмкіндігін арттыруға көмектеседі. Оқушыларды кәсіпке баулу мақсатында педагог-психолог «Менің болашақ мамандығым» атты тренинг және ата-аналармен кездесулер өткізеді.






Практикалық жұмысты ұйымдастыру және оқыту үдерісі: Практикалық жұмыс оқу бағдарламасына сәйкес еңбек пәні мұғалімінің басшылығымен

жүргізіледі. Кәсіби-еңбекке баулу сабақтарында мұғалімдер технологиялық карталар және сабақ жоспарларын қолданады. Мектепте біліктілік санаты «педагог-модератор» дәрежесіне ие 5 еңбек пәні мұғалімі бар. Олардың педагогикалық тәжірибесі: 1 жыл – 1; 10 жылға дейін – 2; 20 жылға дейін – 1; 20 жылдан астам – 3. Еңбек пәні мұғалімдерінің кәсіби деңгейін арттыру мақсатында біліктілікті арттыру курстарын көбейту қажет.

| Оқу жылы | Сынып | Оқыту тілі | Жалпы оқушы саны | Зиятында жеңіл бұзылыстары бар | Зиятында орташа бұзылыстары бар | Үйден оқитын оқушылар |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 2020-2021 | 10 «Б» | Қазақ тілі | 7 | 6 | 1 | 0 |
| 2021-2022 | 10 «Б» | Қазақ тілі | 6 | 5 | 1 | 0 |
| 2022-2023 | 10 «Б» | Қазақ тілі | 11 | 9 | 1 | 1 |
| 2023-2024 | 10 «А» | Орыс тілі | 10 | 7 | 1 | 2 |
| 2024-2025 | 10 «Б» | Қазақ тілі | 13 | 7 | 3 | 5 |
| | 10 «В» | Қазақ тілі | 16 | 4 | 6 | 6 |

Әр оқу жылында жеңіл және орташа деңгейдегі зиятының бұзылыстары бар оқушылардың саны тұрақты сақталып отыр. Сонымен қатар үйден білім алатын оқушыларға арнайы жағдайлар жасалған. 2024-2025 оқу жылында қазақ тілінде оқытатын екі 10-сыныпта барлығы 29 оқушы білім алуда, оның ішінде 11 оқушы жеке оқыту бағдарламасымен (денсаулығына байланысты үйден оқитын  оқушылар) қамтылған. 10 «Б» сыныбында «Кәсіби-еңбекке баулу» сабақтары екі топқа бөлініп өткізіледі:  Қыздар үшін – «Тігін ісі»; Ұлдар үшін – «Ағаш шебері».





10 «В» сыныбында барлық оқушылар аспаз-кондитер мамандығы бойынша кәсіптік даярлықтан өтеді.






Жыл сайын ашық есіктер күні және «Қош келдің, Наурыз!» мерекесіне орай мекемемізде 10-сынып оқушыларының «Еңбек, әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау» бірлестігінің апталығының шығармашылық жұмыстарының жәрмеңкесі ұйымдастырылады.






2023-2024 оқу жылында «Қазақстан халқына» қоғамдық қорының қайырымдылық бағдарламасы аясында мектепте «Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау», «Тігін шеберханасы» кабинеті жабдықталды.



Маңғыстау облысы білім басқармасының
«№2 арнайы мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің
«Тігін шеберханасы» кабинетінің төлқұжаты

| | |
|---|---|
| Кабинетке жауапты мұғалім | Архабаева Сарсанбиби Байшибаевна |
| Мекен жайы | Ақтау қаласы 32 «Б» ш/а 1 ғимарат |
| Мақсаты мен міндеттері | 1.Түрлі тұрмыстық және әлеуметтік жағдайларда білім алушылардың белсенді және тәуелсіз болуына мүмкіндік беретін қажетті икем және дағдыларды қалыптастыру.<br>2.Кабинеттің жабдықталуын материалдық техникалық базасын сақтау.<br>3.Психофизикалық даму кемшіліктерін түзетуге ықпалдас; сөздік қорын байыту және жүйелеуге ауызша және тілін дамыту;<br>4. Білім алушылардың іс тігу еңбек етуге мүмкіндігі қаралған; |
| Кабинеттің жобалық қуаты | Кабинеттік жалпы ауданы – 30 кв.м.<br>Жобалық қуаты – 8 орын; |
| Кабинеттік материалдық техникалық базасы | Жиhаздар;<br>Іс тігу және кестелеу машиналары;<br>Пішуге арналған үстел;<br>Үтік және үтіктеуге арналған үстел |



Управление образования Мангистауской области КГУ «Специальная школа № 2»
Паспорт учебного кабинета «Социально-бытовой ориентаци»

| | |
|---|---|
| Ф.И.О. заведующего кабинетом: | Достанова Аяжол Туркменбаевна |
| Адрес: | 32 Б мкр. 1 здание |
| Цель и задачи | ***Основная цель предмета*** «Социально-бытовая ориентировка» (СБО) направлен на практическую подготовку детей к самостоятельной жизни.<br>***Освоение знаний***: формирование и совершенствование навыков ориентировки в окружающем; самообслуживания, ведения домашнего хозяйства, умений пользоваться услугами предприятий и учреждений (торговли, службы быта, связи, культуры, медицинской помощи).<br>***Овладение умениями*** в рамках СБО включает:<br>***бытовые трудовые умений:*** организация питания, уход за телом, жилище, одеждой, обувью и другими предметами обихода.<br>***экономико-бытовые умения***: бережное обращение с окружающими предметами, пищей, водой, электричеством, умение выбирать товары и совершать покупки, планировать бюджет семьи. Умения пользоваться услугами различных предприятий и учреждений. Торговля, служба быта, связь, культура, медицинская помощь, общественный транспорт.<br>Умения общения и культурного поведения.<br>Необходимые представления. О семье, семейных взаимоотношениях, организации быта и досуга семьи. |
| Оборудование кабинета: | Расположение (этаж): *2-й этаж 2-х этажного кирпичного здания*<br>Длина: ***9 м***<br>Ширина: ***6 м***<br>Площадь кабинета: ***54 м².***<br>Высота кабинета: ***2 м. 80 см.*** |
| Материально-техническая база кабинета | Стол, стулья ученические- по 4<br>Стол учительский, кресло по 1<br>Шкафы - 3<br>Телевизор - 1<br>Доска настенная - 1<br>Компьютер – 1<br>Кухонный гарнитур стол, стулья, необходимая посуда в достаточном количестве.<br>Стиральная машинка, холодильник, швейные машинки, пылесос, утюг, гладильная доска сушилкой. |

2022-2023 оқу жылының түлегі, 10 «Б» сынып оқушысы Баубек Сағыныш Абдолқадыров қазіргі таңда «Маңғыстау туризм колледжінде» «Кондитер» мамандығы бойынша 1-курс студенті. 2022-2023 оқу жылының түлегі, 9 «Б» сынып оқушысы Джұрумбаев Ұлыбек «Қарақия кәсіби колледжінде» «Автоэлектрик» мамандығы бойынша 2-курс студенті. 2021-2022 оқу жылының түлегі, 10 «Б» сынып оқушысы Жұмағұл Азамат Сәрсенбайұлы «Қарақия кәсіби колледжінде» «Автокөлік құралдарын техникалық жөндеу, қызмет көрсету және пайдалану» мамандығы бойынша 1-курс студенті.

Түлектеріміз денсаулығына байланысты жұмыс істемейді. Кәсіби өзін-өзі анықтаудағы қиындықтар зиятының бұзылыстары бар балалар үшін кәсіби өзін-өзі анықтауда да күрделі. Негізгі қиындықтар:

- Өмірлік жоспарлардың айқын болмауы;
- Өзін-өзі бағалаудың жеткіліксіздігі немесе дұрыс қалыптаспауы;
- Өзінің жеке қабілеттері мен мүмкіндіктерін бағалаудағы қиындықтар.

Арнайы мектеп оқушыларының еңбекке бейімделуі, кәсіби бағдар алуы және өз мүмкіндіктерін дұрыс бағалай білуіне ерекше назар аударады.

## YII. Шығыс-Қазақстан облысы білім басқармасының «№ 8 арнайы мектеп-интернаты» КММ-і

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «№ 8 арнайы мектеп-интернаты» КММ-де 2014-2015 оқу жылында 10-сыныптар ашылды. Аталған жылы 10-сыныпта 8 оқушы мемлекеттік тілде, орыс сыныбында 9 оқушы оқыды, оның ішінде мектеп-интернаттың 7 түлегі жұмысқа орналасты.

Зиятында бұзылыстары бар оқушыларды еңбекке баулу үдерісі олардың қабылдауы мен ойлауын дамытуға ықпал етеді, тәрбие ісінде үлкен рөл атқарады, түзетудің негізгі құралы болып табылады, сондай-ақ кәсіптік даярлау міндетін шешеді. Еңбекке баулу бірқатар кезеңдерден тұрады, олардың әрқайсысы осы кезеңге тән жалпы міндеттермен қатар шешіледі. Еңбекке баулу мерзімін едәуір ұлғайту қажеттілігі туындайды. Еңбекке баулу бейіндерін мектеп әкімшілігі өңірдің ерекшеліктерін және түлектердің жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін ескере отырып айқындайды:

1. «Көркем еңбек».
2. «Тігін ісі».
3. «Ағаш ұстасы».
4. «Слесарлық іс.
5. «Тоқу. Кесте тігу».
6. «Гүл өсіру және сәндік көгалдандыру.

Еңбекке баулу бейіндері оқушылардың мүмкіндіктері мен қызығушылықтарына сәйкес келуге, сондай-ақ оларды өз бетінше өмір сүруге және жұмысқа дайындауға бейімделген. 10-сыныптарда оқыту еңбекке дайындығының мамандануымен ерекшеленеді. Бұл кезеңде кәсіптік оқытудың жалпы курсынан белгілі бір кәсіп қызметкерлерінің еңбегіне тән білім, дағды мен іскерлікті меңгеруге көшу жүзеге асырылады. «Гүл өсіру және сәндік көгалдандыру» бейіні бойынша оқушылар мұғаліммен бірге мектеп аумағын көгалдандыру үшін гүлдердің көшеттерін өсіреді.

10-сыныпты бітіргеннен кейін зиятының жеңіл түрде бұзылысы бар оқушылар кәсіби еңбекке баулу және оқыту бағытында емтихан тапсырады. Емтихан практикалық бақылау жұмысы және мамандық бойынша ауызша бөлімнен тұрады.

Еңбекке баулу сабақтарындағы барлық жұмыс мақсатты сипатқа ие, оқушылардың дербестігін дамыту және оларды қоғамдағы өмірге дайындауға ықпал етеді. Біздің балалар бірнеше рет жүлделі орындарға ие болып, түрлі шығармашылық байқаулар мен көрмелерге белсенді қатысты.

2023 жылы «Қазақстан халқына» Қоғамдық қорының «Арнайы білім беру ұйымдарын жарақтандыру» қайырымдылық бағдарламасы аясында 2 шеберхана жабдықталды. Тігін шеберханасына тігін машиналары, оверлог, кестелеу машинасы, үстелдер, ышқаптар, компьютер және принтер алынды. Ағаш шеберханасына ағаш және слесарлық верстактар, орындықтар, шкафтар, стеллаждар, құрал-саймандар мен құрал-жабдықтар: ұштама арасы, бұрғылау станогы, күйдіргіштер мен қол құралдары ұсынылды.

Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалардың еңбек ету үшін мүмкіндіктері, қабілеттері, жеке қасиеттері, денсаулық жағдайы, сондай-ақ олардың әлеуметтік бейімделуі үшін қоғам рөлі ерекше маңызды. Бұл мәселеге дұрыс назар аудару олардың әлеуетін іске асыруға ықпал етеді.

Жұмыс тәжірибесіне сүйене отырып, мектеп-интернаттың барлық түлектері тиісті мамандық бойынша жұмысқа орналаспайды, көбінесе олар әртүрлі жұмысшы болып жұмыс істейді деген қорытынды жасауға болады.

Қоғамның ерекше қажеттіліктері бар адамдарға көзқарасы олардың еңбек қызметіне кірігу мүмкіндігіне тікелей әсер етеді. Егер қоғам бұл мәселені дұрыс қабылдаса және қолдаса, онда олардың әлеуетін толық іске асыру ықтималдығы едәуір өседі. Зиятының жеңіл түрде бұзылысы бар оқушылар кәсіби қызметке дайындықтан өте алады, алайда олардың білім беру және кәсіби бағдарламалары ерекше көзқарасты қажет етеді. Мұндай балалардың мүмкіндіктерін ескере отырып, еңбекке мынадай бағыттарда үйретуге болады:

1. Тұрмыстық және әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру. Зиятының жеңіл түрде бұзылысы бар оқушылар алдымен өздеріне қамқорлық жасап, қарапайым тұрмыстық міндеттерді орындауды үйренулері керек. Бұл мыналарды қамтиды:

• тұрмыстық техниканы пайдалану (ас үй аспаптары, кір жуу машиналары);

• ақшаны есептей және сатып алу үдерісін түсіне білу;

• күнделікті өмірде қоғамдық көлікті пайдалану;

• уақытты басқару және кесте құру.

2. Кәсіби бағыттар мен еңбек дағдылары. Оқушылар қарапайым және практикалық мамандықтарға бейімделе алады, мысалы «Қол еңбегі және өндіріс», ол төмендегілерді қамтиды:

✓ ағаш өңдеу, шағын шеберханалардағы жұмыс;

✓ қарапайым құрастыру немесе монтаждау жұмыстары (өндірістік цехтарда);

✓ тігін ісі және тоқыма.

«Ауыл шаруашылығы жұмысы»:

✓ бау-бақшаны көгалдандыру, күту;

Кіші фермерлік шаруашылықтарда жұмыс істеу (жануарларды күту, жем-шөп дайындау).

«Қызмет көрсету саласы»:

✓ қарапайым жинау жұмыстарын орындау (офистерде, қонақ үйлерде, мейрамханаларда);

✓ мейрамханада көмек көрсету (ыдыс жуу, дастархан жаю және т.б.);

(тауарларды сұрыптау, орау).

3. Арнайы жұмыс орындарын құру. Зиятының жеңіл түрде бұзылысы бар оқушыларды жұмысқа орналастыру мүмкіндігін арттыру үшін арнайы жағдайларды қолдау және құру маңызды:

- жұмыс орнында көмек көрсететін тәлімгер-менторлардың болуы;
- оқушының мүмкіндіктеріне сәйкес бейімделген икемді жұмыс кестесі;
- жаңа дағдыларды бекіту үшін тұрақты практикалық жұмыс түрінде тапсырмалар қайталау.

4. Қолдау және уәждеу.

- Өзін-өзі бағалауды және өзіне сенімділікті арттыруды психологиялық қолдау;
- тәжірибелік тағылымдамалар: мамандықты шеберханалар және өндірістік тәжірибе арқылы оқыту;
- әлеуметтік интеграция: әлеуметтік дағдыларды дамыту үшін топтық іс-шараларға қатысу.

5. Арнайы білім беру бағдарламалары. Біздің оқушылар үшін кәсіби дайындық бағдарламалары әзірленуі және мыналарды қамтуы мүмкін:

- тәжірибелік оқытудың теориялық оқытудан басым болуы;
- түсінікті және құрылымдалған тапсырмалар;
- оқу материалын біртіндеп күрделендіру.

Зиятының жеңіл түрде бұзылысы бар оқушыларды еңбекке баулу олардың мүмкіндіктерін барынша ашу, қоғамға кірігу және өздерін қаржымен қамтамасыз етуге ықпалдасып, көмектеседі.

Мектеп түлектері Шар қаласындағы «Саратов көпсалалы колледжі», «Өскемен көпсалалы колледжі», «Глубокое техникалық колледжі», «Құмаш Нұрғалиев атындағы жоғары колледжі», «Жарма технологиялық колледжі» ТжКБ ұйымдарында оқиды, онда мынадай мамандықтарды игереді: аспаз, тігінші, дәнекерлеуші, ағаш ұстасы және паркет жұмыстарының шебері, жиһазшы және сылаушы-бояушы.

**Түлектердің үш жылдағы жұмысқа орналасуын талдау**

| **Оқу жылы** | **Барлығы** | **Олардың ішінде** | | **Колледжде оқитындары** | **Мүгедектігі барлар** | **Жұмысқа орналасқаны** | **Орналаспағаны (себебі)** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | **ЗЖБ** | **ЗОБ** | | | | |
| 2021-2022 | 14 | 12 | 2 | 9-ы колледжде 3-і маникюр курсында | 3 | 3 | 2, 1-і бала күтіміне байланысты демалыста |
| 2022-2023 | 22 | 19 | 3 | 17 | 7 | 3 | 2-уі денсаулығына байланысты |
| 2023-2024 | 12 | 10 | 2 | 6 | 3 | 4 | 2-уі денсаулығына байланысты |

## YIII. Шығыс-Қазақстан облысы білім басқармасының «№ 7 арнайы мектеп-интернаты» КММ-і

Шығыс-Қазақстан облысы білім басқармасының «№ 7 арнайы мектеп-интернаты» КММ-нде оқушылар оқу жоспарына сәйкес төмендегі пәндерді меңгереді: «Еңбекке оқыту» 1-3-сыныптар (ПДТ), «Көркем еңбек» 5-6-сыныптар (ПДТ), «Технология» 7-10-сыныптар (ПДТ), «Жалпы еңбекке дайындық» 5-6-сыныптар (ЗЖтБ), «Кәсіби еңбекке оқыту» 8-10-сыныптар (ЗЖтБ).

Мектеп қызметінің негізгі бағыты ретінде тұлғаның кәсіби тұрғыдан өзін-өзі анықтауы, экономикалық бағытта ойлауы және экологиялық мәдениетін дамытып, саналы түрде қарым-қатынасын қалыптастыруға мүмкіндік беретін еңбекке, экономикалық және экологиялық тәрбиеленуі болып табылады. «Технология», «Жалпы еңбекке дайындық» және «Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау» пәндерінен сабақтар барысында еңбек әрекеті дағдылары, өзіне-өзі қызмет ету икемдері, әлеумет пен тұрмыста бағдарлану қалыптасады. Ерте бастан кәсіби бағдарлау балаларды мамандық таңдауға саналы түрде дайындалуына бағытталған. Мектепте оқушылар мен олардың ата-аналары арасында Техникалық және кәсіби білім беру ұйымдары, онымен қоса «Казцинк» ЖШС-нің Риддер тау-кен кешенінің кәспорындарымен таныстыру бойынша ағарту жұмысы жүргізіледі. Бұндай өзара әрекеттесу арнайы мектеп түлегінің сәйкесінше кәсіби білім алуына байланысты заңды құқығын жүзеге асыруға ықпалдасады.

Кәсіби бағдарлау бойынша жұмыс колледждердің мамандарын шақыру, балалардың Техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарына баруы, «Ашық есіктер» күндерін өткізу, қаланың кәсіпорындарына экскурсиялар ұйымдастырумен бірге болады. Мамандық таңдау үдерісі психоневрологиялық диспансердің қорытындысы негізінде баланың дене және психикалық ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылады.

Мектепте тігін мәшинелерімен жабдықталған қыздарға арналған екі шеберхана, сонымен қоса қажетті оқу құрал-жабдықтары бар ұлдарға арналған шеберхана бар.

Мектептің педагогикалық ұжымы қаланың еңбек нарығының қажеттілігін зерттеп, нәтижесінде Жұмыспен қамту Орталығы және «Казцинк» ЖШС-нің Риддер тау-кен кешенінің басшылығымен бірлесе отыра төмендегі 4 бағыт бойынша бағдарламалар жасалды:

1. Жиһаз жинаушы.
2. Тігін ісі.
3. Декоративті гүл өсіру.
4. Клининг қызметтері.

Мектеп педагогтары осы бағыттардағы теориялық және практикалық материалдар бойынша жұмыс бағдарламаларын дайындап, жасады, олар

Шығыс-Қазақстан облысы білім басқармасының «Өркен» Аймақтық орталығына сараптамаға дайындалды.

## IX. Қостанай облысы әкімдігі Білім басқармасының «Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арналған Лисаков арнайы мектеп-интернаты» КММ-і

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар балаларға арналған Лисаков арнайы мектеп-интернаты» КММ-нде жеңіл және орташа түрде зиятында бұзылыстары бар балалар оқып, тәрбиеленеді. Мектепте балаларды кәсіптік-еңбекке баулудың жекелеген пәндеріне оқыту үшін жақсы база бар. Слесарлық, ағаш ұсталық, тігін сабақтары өткізілетін 6 шеберханада арнайы жабдықтар бар.






Кәсіптік-еңбек пәндерін тереңдетіп оқыту мақсатында 2023 жылдан бастап 10-сынып ашылды. Барлық оқушылар 10-сыныпты аяқтағаннан кейін БТ сериялы аттестат алады. 2024 жылы 17 түлек оқуын аяқтады, олардың төртеуі мүгедектігіне және аңғарымына байланысты оқуын жалғастыра алмады. Қалған балалар төмендегі ТжКБ ұйымдарына оқуға түсті: 8 түлек «Ғимараттар мен құрылыстарды салу және пайдалану» мамандығы бойынша «Денисов кәсіптік-техникалық колледжі» КМҚК-на, 2 адам «Тігінші» мамандығы бойынша «Қостанай қызмет көрсету колледжі» КМҚК-на «Аспаз»

мамандығы бойынша 1 түлек, «Дәнекерлеу ісі» мамандығы бойынша екіншісі және тағы біреу «Токарь» мамандығы бойынша «Камшат Дөненбаева атындағы кәсіптік-техникалық колледжі» КМҚК-ы.

2024-2025 оқу жылы 10-сыныпта 20 бала оқиды, олар алдын ала сауалнама нәтижелері бойынша жоғарыда аталған ТжКБ ұйымдарында тігінші, жиһаз жинаушы, штукатур-маляр, аспаз мамандықтары бойынша оқитын болады.



Біздің балаларымыз облыстық кәсіби шеберлік байқауларының жүлдегерлері және жеңімпаздары болып табылады. Білім алушылардың көп жылдық мониторингі бойынша аңғарым, сондай-ақ отбасының қаржылық жағдайына байланысты оқуды жалғастыра алмайды деген қорытынды жасауға болады. Арнайы мектеп-интернаттың 10-сыныбында оқуды курстық даярлық ретінде есептеу және балаларға мемлекеттік үлгіге сәйкес құжат, мысалы, оқитын бейіні бойынша курстарды бітіргені туралы куәлік беру қажеттілігі бар, өйткені арнайы мектепті бітіргеннен кейін балалар түрлі тұрмыстық заттарды тіге алады, біраз нәрселерді жасай алады.








Мектеп-интернаттың жаңа құрылымды ұйымдастыруға және өз қызметін «Мектеп-колледж» ретінде іске асыруға барлық мүмкіндігі бар.

«Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау» пәні бойынша сабақтарда балалар дастархан жайып, тамақ әзірлеп, гүлзар егіп, өсімдіктерге күтім жасауды үйренеді. Әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау бағытындағы мұғалім бірінші санатты педагог, жоғары арнайы дефектологиялық білімі бар, магистр болып табылады. Педагогикалық қызмет өтілі – 27 жыл.

Еңбек пәндері мұғалімдерінің жоғары дефектологиялық білімі бар, кейбіреулері магистр болып табылады. Барлығы 5 педагог жұмыс істейді, олардың ішінде 3-і «Педагог-зерттеуші» санатына ие, бұл жалпы санның 60%-ын құрайды. Педагогтардың 30 жылдан астам педагогикалық жұмыс өтілі бар. Жалпы санынан 20% құрайтын бір «Педагог-сарапшы» 27 жылдық педагогикалық жұмыс өтілі және бір «Педагог-модератор» 13 жылдық педагогикалық жұмыс өтілі бар.

## *X.* Жамбыл облысы әкімдігінің Білім басқармасының «№ 1 «Өркен» арнайы мектеп-интернаты» КММ-і

Арнайы мектеп-интернаттың мақсаты ретінде зиятында бұзылыстары бар балаларды оқыту және тәрбиелеу, оларды әлеуметтік тұрғыдан бейімдеу және еңбекпен оңалту, сондай-ақ балалардың қоғамға кірігуіне мүмкіндік беретін жан-жақты дамуы үшін барлық жағдайларды жасау болып табылады.

2022-2023 оқу жылында мектебімізде 10-сыныптар ашылды. Кәсіптік еңбекке оқыту 2 бейін (тігін ісі және ағаш өңдеу) бойынша жүргізіледі. 2023 жылы «Гүл өсіру және көгалдандыру» бағдарламасы енгізілді. Мектеп-интернат жұмыс істейтін «Тігін ісі», «Ағаш өңдеу» және «Гүл өсіру және көгалдандыру» бағдарламалары «Жалпы еңбекке даярлық» пәні бойынша бастауыш және негізгі орта мектеп бағдарламасының жалғасы болып табылады.

2020 жылы 4 тігін, 4 ағаш ұстасы шеберханалары бар, әмбебап ағаш станоктары, тігін машиналары, оверлогтар және т.б. жабдықталған жаңа ғимарат салынды. Онда 2 бұрғылау тік станогы, 4 токарлық ағаш өңдеу станогы, 1 әмбебап ағаш өңдеу станогы, 4 тігін машинасы, 3 оверлог, 2 кесте тігу машинасы алынды. Бұл жабдықтар колледжді ашу үшін жеткіліксіз, өйткені колледжде дайындау бағдарламасында ұжымдық және серіктестік жұмыс, конвейердегі жұмыс т.б. қарастырылған. 2024 жылдың тамыз айында «Қазақстан халқына» қоғамдық қорына еңбекке баулу кабинеттерінің жабдықтарына жобалық өтінім берілді.





Зиятында жеңіл түрде бұзылыстары бар оқушыларды еңбекке оқыту олардың өміртіршілігі, әлеуметтік бейімделуі және қоғамға кірігуі мүмкіндіктерін іске асырудың маңызды шарты мен құралы болып табылады. Білім алушыларды кәсіптік еңбекке оқытуды тиімді түрде ұйымдастыру медициналық көрсетілімдер мен қарсы көрсетілімдерге сәйкес, сондай-ақ қазіргі заманғы еңбек нарығының жай-күйіне сәйкес ұсынылатын кәсіптердің

қолжетімділігін ескере отырып, бастапқы кәсіптік даярлық пен кәсіптік-техникалық білім алу үшін жағдайлар жасауды көздейді.

7-10 сыныптарда тігін ісі және ағаш өңдеу пәндерін оқытудың мақсаты білім негіздерін қалыптастыру, білім алушылардың оқу-еңбек қызметін дамыту мүмкіндіктерін іске асыру, оларды бастапқы кәсіптік дағдыларды алуға дайындау, кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдарында оқытуға даярлау және олардың мүдделері мен дене және психикалық мүмкіндіктерін ескере отырып, өз бетінше еңбек ету болып табылады.

Еңбек сабақтары барысында білім алушылардың еңбек бейіні бойынша қолда бар еңбек қызметінің барлық түрлерін, танымдық және оқу қызметінің тәсілдерін, коммуникативтік қызмет пен қалыпты жағдайдағы мінез-құлықты игеру мүмкіндігін қамтамасыз ететін қызмет қалыптастырылады, жалпы еңбек іскерлігін дамыту үшін тапсырманы бағдарлау, жұмыс барысын жоспарлау, оның орындалуын бақылау үшін жағдайлар ағаш өңдеу ісін оқыту үшін топқа денсаулығына байланысты ауыр дене жүктемелері мен өндірістік шуларға төтеп бере алатын білім алушылар қабылданады.

Мектеп оқушыларының ағаш ұстасы құралдары мен құрылғыларын игеру және оларға күтім жасау дағдыларын жетілдіру, бұрғылау, токарлық және басқа станоктарда жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; дөңгелек ара және фугалау станоктарында көмекші ретінде жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, лактар, желімдер, бояулар, бояғыштарды қолдану, ең бастысы – өз мүмкіндіктері туралы дұрыс түсініктерін қалыптастыру, әлеуметтік ортаны түсіну, ондағы өз орны, жасына сәйкес құндылықтар мен әлеуметтік рөлдерді қабылдау, ең бастысы – дербес өмірге дайындау.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, жеңіл түрде зиятында бұзылыстары бар білім алушылардың көпшілігі үшін ең төменгі деңгей міндетті болып табылады деген қорытындыға келеді. Еңбек бойынша жекелеген білім алушылардың (орташа деңгейлі балалар) бұл деңгейге жетпеуі ТжКБ ұйымдары жағдайында олардың одан әрі білім алуына кедергі болып табылады.

Мектеп түлектерін колледждерге құлшынышсыз қабылдайды, өйткені бұл балалар өздігінен әрекеттене алмайды, үнемі ересектердің назары мен қолдауын қажет етеді. Бұл бағытта мектеп-интернат әкімшілігі қала және аудан колледждерімен тұрақты түрде жұмыстар жүргізуде.

Мектеп-интернат түлектерінің жағдайы келесідей:

✓ 2021-2022 оқу жылының 29 түлегі жаңадан ашылған 10-сыныпта оқуын жалғастырды;

✓ 2022-2023 оқу жылының нәтижесі: 29 түлектің 6-ы Тараз сервис және технология колледжіне «Сәндік-қолданбалы өнер және тігін ісі», «Шаштараз», «Тігін өндірісі және киімді модельдеу» мамандықтары бойынша, № 3 Байзақ колледжіне «Ауыл шаруашылығын механикаландыру» мамандығы бойынша қабылданды;

✓ 2023-2024 оқу жылының қорытындысы: 22 түлектің 11-і қала мен облыстың әртүрлі колледждеріне, атап айтқанда, Тараз сервис және

технология колледжіне «Сәндік-қолданбалы өнер және тігін ісі» (5), «Тігін өндірісі және киімді модельдеу» (2), «Тамақтануды ұйымдастыру» (1) мамандықтары бойынша қабылданды, Жаңатас көпсалалы колледжіне «Зертханашы» мамандығы бойынша (1), Тараз инновациялық колледжіне «Есептеу техникасы және ақпараттық желілер» мамандығы бойынша (1), № 16 Жуалы колледжіне «Ауыл шаруашылығы өндірісінің тракторист-машинисі» мамандығы бойынша (1). Колледжге түскен мектеп түлектерінің жалпы санынан барлығы ТжКБ ұйымдарын бітіре бермейді, өйткені таңдалған мамандықтар біздің балаларымыздың деңгейіне сәйкес келмейді, оларға материалды игеру қиын, реферат берілмейді, талдау және дұрыс шешім қабылдау қиын, тапсырмаларды орындау қиын, жалпы басқа студенттермен тең болу қиын және т. б. Мұнда ең маңыздысы – ата-аналардың баламен бірге мамандықты дұрыс таңдамауы. Олар жоғары үміттерге ие, балаларының даму деңгейін қабылдамайды, сондықтан балаларына қойылатын талаптары жоғары.

Біздің түлектерімізді ғана емес, тіпті колледждің қалыпты жағдайдағы түлектерін де жұмысқа орналастыру әрқашан қиын мәселе болып табылады. Мектеп-интернат әкімшілігі түлектерін жұмысқа орналастыруды сұрап, үнемі жұмыс берушілерге шығады. Мұнда да сәтсіздіктер кездеседі. Жұмыс берушілер кездесуге бара бермейді, өйткені олар жауапкершіліктен қорқады.

Оқушылардың шағын таңдауын ескере отырып, әрі қарай кәсіби өзін-өзі анықтауына ықпал ету үшін өндіріс, тігін цехтары, колледждерге экскурсиялар ұйымдастырып, колледждерде «Ашық есіктер күндеріне» бару, жұмысшы мамандықтарының адамдарымен кездесу, олардың мысалы негізінде белгілі бір кәсіптің маңыздылығын көрсету, жүйелі деңгейде кәсіптік бағдар беру жұмысын жүргізу, дұрыс таңдауға көмектесу арқылы алынған мамандыққа оң көзқарас қалыптастыру қажет. Ата-аналармен осы бағытта біраз жұмыс жүргізу керек, өйткені олардың көпшілігі балаларына негізсіз жоғары талаптар қояды, соның нәтижесінде қазіргі уақытта біздің кейбір түлектеріміз игере алмайтын мамандықтар бойынша колледждерде оқып жатыр.

**Қорытындылар**: Арнайы мектеп-интернат жанынан колледж ашу үшін:

- шеберханаларды цех немесе өндіріс жағдайына барынша жақындата отырып жабдықтау қажет;

- нормативтік-құқықтық актілерді әзірлеу: жарғы, мамандықтар бойынша бағдарламалар, оқу жоспарлары, осы құрылымның жұмысы үшін әдістемелік ұсынымдар және колледжді бітіргені туралы құжат нысанын әзірлеу керек;

- колледжге кім қабылдануы мүмкін екенін анықтаған жөн. Әдетте барлық ата-аналар балаларды бұдан әрі оқытқысы келеді, олар баласының белгілі бір мамандық бойынша толық білім ала алмайтындығымен келіспейді.

Қазіргі уақытта мектеп-интернатта «Кәсіптік оқыту» бойынша білімі бар 14 еңбекке баулу мұғалімі жұмыс істейді, олардың 6 арнайы дефектологиялық білімі бар мамандар.

## *XI.* Ақмола облысы білім басқармасы «Аққөл ауданы, Урюпин ауылы «Балабақша-мектеп-интернат» арнайы кешені» КММ-і

Ақмола облысы білім басқармасы «Аққөл ауданы, Урюпин ауылы «Балабақша-мектеп-интернат» арнайы кешені» мекемесінің маңызды қызмет саласы зияты бұзылған балаларды оқыту мен тәрбиелеуде өзін-өзі кәсіби анықтауы болып саналады. Мұғалімдер оқу-тәрбие үдерісін «Бала өмірге дайындалмайды – ол бүгінгі күнмен өмір сүреді» қағидасына сәйкес ұйымдастыруға ұмтылады, балалар мектеп қабырғасында жүрген кезде толыққанды өмірлік тәжірибені жинақтай алады, бұл оларға мектепті аяқтағаннан кейін өздеріне қолжетімді салаларда еңбек нарығына шығуға мүмкіндік береді.

Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін мамандық таңдау – күрделі және ұзақ үдеріс, ол қол жетімді мамандықтардың шектеулі санымен жұмысқа орналасуға дейін тарылады, сондықтан өздері мен айналасындағыларға өзара тиімді болу үшін, оларға құқықтарын жүзеге асыру мен еңбек ету қабілеттерін дамытуда көмек қажет.

Оқушылардың әлеуметтік бейімделуінің жетістігіне оқуға дайындық деңгейі мен әлеуметтік-тұрмыстық дағдыларды меңгеруі, дене және психикалық даму ерекшеліктері, олардың мектепте оқыған кезінде қалыптасқан мүмкіндіктері ескеріле отырып, ұсынылатын жұмыс түрлеріне қызығушылықтары мен бейімділіктері әсер етеді.

| | |
|---|---|
| Берілген бағыттағы жұмыс бастауыш мектеп жасынан бастап жүйелі түрде жүргізіледі: | **0-4 сыныптар.** Мамандықтар әлеміне деген түсініктерін қалыптастыру. Мамандыққа деген қызығушылықтарын дамыту |
| | **5-7 сыныптар.** Өз мүдделері, қабілеттері, әлеуметтік құндылықтары, жұмысшы мамандықтарының беделі туралы түсініктерін қалыптастыру |
| | **8-9 сыныптар.** Мамандық таңдау ережелері туралы түсініктерін қалыптастыру. Мамандық талаптарына сәйкес жеке мүмкіндіктерін өздеріне сай бағалай білу, оқу орындарымен танысу |
| | **10 сыныптар.** Өз орнын табу |

Бастауыш сынып оқушыларымен әртүрлі жұмыс орындарында әлеуметтік-еңбек тәжірибелері жүргізіледі, онда олар нақты қызмет саласына қатысты жағдаяттық-практикалық тәжірибе алады (үйірмелер, қызығушылығына қатысты сабақтары, СӨН және т.б.).



Оқушылардың өз мүдделеріне сәйкес мәселе туындаған кезде қабілеттері мен идеялары өздерінің нақты мүмкіндіктері мен мамандық таңдауда өз орнын табудың негізгі компоненттерін қалыптастыру кезеңінде орта және жоғары сыныптарда ұстаздар мамандық таңдау дайындығын тереңірек жалғастырады.

Жергілікті жағдайларға байланысты кәсіптік-еңбекке оқыту еңбектің негізгі 3 түрі бойынша жүргізіледі: ***Ауыл***

***шаруашылығы еңбегі, Ағаш және Тігін ісі,*** оны меңгергеннен кейін оқушылар тігін цехтарына, жиһаз фабрикаларына т.б. жұмысшы ретінде жұмысқа орналасулары мүмкін.

Оқушылардың қызығушылықтары зердесі бұзылған балаларға арналған КТББ бағдарламаларындағы ұсынылған мамандықтарымен сәйкес





келмейтінін атап өткен жөн, балалардың өздерін бағалауы жоғары болғандықтан бұл санаттағы балалар үшін мамандық таңдау олардың дене және психикалық мүмкіндіктеріне сәйкес келе бермейді.

Мектеп-интернат оқушыларының кәсіби қызметінің табысты болуының басты шарты – мамандықты дұрыс таңдау. Бұл бағытта жұмыс істеу үшін мектепте барлық жағдай жасалған. Ағаш шебері мамандығын меңгеру үшін жаңа заманауи станоктар және интерактивті жабдықтармен *(экран, проектор, ноутбук, жұмыс үстелдері, ұста станогі, қайрау станогі, таспалы ара, тегістеуіш гриндер, құралдар жинағы, бұрағыштар, бұрғылар)* жабдықталған 2 ағаш шеберхана жұмыс істейді, заманауи тігін машиналары және интерактивті жабдықтармен *(экран, проектор, ноутбук, тігін машиналары, оверлокерлер, үстел, орындықтар, үтіктеу тақталары)* жабдықталған 2 тігін шеберханасы бар. Тігін шеберханаларында қарапайым үлгідегі көйлектер және оқушыларға арналған жаңа жылдық костюмдерді тігу жұмыстары жүргізілуде.



Ағаш шеберханалары металл және ағаш бұйымдарын, сонымен қатар сәндік-қолданбалы бұйымдарын жасайды.

Арнайы кешеннің үлкен қоғамдық байланыстары бар, оның ішінде: «Дегдар» корпоративтік қоры, «Дар» ҚҚ-ы, BestForKids ҚҚ-ы және «Ақ жүрек» ҚҚ-ымен ынтымақтасады. Қоғамдық қорлар түрлі мамандық өкілдерімен кездесулер ұйымдастырып, кәсіптік бағдар беру бойынша тренингтер және рөлдік ойындар өткізеді. Бұл іс-шаралар Арнайы кешен о









р ы н ы и н т е л л е к т у а л д ы к к а б і л е т т е р і н е с

Жыл сайын педагогикалық кеңестің шешімімен бірінші және төртінші тоқсанда ауылшаруашылық еңбегі бойынша оқушыларды өз бетінше дайындау мақсатында «Жалпы еңбекке оқыту», бітіргеннен кейін ауылшаруашылық өндірісіндегі қарапайым еңбек түрлері, қажырлы еңбек пен өз қызметінің нәтижесі үшін жауапкершілікті тәрбиелеу. Кешенімізді өзіміздің көкөністермен қамтамасыз етуде тәжірибеміз бар.

Мектепті бітіргеннен кейін ауылшаруашылық өндірісіндегі қарапайым еңбек түрлерін оқушыларды өз бетінше орындауға дайындау, өз қызметінің нәтижесі үшін жауапкершілікті және еңбексүйгіш тұлға ретінде тәрбиелеу мақсатында жыл сайын педагогикалық кеңестің шешімімен бірінші және төртінші тоқсандар бойында ауылшаруашылық еңбегі бойынша кіріккен «Кәсіптік-еңбекке баулу» және «Жалпы еңбекке оқыту» пәндері оқытуға енгізіледі.





Арнайы кешенің көкөніс өсіретін мектеп бақшасында жұмыс істейтін «Арман» мектеп оқушылары бригадасы бар. 2024 жылы 248 кг қызанақ, 75 кг қияр, 810 кг картоп, 280 кг қырыққабат, 723 кг сәбіз, 830 кг қызылша, 5 кг ақжелкен, 5 кг аскөк жиналды.

Оқушылар мекеме аумағын абаттандыруға (жазғы сенсорлық бақ, гүлзарлар) және еңбек ардагерлеріне көмек көрсетуге қатысады. Заманауи тұрмыстық техника, жиһаздар және интерактивті жиынтықпен (интерактивті тақта, проектор, ноутбук, орындықтар, жұмсақ алаң, ас үй алаңы, тоңазытқыш,

ыдыс жуғыш машина, электр плитасы, микротолқынды пеш т.б.) жабдықталған «Студия пәтер» типіндегі әлеуметтік-тұрмыстық бағдарлау кабинеті студенттердің болашақта әлеуметтік біліктілік деңгейін арттырып, болашақта оқушылардың әлеуметтік біліктілік деңгейін таңдауға мүмкіндік береді.





Оқу жылы бойы оқушыларды әлеуметтендіру мақсатында «Жас аспаз» аспаздық үйірмесі өткізіледі, онда балалар әртүрлі тағамдарды дайындауды үлкен ықыласпен үйренеді.

Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтауы үшін кәсіби іріктеу және кәсіби тестілеуде кәсіби кеңес пен диагностика маңызды рөл атқарады. Сауалнама, тестілеу және сауалнама нәтижелері бойынша жеке психологиялық қасиеттер мен олардың сәйкестік дәрежесіне сәйкес белгілі бір мамандықты таңдау бойынша ұсыныстар беріледі.

Оқушылардың кәсіби өзін-өзі анықтау үдерісі барысында медициналық мамандармен кеңестер ұйымдастырылады, олар оқушылардың денсаулық жағдайы және белгілі бір мамандық иесіне қойылатын талаптарға негізделген мамандықты дұрыс таңдауға өз бетінше келуге мүмкіндік беру мақсатында жүзеге асырылады.

Оқушыларды ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіптер, тігін, ағаш ұстасы, аяқ киім және картон өнеркәсібіндегі жұмысшы мамандықтарымен көрнекі түрде таныстырудың маңызды түрі кәмелетке толмағандардың мамандыққа деген қызығушылығын қалыптастыруға үлкен әсер ететін кәсіптік білім беру мекемелері мен кәсіпорындарына экскурсиялар болып табылады, талдау және таңдау түсінікті, қол жетімділікпен жеткізіледі. Оқу орындарына экскурсиялар кезінде оқушылардың оқу шарттары және ала алатын мамандықтармен таныстырылады. Ер балалар мамандықтың оқу жағдайын,




артықшылықтары және беделін бағалауды қалыптастырады. Жоғары сынып оқушылары оқу орындарын салыстыру кезінде заманауи кабинеттерге, технологияларға, орналасқан жеріне басымдық береді.

5-10 сынып оқушылары үшін келесі кәсіпорындар мен ұйымдарға экскурсиялар ұйымдастырылады: «Урюпинский» ЖШС-і, «Калашникова» ЖК-і, «Астық Қоймалары» ЖШС-і, бұл балалардың ауыл шаруашылығы қызметкерлерімен танысуына мүмкіндік береді, сонымен қатар Аққөл қалалық ТЖМ қызметі, «Аққөл аудандық полиция бөлімі» мемлекеттік мекемесі, Ақмола облысының полиция бөлімі, кітапхана мекемесіне барады. Түрлі жұмыс формасының арқасында оқушылар жұмысшы кәсіптері, мамандықтары және оларға қойылатын талаптармен танысады. Бұл балалардың қажетті білімдерін кеңейту және мамандық таңдауда ұсыныстар беруге жақсы мүмкіндік.



Оқушылардың ақпараттық өрісін кеңейту, әртүрлі кәсіптер туралы бар білімдерін анықтау мақсатында Ақмола облысының білім беру ұйымдарының мәліметтер базасы және ерекше білім беруді қажет ететін балаларға арналған мамандықтар жиынтығы әзірленді. Деректер банкі оқушылардың денсаулық жағдайы, тегін білім алуы және түсу емтихандарынсыз болатынын ескере отырып, ерекше білім беруді қажет ететін оқушылар бағытталған қолайлы мамандарды дайындайтын колледждерді қамтиды.

Мұғалімдер балалардың отбасымен жұмыс жасауға ерекше көңіл бөледі, ата-аналар арасында отбасының оқушыны кәсіби бағдарлаудағы рөлі туралы нақты түсініктерді қалыптастыру мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілуде:

- ата-аналарға балаларына мамандық таңдауда құқықтық қолдау көрсетіледі;
- сынып ата-аналар жиналысын ұйымдастырып, өткізеді;
- баланың бейімділігі, оқу орындарында әрі қарай оқуы үшін жағдайлар туралы әртүрлі сұқбаттар ұйымдастырылады;
- сауалнама жүргізіледі;
- ата-аналарға арналған нұсқаулықтар дайындалады.

Кәсіптік бағдар беру жұмысы аясында 2024 жылы Ақмола облысының білім басқармасының жанындағы «Агробизнес және сервис колледжі» мемлекеттік қазыналық кәсіпорны арасында директоры Валентина Сергеевна Путинцева, 2023 жылы «Целиноград ауданы, Жаңаесіл ауылы Агротехникалық колледжі» мемлекеттік қазыналық кәсіпорны директоры Сабитов Бағдат Қасымбекұлы және Ақмола облысы білім басқармасының «Арнайы кешені» КММ-і директоры Ю.С. Алдажаровамен өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту мақсатында меморандум жасалды.



«Менің таңдауым – менің мамандығым» кәсіптік бағдар беру жобасын жүзеге асыру аясында 5 жыл бойы (2016-2020 жж.) арнайы кешен «Шортанды ауданы Бозайғыр ауылы мектеп-интернаты» МКҚК-мен тығыз байланыста жұмыс істеп келеді. Әлеуметтендіру және жұмысшы мамандықтарын меңгеру мәселелерін шешу мақсатында түлектерді оқытып, жұмысқа орналастыру бойынша көптеген іс-шаралар өткізілуде.

Қиындықтар көбінесе ерекше білім беруді қажет ететін және мүмкіндігі шектеулі оқушыларды еңбекке баулу, кәсіптік бағдар беру, кәсіптік оқыту, оқушылар жұмыс істеу қажеттілігін сезінбеген және күнделікті өмірде кәсіби іс-әрекеттің маңыздылығын түсінбеген кезде туындайды. Бұл мәселе білім беру мекемесі тарапынан да, ерекше білім алуды қажет ететін немесе мүмкіндігі шектеулі баласы бар отбасы тарапынан да мұқият қарауды талап етеді. Мысалы, барлық ата-ана баласының мектеп бақшасында немесе шеберханада жұмыс істеуімен келіспейді. Көптеген адамдар баласының неге дәл өзі армандаған мамандықты ала алмайтынына таң қалады.

Қазіргі жағдайда бізге зияты бұзылған балалардың нақты мүмкіндіктерін түсінетін және дәл бағалайтын білікті жұмысшылар мен ата-аналар қажет. Сондықтан ерекше білім беруді қажет ететін түлектердің мамандық таңдауы және одан әрі жұмысқа орналасуы оқыту мен тәрбиелеу үдерістерінің бірлескен қызметінің нәтижесі екенін ескеру қажет. Мектепте оқушыларды болашақта күтіп тұрған көрінетін әлеуметтік әл-ауқатқа емес, кәсіби қызмет арқылы өмірдегі өз орны үшін шынайы күреске дайындау маңызды, оның көмегімен мектеп түлегі өзін маңызды және сұранысқа ие екенін сезінетін басқа адамдармен қарым-қатынас жүйесіне түседі.

«Кәсіптік-еңбекке оқыту» пәнін арнайы кешенде үлкен жұмыс тәжірибесі бар тәжірибелі ұстаздар оқытады.

Арнайы кешеннің орналасқан жеріне қарай негізгі бағыттардың бірі – ауыл шаруашылығы еңбегі. Кешенді жаңа піскен көкөністер мен шөптермен қамтамасыз етуде тәжірибеміз бар екені жоғарыда айтылды. Оқушылардың өндірістік бригадасы 1988 жылдан бастау алады. Барлық жылдар бойы еңбекке тәрбиелеу төмендегі мұғалімдерінің ынта-жігері, жауапкершілігі және

адалдығымен жүргізілді: Михайловский В.П., Ахметжанова А.М., Заборовский А.П., Кучур В.М., Кушумбаева Т.К., Шевчук В.И., Бедаш М.А., Бабешко Н.Н., Бабешко Г.С., Курц Э.В., Кельш А.К., Багромян Р.М. және т.б. Барлық үдерістерді директор Шаврин М.Я. және 2002 жылы құрылған 10 өндірістік сыныпқа жетекшілік еткен еңбек тәрбиесі мұғалімдері жоспарлап, жүзеге асырды.

Арнайы кешен аумағында жалпы ауданы 1,75 гектарды құрайтын мектеп телімі бар. Ауыл шаруашылығы жұмыстарының барлық циклі осы учаскеде жүзеге асырылады. Оқу жылы ішінде жұмыс жалпы еңбек және кәсіптік оқыту сабақтарының, сондай-ақ сабақтан тыс уақыттағы кестеге сәйкес ұйымдастырылады. 2024 жылы алғаш рет әлеуметтік серіктестермен бірге бау-бақша отырғызылды. Алма ағаштары, теңіз шырғанағы, қызметші жидек, қара өрік, қарақат, шие ағаштары отырғызылды.

Ең бастысы балалар өз білімдері, іскерліктері және дағдыларын іс жүзінде қолданғанда өз жұмысының нәтижесін көреді, сонымен қатар олар бүкіл ұжым үшін өз жұмысының маңыздылығына сенімді болады. Көктемде және күзде барлығы мектеп учаскесінде белсенді түрде жұмыс істейді, көптеген жұмыстар жүргізіледі: көшет отырғызу, гүлзарларды өңдеу, ағаштар мен бұталарды кесу, әктеу, топыраққа тыңайтқыштар қосу.

## *XII. «Ақтөбе облыстық арнайы «мектеп-интернат-колледж» кешені КММ-і*

«Ақтөбе облыстық арнайы мектеп-интернат-колледж кешені» есту және көру қабілеті бұзылған балаларды оқытады. 2014 жылғы қыркүйектің 11-дегі №14013402 Лицензияға сәйкес бастауыш, негізгі орта, техникалық және кәсіптік білім береді. Бастапқы 2 жылда кәсіптік білім беру төмендегі 3 мамандық бойынша жүргізілді: «Шаштараз-визажист», «Тігінші» және «ПК операторы». Оқу бітірген кейін жалпы білім беру аттестаты және техникалық және кәсіптік білім беру куәлігі берілді.

Қазіргі таңда кәсіби дайындық 2 мамандық бойынша жүргізіледі, мамандық атауы мен коды және біліктілік коды мен атауы лицензия бойынша мынадай:

1. 10120100 **Мамандығы** – «Шаштараз өнері», ***Біліктілігі:*** 3W10120101 – «Шаштараз стилисті».

2. 07230100 **Мамандығы** – «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу», ***Біліктілігі:*** 3W07230102 – «Арнайы тігінші».

Оқу мерзімі 1 жыл 10 ай, негізгі орта білім базасында жұмысшы мамандығы. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары үшін жалпы білім беретін пәндер циклінің немесе модулінің үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 6 қаңтардағы № 1 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 10 қаңтарда № 31666 болып тіркелген.

Білім беру бағдарламасының ерекшіліктері: Ерекше білім беру

қажеттіліктері бар тұлғаларға арналған бейімделген бағдарлама құрастырылды. Осы 2 мамандық бойынша лицензия алынды. Оқу нысаны күндізгі, тегін. Оқу бітіргеннен кейін техникалық және кәсіптік білім беру дипломы беріледі.

Білім алушылар контингенті: 2015-2016 оқу жылында 13 студент; 2016-2017 оқу жылында 11 студент; 2017-2018 оқу жылында 6 студент; 2018-2019 оқу жылында 4 студент; 2019-2020 оқу жылында 3 студент; 2020-2021 оқу жылында 5 студент; 2021-2022 оқу жылында 5 студент; 2022-2023 оқу жылында 4 студент; 2023-2024 оқу жылында 9 студент оқыды. 2015 жылдан 2024 жылға дейінгі кезең ішінде оқу орнын 60 студент бітірді. 2024-2025 оқу жылында мемлекеттік тапсырыс негізінде 18 білім алушылар оқып жатыр.

Педагогтар жоғары білімді және арнайы білім беру саласы – «Дефектология» мамандығы бойынша дипломдары бар. Сонымен қатар педагогтар біліктілік санаттарын көтеріп, педагогикалық колледж оқытушыларының білім беру үдерісіне енгізіліп жатқан оқыту әдістемелері мен жаңа технологияларды игеруі аудиторияларда емес, салалық кәсіпорындар мен мекемелер базасында өтуі үшін келіссөздер жүргізіп, келісімдерге қол жеткізіп, стажировкадан және де мамандыққа байланысты курстардан өтіп тұрады.

Жыл сайын педагогтер және студенттер кәсіби байқаулар, спорт және қайырымдылық шараларына қатысып, жүлделі орындар алып жүр.

Жыл сайын әр мекемемен кәсіптік практика бойынша келісім шартқа отырамыз. Олардың қатарында ЖК «Жастар», «Al-Ven», «Перизат» шаштараз салондары, «Саңыраулардың қазақ қоғамы» қоғамдық бірлестігінің «Ақтөбе оқу-өндірістік кәсіпорыны» мекемесі, «Сылқым», «АйШоРа» ательелері бар.

***Түлектерді жұмысқа қамту:*** Колледждің міндеті – кәсібін жетік білетін, сауатты, жоғары рухани-адамгершілік қасиеттерге ие, кәсіби өсуге қабілетті жоғары білікті мамандарды даярлау. Қазақстандағы техникалық және кәсіптік білім беру саласында жетекші орын алатын 2 мамандық бойынша бітірушілердің дайындық дәрежесінің негізгі көрсеткіші түлектердің жұмыспен қамтылуы болып табылады.

Жаңа заман болашақ маманның кәсіби дайындық деңгейіне жоғары талаптар қояды. Бүгінде еңбек нарығында табысты жұмысқа орналасу және мансаптық өсу үшін төмендегідей қасиеттер маңызды: мақсатқа бағытталғандық, кәсіби құзыреттілік және коммуникативті дағдылар. Түлектердің жұмысқа орналасуы және уақытша жұмыспен қамтылуын жеңілдету мақсатында «Ақтөбе облыстық арнайы «мектеп-интернат-колледж» кешені төмендегідей қызмет бағыттарын белгілейді:

- колледж түлектерінің жұмыспен қамтылуын бақылау: түлектер туралы мәліметтер базасын құру, түлектердің мамандық бойынша жұмыспен қамтылуы туралы ақпарат жинау;
- жұмыспен қамту мәселелерін шешу: кәсіпорындар, жұмыс берушілер және ата-аналармен өзара байланыс орнату

- кәсіптік бағдар беру қызметі: студенттердің ақпараттық жәрмеңкелер және бос жұмыс орындар жәрмеңкесіне қатысуын ұйымдастыру.
- ата-ана және түлектермен тығыз байланыстамыз, олардың жұмысқа орналасуына ықпал етеміз және олардың бейімделуі қадағаланады.

Біздің түлектер мүмкіндігіне қарай әртүрлі салада жұмыс жасайды. Атап айтсақ, Ақтөбе қаласындағы Мүгедектердің «Сауап оқу» өндірісі және медицина орталығында стоматолог, ЖК «Айгуль Абдуалиева» шаштараз салонында, «Риза-Ана» қоғамдық қорының «BR social progect» кофеханасында аспазшы маманы, «Рикс ЛТД» ЖШС-нде жұмысшы, дене мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған спорт клубында спортсмендермен жұмыс жасайды, Астана қаласында «Active Life» мүгедектер қоғамдық бірлестігінде актриса болып қызметтерін атқаруда.

Материалдық-техникалық база: жалпы көлемі 23715 ш.м., оның ішінде оқу процесіне арналған 129,2 ш.м. Жобалық қуат – 150 орын. Колледж бейімделген ғимаратта орналасқан: 6 оқу кабинеті, 2 шаштараз шеберханасы, 2 тігін шеберханасы бар. «Шаштараз өнері» 46,9 ш.м., «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу» 51,2 ш.м., шеберхана 70 ш.м. бөлмелерінде орналасқан. Студенттерге жатақхана қарастырылған, шәкіртақы және демалыс кезінде жолақы төленеді, 5 мезгіл тегін тамақ қамтамасыз етілген. «Мектеп-интернат-колледжінде» оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастыру бағытында күрес, волейбол, спорт түрлері шығармашылық қабілеттерін нығайту мақсатында хореография, сәндік қолданбалы өнері, «Айналайын», «Самға» театр үйірмелері жұмыс жасайды.

***Студенттердің жетістіктері:***

- Облыстық жастар мен балалар ұйымдарының қауымдастығы Алтай Тоқтарды Халықаралық студенттер күніне орай құттықтау хатпен марапаттады.
- Қазақстан Республикасы Мәдениет және Спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы С. Ерғалиев Шымкент қаласында өткен таеквондодан есту қабілеті зақымдалған ерлер арасындағы ҚР-ның ІІІ-спартикадасында 68 кг салмақ дәрежесінде ІІІ-орын алғаны үшін Алтай Тоқтарды дипломмен марапаттады.
- Ақтөбе облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Л. Уразбаева өңірдің қоғамдық-саяси өміріне белсене қатысып, студенттердің өзін-өзі басқару қозғалысының дамуына, жастар саясаты мәселесін жүзеге асыруға зор үлесін қосқандары үшін Нұрсұлтан Нұргелді, Алтай Тоқтар, Батиев Алиханды алғыс хатпен марапаттады.
- «Ғ. Ақтаев атындағы № 6 мектеп-гимназиясы» КММ-ның директоры Ж. Романова «Балаларға қуаныш сыйлайық» атты акциясында білім алушылардың шаштарын қиып, бояп, сәндеп, қуаныш сыйлағаны үшін Алтай Тоқтар, Батиев Алиханды алғыс хатпен марапаттады.
- Астана қаласында өткен ҚР-ның ұлттық жастар дельфий ойындарынның аймақтық іріктеу кезеңіне қатысып, ым-шара тілінде ән айту номинациясында І-орын алған Мұстафин Қайыржанды Ұлттық Дельфий Комитетінің

директоры, Қазақстан Республикасының Халықаралық Дельфий Комитетіндегі өкілі Қ. Түспекова дипломмен марапаттады.

- Астана қаласында өткен ҚР-ның ұлттық жастар дельфий ойындарыннның аймақтық іріктеу кезеңіне қатысып, еліміздің өнер және мәдинет саласының дамуына үлес қосқаны үшін Хасанов Радмирді Ұлттық Дельфий Комитетінің директоры, Қазақстан Республикасының Халықаралық Дельфий Комитетіндегі өкілі Қ. Түспекова алғыс хатпен марапаттады.
- Ақтөбе қаласының әкімдігі, Ақтөбе қаласы ішкі саясат бөлімі ММ-і, Ақтөбе қаласының жастар ресурстық орталығы КММ-нің ұйымдастыруымен мүмкіндіктері шектеулі жандар арасында «Екі жұлдыз» жастар фестивалі өтті. Фестивальге қала мен облыс көлеміндегі мүмкіндіктері шектеулі жастар келіп, өнерлерін көрсетті. Осы орайда мектеп-интернат-колледж студенттері Ерсеріков Ерасыл мен Хасанов Радмир қонақ ретінде шақырылып, көрермендерге ым-шара тілімен өз өнерлерін көрсетті.
- «Ақтөбе облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» ММ-і «Әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» КММ-де Республика күніне орай «Мейірімді жүрек» қайырымдылық концерт бағдарламасына Студент Мустафин Қайыржан қатысып, өнер көрсетті.
- Астана қаласында өткен SILK WAY CREATIVE GAMES XIV Ұлттық Дельфий ойындарына қатысқаны үшін Мұстафин Қайыржанды Ұлттық Дельфий Комитетінің директоры, Қазақстан Республикасының Халықаралық Дельфий Комитетіндегі өкілі Қ. Түспекова «Жестовая песня» номинациясы бойынша қола медаль және сертификатпен марапаттады.
- Ақтөбе қаласының әкімдігі ұйымдастырумен «Сәукелі ару–2023» І-Халықаралық байқауында «Бұрымды ару» номинациясын иелеген Бекмуратова Бакитжанды Ақтөбе қаласының орынбасары Г. Сисенова диплом табыстады.
- Астана қаласында өткен «Арман асулары» ІІ-республикалық өнер фестиваліне қатысып, ауқымды шараның жоғары деңгейде өтуіне қосқан үлесі үшін Мұратова Алинаны вице-министр А. Жүдебаева алғыс хатпен марапаттады.
- Ақтөбе қаласының 155 жылдығына орай ұйымдастырылған «Hairstylist» байқауында марапаттау: 1-орын Жылқыбаев Ұлан, 2-орын Оспан Бекзат және де алғыс хатпен Жаңбырбай Арсенді Астана ауданының әкімі А. Жақслықов марапаттады.

***Кәсіби байқау «Worldskills Agtobe»***

- «Worldskills Agtobe-2023» аймақтық чемпионатында «Сән технологиялары» құзыреттілігі бойынша «Кәсіби маман» номинациясына Лебедова Дарья қатысты, жетекшісі Жуманбетова С.Е.
- «Worldskills Agtobe-2023» аймақтық чемпионатында «Шаштараз өнері» құзыреттілігі бойынша үздік нәтиже көрсеткен Алтай Тоқтар ІІІ-дәрежелі дипломмен марапаталды, жетекшісі Дүйсеналина Б.М.
- «Worldskills Agtobe-2024» аймақтық чемпионатында «Шаштараз өнері» құзыреттілігі бойынша үздік нәтиже көрсеткен Жаңбырбай Арсен ІІІ-дәрежелі дипломмен марапаталды, жетекшісі Исмагилова Г.С.

- Worldskills Agtobe-2024» аймақтық чемпионатында «Сән технологиялары» құзыреттілігі бойынша Мұратова Алина қатысқаны үшін сертификат алды, жетекшісі Жуманбетова С.Е.

## *XIII. Батыс Қазақстан облысы Білім басқармасының Зерде бұзылыстары бар балаларға арналған облыстық арнайы кешен «мектеп-интернат-колледжі» жұмысының іс-тәжірибесінен*

(Директордың оқу-өндіріс жұмысы бойынша орынбасары
Ж.С. Нұрахметованың ақпараты бойынша)

Зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған облыстық арнайы кешен «мектеп-интернат-колледжінің» Әкімшілігі арнайы мектеп саласындағы колледж жұмысының іс-тәжірибесімен бөлісті. Мәтінғ ондағы атаулар мен ұғымдар өзгеріссіз берілуде екенін ескертеміз.

Мемлекет пен қоғам алдында тұрған ерекше білім беруді қажет ететін балаларды әлеуметтік бейімдеуге көмек көрсетуде, қоғамда толыққанды өмір сүруге даярлау, қолжетімді мамандық алуына қажетті жағдай жасау негізгі міндеттер болып табылады. Арнайы мектеп саласындағы зиятында бұзылыстары бар балаларға арналған облыстық арнайы кешен Орал қаласындағы колледждің ашылғанына көп уақыт болған жоқ.

Биыл ашылғанымызға төртінші жыл және студенттерді қабылдап, төмендегі мамандықтар бойынша оқытамыз:

1. 072301100 – «Тігін өндірісі мен киімдерді үлгілеу».
2. 07231000 – «Аяқ киім ісі».

Осыған байланысты мектеп облыстық арнайы кешен «мектеп-интернат-колледж» мәртебесіне өзгертілді.

**1. Лицензия алу: қиыншылығы мене жетістігі. Білім беру қызметеріндегі лицензияландыру тәртібі.**

Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес білім беру қызметімен айналысу үшін мемлекеттік лицензия қажет. Бұл қызмет түріне келесі қызметтер кіреді: кәсіптік техникалық бағдарлама және кәсіптік білім беру, оның ішінде кәсіп пен мамандықтар, орта білім беру, жоғары және жоғары оқу орнынан жоғары білім беру, кәсіптік бағдарламадан соң мамандықтар бойынша білім беру бағдарламалары.

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша жергілікті атқару органы немесе орталық мемлекеттік органның жергілікті органы болған жағдайда лицензия алушыға тұрғылықты мекен-жайы бойынша заңды тұлғаға беріледі. 2014 жылдың 16 мамырдағы ҚР-ның «Рұқсат беру және ескерту» № 202 Заңына сәйкес бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік орта білімнен соң Қазақстан Республикасының Білім және ғылым Министрлігі мен білім беру саласының сапасын қамтамасыз ету Комитетімен жергілікті білім беру сапасын қамтамасыз етудің жергілікті департаментінде анықталады.

Лицензия және оған қосымша беру Қазақстан Республикасының Ағарту Министрлігінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 483 бұйрығындағы «Мемлекеттік қызмет көрсету Ережесін бекіту» атты «бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен соң, рухани білім беру саласындағы лицензия беру негіздемесінде беріледі.

**2. Лицензия алудағы құжаттар тізімі.**

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымша алу үшін ҚР-ның Оқу-Ағарту Министрлігінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 473 Бұйрығына сәйкес «Бастауыш, негізгі орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен соң және осыларға сәйкес келетін құжаттар тізімін ұсынатын, білім беру қызметін жіктеу талаптарын бекіту» және білім беру қызметін лицензияландыруға қажетті құжаттардың тізімі талап етіледі. Құжаттар «Электронды басқару» www.egov.kz веб-порталы және «Е-лицензиялау» www.elicense.kz веб-порталы арқылы элетронды түрде жолданады. Құжаттардың дұрыстығына өтініш беруші немесе лицензия беруші тараптар жауапты болады. Лицензия немесе оған қосымшаны қайта рәсімдеу келесі жағдайда жүзеге асырылады:

1) Заңды тұлғаның бірігу, қайта қосылу, бөліну немесе қайта құрылған жағдайында;
2) Заңды тұлғаның заңды мекен-жайы немесе атауы өзгерген жағдайда;

Сондай-ақ лицензияға құжаттарды рәсімдеуде біз ерекше білімді қажет ететін балаларға арналған ұйым болғандықтан ҚР-ның Білім және ғылым Министрлігінің 2022 жылғы 12 қаңтардағы № 6 бұйрығымен «Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен соң, қосымша білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдауды бекіту туралы Ережені» ескеру қажет.

**3. Студенттерді жинау, ата-ана қауымдастығымен жұмыс.** Талапкерлерді колледжге іріктеу қызметін ұйымдастыру берілген сілтеме бойынша құқықтық-нормативтік құжаттарға сүйенеді. Директордың бұйрығымен қабылдау комиссиясының құрамына хатшы, жауапты хатшының орынбасары, техникалық хатшы, аудитория бойынша кезекші, қабылдау комиссиясы жасақталады. Кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүзеге асыру аясында облыстық және қалалық жалпы білім беретін мектептерде сондай-ақ БАҚ-та жарнама материалдарын таратуда:

- облыстық және қалалық жалпы білім беретін мектептерде кәсіптік бағдар беру жұмыстарын жүргізу;
- техникалық және кәсіптік білім беру мамандарына сәйкес аймақтың ерекшелігіне сай маркетингтік зерттеу негізінде білім алушылардың контигенттерін қалыптастыруда іс-шараларда кәсіптік бағдар беру жұмысын жарнамалық акция бойынша кешенді және оқыту құрамын қабылдау бойынша іс-шараларды жетілдіру жұмыстарын ұйымдастыру;
- облыстың және қалалық талапкерлерге арнап «Ашық есік күндерін» ұйымдастыру;

Колледжде оқуға өтініш қабылдау техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламасына сай 25 маусым мен 25 тамыз аралығында күндізгі оқу бөліне

мамандықтарды арқылы жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызметті алу үшін өтініш жазу үлгісі оқу орнының фойесінде стендте орналасқан ақпараттан, сондай-ақ оқу орнының қабылдау кешенінің мамандарынан алуға болады.

Колледжге оқуға түсу үшін білімі туралы құжаттың түпнұсқасы қосымшасымен, №075-У түріндегі фотосуреті және флюорография түсірілімен ҚР Денсаулық сақтау министрі м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № МЗ-175/2020 бұйрығы «Денсаулық сақтау саласындағы құжат түрлерін тіркеуді бекіту туралы» (құқықтық нормативті актілерді тіркеу ұлттық Реестрінің № 21579 медициналық анықтама №075-У түріндегі, ҚР Денсаулық сақтау министрі м.а. 2020 жылғы 30 қазандағы № МЗ-175/2020 бұйрығы «Денсаулық сақтау саласындағы құжат түрлерін есепке тіркеуді бекіту туралы» 1-2 топтағы мүгедектігі бар (№21579 құқықтық-нормативті актілерді тіркеу ұлттық Реестрімен тіркелген) 031-У түріндегі әлеуметтік экпертизаның шешімі бекітілген, 3*4 фотосуреттің 4 данасы қажет.

Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыны техникалық және кәсіптік білім беру ұйымына қабылдау медициналық-әлеуметтік экспертизаның қарсы көрсетілім жіктемесі мен ұсынысының негізінде мамандық бойынша жүзеге асырылады. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыны оқуға техникалық және кәсіптік білім беру ұйымына қабылдауда ПМПК шешімімен «Зиятының бұзылысының жеңіл түрдегі бұзылысы» диагнозымен қабылдауды, бірақ ПМПК шешімімен «зиятының бұзылысының жеңіл түрдегі бұзылысы» диагнозына қосымша медициналық психиатриялық қарсы көрсетіліміне қарай мамандығының ерекшелігін ескере отырып, ҚР Денсаулық сақтау Министрлігінің 2022 жылғы 23 ақпандағы ҚР-ның ДСМ «Арнайы білім беру ұйымдарындағы және ерекше режимде білім беру ұйымдарындағы Кәмелетке толмағандарды оқыту мен күтуде сырқаттар тізімін бекіту туралы» № 17 бұйрығына сәйкес төмендегі тізімдегі диагноздар бар жағдайда қабылдау мүшесі өтініштен бас тартуға құқылы:

- Орташа түрдегі зерде бұзылысы;
- Дауна синдромы, жеңіл түрдегі зерде бұзылысы;
- Жеңіл түрдегі бұзылысының аутистік тәртібінің бұзылысы;
- Жеңіл түрдегі бұзылысының атипичті аутизм түрі;
- Жеңіл түрдегі бұзылысының жиі ұстамалы эпилепсия түрі;
- Көру қабілетінің кез келген күрделі бұзылыстарының түрлері;

Оқуға түсушілердің өзімен бірге жеке куәлігін, құжаттарын ата-анасы немесе заңды өкілі ұсынады.

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдар өз статустарын анықтайтын құжаттары мен тұрғылықты жеріне тіркелу белгісімен бірге құжаттарын ұсынады.

- Шетелдік – Қазақстан Республикасында тұратын шетелдік;
- Азаматтығы жоқ адам – азаматтығы жоқ жеке құжаты,
- Босқын – босқын куәлігі;
- Пана іздеуші адам – пана іздеуші куәлігі бар адам;
- Оралман – оралман куәлігі;

Оқу орнына түсушілерден өтініш оқу түріне байланысты колледждің тіркеу журналына тіркеледі. 1 тамыз бен 27 тамыз аралығында күндізгі оқу бөліміне кіріспе сұхбат  жүргізіледі. Күндізгі оқу бөліміне конкурс негізінде қабылдау 25 тамыз бен 31 тамыз аралығында жүзеге асырылады. Жұмыс күні сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.00-ге дейін, демалыс және мереке күндерін есепке алмағанда белгіленген  кесте бойынша жүргізіледі.

Қабылдау алдын ала жазылмай және тез қызмет етпей кезек арқылы жүргізіледі. Құжаттар түгел болған жағдайда күндізгі оқу бөліміне сәйкесінше мамандығы бойынша колледж директорының атына өтініш жазылады. Құжаттарын толық тапсырған соң комиссия мүшесі колледжге құжаттары қабылданғаны жөнінде түбіртек береді. Құжаттар толық тапсырылмаған немесе мерзімі өткен құжаттар болған жағдайда қабылдау комиссиясының мүшесі өтінішке қарсылық білдіретін дәлелді алға тартып, өтінішті қайта қарауға жолдайды.

Сұхбат техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламасы бойынша оқуға түсетіндермен жүргізіледі. Оқуға түсу үшін емтихан орта білімнен соң, мамандық профиліне сәйкес жұмысшы кадрларды даярлауда  сәйкесінше бекітілген кестеге сай сұхбат түрінде  жүргізіледі.

Сұхбат өткізілетін уақытта өтуіне 3 (үш) жұмыс күнінен кем емес уақытта күні мен уақыты көрсетілген хабарлама жіберіледі. Сұхбат (кәсіптік диагностика) жүргізіледі. Сұхбат жүргізілерде , ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасайтын болғандықтан, оларға арнап арнайы мамандар психолог, логопед, дефектолог, әлеуметтік педагогтер сұқбат сұрақтарын жасақтайды. Сонымен бірге, оқуға түсетіндер мен олардың кәсіптік даярлығын анықтау мақсатында өндірістік шеберханамен арнайы пәндер оқытушысы бар жұмыс тобы құрылады. Қабылдау комиссиясы абитуриенттермен жеке сұхбатты сәйкесінше  бағытта 20 минут кем емес уақытта жүргізіледі. Сұхбат үшін сұрақтардың тізімі қабылдау комиссиясының председателі бекітеді.

Аудитория бойынша кезекшілік құрамына инженер-педагог жұмысшылар кіреді. Арнайы дисциплин оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлері аудитория бойынша кезекшілік құрамына кірмейді. Сұхбатқа жеке куәлік құжатымен келу міндетті. Сұхбат пен кәсіптік сынақтың нәтижесі сұхбат өткен күні хаттамаланып, білім беру ұйымының интернет желісінде немесе ақпараттық қабырғасына ілінеді. Сұхбат кезі аудио, бейне жазбаларға жазылып, 1 жыл көлемінде мерзімде сақталады. Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы карантин төтенше жағдайларда сұхбат ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолданумен жүргізіледі.

Кесте директордың бұйрығымен білім беру ұйымының ақпараттық қабырғасында немесе интернет желісінде жарияланады. Қабылдау комиссиясы мүшелері қабылдау күні өтінішті тіркеуді жүзеге асырады және оны жауапты органдарға орындауға жолдайды. Абитуриенттердің  өтініші қабылдау комиссиясының оқу түріне байланысты тіркеу журналына тіркейді.

Қабылдау комиссиясының жұмысының аяқталуына орай оқуға түсу туралы хаттамасы толтырылады.

Қабылдау сұхбатының бағасының нәтижесі барысында бірыңғай талаптардың сақталуын және таласты сұрақтарды шешуді қамтамасыз ету мақсатында оқуға түсушілердің құқықтарын қорғау мақсатында директордың бұйрығымен апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссия құрамына тақ санды мүшелері құрайды. Апелляциялық комиссия құрамына білім беру ұйымының техникалық және кәсіптік білім берудің тестілеу пәні педагогтері кіреді. Апелляциялық комиссия құрамының басым даусы беруімен председателі сайланады. Хатшы комиссия мүшесі болып саналмайды.

**4. «Мектеп-колледж» қызметінің лицензиясы жұмысында арнайы білім беру ұйымының басшыларына арналған ұсыныс мен пікірлер.**

Колледж ашу туралы әкімдіктен рұқсат алған соң қажетті:

- Мектеп Жарғысына өзгерістер енгізу;
- Әділет Департаментінен анықтама алып, тіркеуден өту;
- Кәсіптік машықтан өту үшін өндірістік іріктеу және ынтымақтастық меморандумына қол қою;
- Білім беру бағдарламасына сәйкес Индустриалды кеңес құру;
- Лицензияланған мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларын құру;
- Білім беру бағдарламасының экспертизасы үшін «Талап» ҰАҰ және білім беру ұлттық Реестріне енгізу абитуриенттерді жинақтауға құқық береді;
- Басқа колледжге қарағанда, ерекше білім беруді қажет ететін балаларды топтастыруда 10 баладан кем емес толымдылық болғанын, арнайы серіктестіктермен шеберхананы жабдықтауға келісім жасау;
- Арнайы дисциплин оқытушылары мен өндірістік оқыту шеберлеріне 72 сағаттан кем емес өндірістен тағылымдамадан өту;
- Лицензияланған мамандықтар бойынша кітап қоры 1998 жылдан бұрын болмауы керек, себебі, Е-лицензиялау электронды базасы одан төменгі жылғы оқулықтарды қабылдамайды;
- Лицензияға берген кезде оқу орнының Өрт, СЭС, ТЖ т.б айыппұл санкциясы болмауы керек, егер болған жағдайда қалыпқа келтірмей лицензия базасы қабылдамайды;
- Сайт жұмыс жасап тұру керек және лицензия бойынша салынған барлық деректер Ұлттық білім беру деректер қорымен сәйкес келуі керек.

**5. «Мектеп-колледж» қызметін ұйымдастыруда өзекті мәселелер.**

| **Ықтималдық қатер атауы** | **Қатерлерді басқаруды қолға алынбаған жағдайдың салдары** | **Қатерлерді басқару шаралары** |
|---|---|---|
| 1. Колледж бен мектеп арасындағы қатаң құжаттар есебін жүргізудегі үлкен айырмашылықтар. | ТжКББ жүйесінде ЕББҚББ оқытуда ұйымдастыру жұмыстарының мәселесінің жетілмеуі. | Қатаң құжаттар есебін бірыңғай құжаттар жүргізуде мектеп бойынша да, колледж де |

| | | |
|---|---|---|
| | Кешен жұмысының жүйелілігінің жалпы басқару процесіне кедергі келтіреді. | ескерілетіндей етіп жасақтау. |
| 2. Арнайы мектеп түлектерінің өз бетімен өмір сүруде жалпы заңның жүзеге асу механизімен қолдауды қамтамасыз етудің болмауы. | Түлектердің бейәдепті мінез-құлқын қалыптастыру қаупін қолдайтын алдағы күштің болмауы. | Арнайы мектеп түлектерін қолдау алғышарттарын заңдастыру деңгейінде енгізу, осы топтағы түлектерге арнайы тенологиялық жұмыстар қажет. |
| 3. Білім алушыларға жауапты мемлекеттік құрылым басқармаларының (ПМПК, ПДО, оқу орны) жұмыстарының арасында келісімнің болмауы, яғни, білім алушының ұсынымын жазуда мектептің түзету бөлімінің есепке алынбауы, ПДО-ның ПМПК ұсынымын ескермеуі. | Оқу орнына ата-аналардың шағымы:<br>- Диагноз шындыққа жанаспай, білім алушыны педконсилиумға апарғанда;<br>- Кешеннің медициналық қызметкерлері бақылау үшін қайта тексеруде ПДО ұсынған жағдайда;<br>- Білім алушы диагнозына байланысты ішкі тәртіпке бағынбаса немесе анасы баласының жағдайын қабылдамай , ПДО құрылымдармен келісімге келмей қате қойылған диагнозын жамылып отыруы. | 3 құрылымның, яғни ПМПК және ПДО және оқу орны келісімімен осы санаттағы балалар Мемлекеттік стандарт сапасын көрсетуді жасақтау. |
| 4. Жыл сайын 2-типті Орташа түрдегі зерде бұзылысы бар балалардың көбеюі мен осы диагнозды балалардың жалпы колледждерге түсуі колледж студенттерінің азаюына әкеліп отыр. | Колледжде студенттердің қысқаруы- толтардың жабылуы, мектеп жанындағы колледждің жабылуы. | Кәсіптік бағдар беру бірлігін енгізуге рұқсат беру, сондай-ақ кешеннің заңды атауындағы «бұзылыс» атауын алып тастап, колледж түлектерін кез келген бұзылыстармен ( ПДТ, Нашар еститін, зағип, және ЖТЗБ) тек бөлек топтар қабылдауға рұқсат беру. |
| 5. Құжаттардың қатаң есеп беру құрылымы бөлігіндегі кешеннің «Колледж» бен ҰББДҚ арасындағы сұрақтардың дұрыс жолға қойылмауы. | Заңды тұлға кешен ретінде толтырылған , бірақ құжаттарды бөлек жүргіземіз. | Құжаттар тізімін және құжаттар жүргізу алғышарттарын қайта қарау. |
| 6. Кешеннің «Колледж» бөлігіндегі оқу бөлімі құрылымын реттейтін (оқу бөлімінің орынбасары) штат бірлігінің болмауы. | Кешен орынбасарлары колледж жұмысын білмеуі және оқушы санының көптігінен ( барлығы -404 оқушы, 108 үйден оқитын, 43- | Кешеннің штаттық кестесіне 1 өндірістік оқыту шеберін қысқарту арқылы ішкі үнемдеумен оқу |

| | | |
|---|---|---|
| | сынып- комплект) үлгермеуі. Сәйкесінше колледждің бар жұмысының бір ОІЖО түсіп, колледждің алдағы уақытта дамуына, кеңеюіне кедергі келтіреді. | бөлімінің орынбасары бірлігін енгізу. |
| 7. Облыстық ББ –ң арнайы білім беру бөлімінде (ЕББҚББ) осы салаға жауапты маманның болмауы. | Болашақ жоқ, жүйеліліктің болмауы, мемлекет ақшасының текке кетуі. | «Білім берудің номенклатурасы түрлерінің» №50 бұйрығына сәйкес біз ТжКБ емес, арнайы білім беру ұйымына жатамыз, сол себепті арнайы кәсіптік – техникалық білім беруде жауапты бөлім болуы керек. Бұл мәселені ҚР Ағарту Министрлігі көлемінде шешіп, білім берудің номенклатура түрлеріне өзгерістер енгізу. |
| 8.Колледж жұмысының кешеннен бөлінуі және ажырауы: біздің балалармен психологтар жұмыстанбайды, ол үшін қосымша ақы төленбейді деп, бірақ біз кешен екеніміз, ал штат бірлігіне колледж де кіретінін ескермейді.Бүкіл оқу жылы бойы түзету мамандары ( әлеуметтік педагог, психологтер) бірде-бір сабаққа енбеді, біз арқылы бақылау жасап отыр. | Бұл бірінші курстар арасындағы құқықбұзушылық жайттарына әкеледі. | Кешеннің штаттық кестесіне 1 психиатр бірлігін енгізуге рұқсат беру. |
| 19. ҚР БжҒМ № 83 Бұйрығында педагогтардың аттестаттау жағдайында арнайы білім берудің орынбасарлары жұмысының тиімділігін жіктеудің жоқ болуы. | Аттестациядан өту үшін жетістіктер жинақтай алмау, өйткені онда зияты бар балаларға арналған. | Арнайы білім беру оқу бөліміне арнап бөлек көрсеткіш тиімділігін жасақтау. |

## *XIY. Шымкент қаласы білім басқармасының «Сайрам көмекші мектеп-интернат-колледжі» арнайы кешен» КММ-і*

Шымкент қаласы білім басқармасының «Сайрам көмекші мектеп-интернат-колледжі» арнайы кешені» КММ-сі Жарғысына және алған мемлекеттік лицензияға сәйкес мемлекеттік стандарттар шегінде білім беру қызметімен айналысады. Мекеме қызметінің басты мақсаты – ерекше білім

берілуіне қажеттілігі бар балаларға арналған білім беру және тәрбиелеу бағдарламаларын жүзеге асыру, арнайы базалық және орта кәсіптік пәндерін арнайы бағдарламалар мен оқу жоспарлары бойынша оқыту және әлеуметтік-еңбекке бейімделуі мен қоғамға интеграциялануына қол жеткізу болып табылады.

2024 жыл мекемеге кәсіби білім және мамандық алуға ниет білдірген ерекше білім беру қажеттіліктері бар 48 студент қабылданып, 6 оқу тобы құрылды.

Жоғарыда көрсетілген студентерге Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы тамыздың 3-ндегі «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартарын бекіту туралы» № 348 бұйрығының талаптарына сәйкес мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдар жасай отырып, оқу нәтижесі, оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне, деңгейіне, білім алушылардың дайындық жасауы үшін жоғары санатты 29 оқытушы оқытады.

2024-2025 оқу жылында колледж келесі мамандықтар бойынша оқу бастады:

1. 07221400 – «Жиһаз өндірісі».
2. 07230100 – «Тігін өндірісі және киімдерді үлгілеу».

Оқу мерзімі 1 жыл 10 ай. «Жиһаз өндірісі» мамандығы бойынша оқитын студенттер үшін 3 шеберхана, «Тігін өндірісі» мамандығы бойынша оқитын студенттер үшін 3 шеберхана бар. Мекеме студенттері ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар болғандықтан, тәрбиешілер де қарастырылған. Басқа қалалар мен шалғай аудандардан келген студенттер үшін жатақхана жұмыс істейді. Студенттер жатақханадағы орындармен толық қамтамасыз етілген. Стипендия төлемдері, 3 рет ыстық тамақ қарастырылған.

Колледжде студенттердің кәсіптік білім алуына жағдай жасалған. Арнайы пәндер кабинеттерінде студенттер мамандығы бойынша теориялық білім алады, кабинеттер ноутбуктермен жабдықталған, бұл студенттерге интернет арқылы қосымша ақпарат алуға мүмкіндік береді. Студенттер өздері таңдаған мамандық бойынша теориялық негізге ие бола отырып, мамандық бойынша практикалық жағын игеруі керек. Колледждің материалдық-техникалық базасы студентерге кейіннен кәсіптік білім алуға мүмкіндік береді

## *XY. Алматы технология және флористика колледжі*

1998 жылдан Алматы мемлекеттік технология және флористика колледжі ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің қатарынан мамандар даярлап келеді. Колледждің кәсіптік білім беру саласындағы практикалық тәжірибесінің негізі білім алуда ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арналған кәсіптік білім беру жүйесін кезең-кезеңімен қалыптастыру болып табылады. Мекемеде зиятында, тірек-қимыл аппараты, есту, көру, сөйлеу тілі және мінез-құлығында бұзылыстары бар оқушылар оқытылады

және кәсіп алады.

Инклюзивті білім беру бөлімі Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің бұйрығымен бекітілген ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарға арналған техникалық және кәсіптік білім берудің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес іске асырылады; колледжде техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес білім беру бағдарламалары бойынша модульдік оқыту бағдарламасы іске асырылады.

2022-2023 оқу жылында колледжде ерекше білім беру қажеттіліктері бар 156 студент оқыды. Бірінші курсқа 87 оқушы қабылданды, оның ішінде 7 оқушы инклюзивті білім беру топтарында және 80 оқушы арнайы топтарда болды.

*1-кесте. Мамандықтар бойынша саны*

| № | *Мамандықтардың/біліктіліктердің тізбесі* | *Курсы, саны* | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *1-курс* | **2-курс** | | **Барлығы** |
| ***Арнайы білім беру топтары*** | | | | | |
| 1. | 0723000 – Тігін өндірісі және киімдерді модельдеу*; 3W0723002 – Тігінші | 26 | 20 | | **46** |
| 2. | 07221400 – Жиһаз өндірісі, 3W07221402 – Ағаш бұйымдарын құрастырушы | 32 | 30 | | **62** |
| 3. | 0 8 | 12 | 8 | | **20** |
| 4. | 07231000 – Аяқ киім, 3W07231001 – Аяқ киімді жеке тігу және жөндеу шебері | 10 | 8 | | **18** |
| | **Барлығы** | **80** | **66** | | **146** |
| ***Инклюзивті топтар*** | | | | | |
| | ***Мамандықтардың/біліктіліктердің тізбесі*** | ***1-курс*** | ***2-курс*** | ***3-курс*** | ***Барлығы*** |
| 1. | 0723000 – Тігін өндірісі және киімдерді модельдеу | 2 | 1 | | 3 |
| 2. | 1201000 – Автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану | | | | |
| 3. | 1304000 – Компьютерлік аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша) | 2 | | 1 | 3 |
| 4. | 1503000 – Өсімдік шаруашылығы | 3 | 1 | | 4 |
| | **Барлығы** | **7** | **2** | **1** | **10** |
| | **Барлығы** | **87** | **68** | **1** | **156** |

*2-кесте. Бұзылыс түрлері бойынша оқушылар саны*

| *№* | *Курс* | *Оқу тобы* | *Бұзылыс түрлері бойынша оқушылар саны* | | | | | *Барлығы* |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | *Есту қабілеті* | *Көру қабілеті* | *Зиятында бұзылыстары бар* | *ДРК* | *Басқалар* | |
| 1. | 1-курс | Арнайы | 19 | 13 | 43 | - | 5 | **80** |
| 2. | 2-курс | Арнайы | 15 | 14 | 37 | - | | **66** |

| | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | **Барлығы** | **34** | **27** | **80** | | 5 | **146** |

2023-2024 оқу жылы колледжде ерекше білім беру қажеттіліктері бар 195 студент оқыды. Бірінші курсқа 95 оқушы қабылданды, оның ішінде 12 оқушы инклюзивті білім беру топтарында, 83-і арнайы топтарда болды. Инклюзивті білім беру кафедрасында білім беру Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым Министрінің бұйрығымен бекітілген ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарға арналған техникалық және кәсіптік білім берудің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес іске асырылады; колледжде техникалық және кәсіптік білім беру саласындағы мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес білім беру бағдарламалары бойынша модульдік оқыту бағдарламасы іске асырылады.

1. Инклюзивті топтарда білім алушының ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту.
2. Арнайы топтарда оқыту бейімделген білім беру бағдарламалары бойынша жүргізіледі.

*3-кесте. Мамандықтар бойынша саны*

| *№* | *Мамандықтардың/біліктіліктердің тізбесі* | *Курсы, саны* | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | *1-курс* | | *2-курс* | *Барлығы* |
| ***Арнайы білім беру топтары*** | | | | | |
| 1. | 0723000 – Тігін өндірісі және киімдерді модельдеу*;3W0723002 – Тігінші | 26 | | 21 | 47 |
| 2. | 07221400 – Жиһаз өндірісі, 3W07221402 – Ағаш бұйымдарын құрастырушы | 35 | | 46 | 81 |
| 3. | 0 8 | 12 | | 11 | 23 |
| 4. | 07231000 – Аяқ киім, 3W07231001 – Аяқ киімді жеке тігу және жөндеу шебері | 10 | | 8 | 18 |
| | **Барлығы** | **83** | | **86** | **169** |
| ***Инклюзивті топтар*** | | | | | |
| | ***Мамандықтардың/біліктіліктердің тізбесі*** | ***1-курс*** | ***2-курс*** | ***3-курс*** | ***Барлығы*** |
| 1. | 0723000 – Тігін өндірісі және киімдерді модельдеу | 3 | | 1 | 5 |
| 2. | 1201000 – Автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану | 1 | 1 | | 3 |
| 3. | 1304000 – Компьютерлік аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша) | 4 | 2 | 3 | 9 |
| 4. | 1503000 – Өсімдік шаруашылығы | 4 | 4 | 3 | **9** |
| | **Барлығы** | **12** | **7** | **7** | **26** |
| | **Барлығы** | **95** | **93** | **7** | **195** |

*4 -кесте. Бұзылыс түрлері бойынша оқушылар саны*

| **№** | **Курс** | | **Бұзылыс түрлері бойынша оқушылар саны** | **Барлығы** |
|---|---|---|---|---|

| | | Оқу тобы | *Есту қабілеті* | *Көру қабілеті* | *Зиятында бұзылыстары бар* | *ДРК* | *Басқалар* | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | 1-курс | Арнайы | 19 | 13 | 43 | - | 8 | 83 |
| 2. | 2-курс | Арнайы | 15 | 14 | 49 | - | 8 | 86 |
| | | **Барлығы** | **34** | **27** | **92** | | 16 | **169** |

2024-2025 оқу жылы колледжде ерекше білім беру қажеттіліктері бар 214 студент білім алуда. Бірінші курсқа 110 студент қабылданды, оның ішінде 14 студент инклюзивті білім беру топтарында және 96 студент арнайы топтарда болды.

*5-кесте. Мамандықтар бойынша саны*

| № | Мамандықтардың/біліктіліктердің тізбесі | Курсы, саны | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | 1-курс | 2-курс | | Барлығы |
| **Арнайы білім беру топтары** | | | | | |
| 1. | 0723000 – Тігін өндірісі және киімдерді модельдеу*;3W0723002 - Тігінші | 32 | 26 | | 58 |
| 2. | 07221400 – Жиһаз өндірісі, 3W07221402 – Ағаш бұйымдарын құрастырушы | 50 | 34 | | 85 |
| 3. | 0 o | 14 | 12 | | 25 |
| 4. | 07231000 – Аяқ киім, 3W07231001 – Аяқ киімді жеке тігу және жөндеу шебері | 0 | 10 | | 10 |
| | **Всего** | **96** | **82** | | **178** |
| **Инклюзивті топтар** | | | | | |
| | **Мамандықтардың/біліктіліктердің тізбесі** | **1-курс** | **2-курс** | **3-курс** | **Барлығы** |
| 1. | 0723000 – Тігін өндірісі және киімдерді модельдеу | 3 | 3 | 2 | 5 |
| 2. | 1201000 – Автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану | 2 | 1 | 2 | 3 |
| 3. | 1304000 – Компьютерлік аппараттық және бағдарламалық қамтамасыз ету (түрлері бойынша) | 4 | 4 | 2 | 9 |
| 4. | 1503000 – Өсімдік шаруашылығы | 4 | 4 | 4 | 9 |
| | **Барлығы** | **14** | **12** | **10** | **36** |
| | **Барлығы** | **110** | **94** | **10** | **214** |

*6 -кесте. Бұзылыс түрлері бойынша оқушылар саны*

| № | Курс обучения | Группа обучения | Количество студентов по видам нарушении | Барлығы |
|---|---|---|---|---|

| | | | Есту қабілеті | Көру қабілеті | Интеллект | ДРК | иные | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | 1-курс | Арнайы | 36 | 21 | 50 | 1 | 2 | **110** |
| 2. | 2-курс | Арнайы | 19 | 13 | 43 | - | 20 | **95** |
| 3. | 3-курс | Инклюзивті | | 3 | | 1 | 7 | **11** |
| | | **Барлығы** | **55** | **37** | **93** | 2 | 29 | **216** |

**Ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды қабылдауды салыстырмалы талдау**




**Білім алушылардың дайындығын салыстырмалы талдау білім беру бағдарламалары бойынша**



***Ерекше білім беру қажеттіліктері бар түлектерді жұмысқа орналастыру туралы мәліметтер:*** Дуальды кәсіптік оқыту жүйесі біріктіруге мүмкіндік береді оқу процесіне теориялық және практикалық дайындық. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар оқушылар дуальды білім беру жүйесі бойынша «Аяқ киім», «Жиһаз өндірісі» және «Бақша және парк менеджменті» бағыттары бойынша оқытылады. Алматының жетекші кәсіпорындары «Қазлегпром-Алматы» ЖШС-мен; «Республикалық протез-ортопедиялық орталық» АҚ-ы, «Қара» ЖШС-і, «ЛЭУ» ЖШС-мен келісімшарттар жасалды. Колледждің ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды бейімдеу және кәсіби даярлау жөніндегі құрылымдық бөлімшесі білім алушылар мен бітірушілерге одан әрі жұмысқа орналасу бағыттары туралы шешім қабылдауға көмектесетін Ресурстық орталық болып табылады.

***2022-2023 оқу жылында жұмыспен қамту:*** 2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша Алматы технология және флористика колледжі ерекше білім беру қажеттіліктері бар 70 түлекті мынадай мамандықтар бойынша жұмысқа орналастыруға бағытталған:

1. 0723000 – Тігін өндірісі мен киімдерді модельдеу, тігінші – 20, оның ішінде 8 интеллектуалдық мүмкіндігі шектеулі түлектер.
2. 07221400 – Жиһаз өндірісі, ағаш бұйымдарын құрастырушы 32, оның 12-сі интеллектуалдық мүмкіндігі шектеулі түлектер.
3. 1503000 – Өсімдік шаруашылығы, 10 флорист, оның ішінде 6 интеллектуалдық мүмкіндігі шектеулі.
4. 07231000 – Аяқ киім, жеке тігін және аяқ киім жөндеу шебері 8, оның ішінде 5 интеллектуалдық мүмкіндігі шектеулі түлектер

***2023-2024 оқу жылында жұмыспен қамту:*** Алматы технология және флористика колледжі 2023-2024 оқу жылы ерекше білім беру қажеттіліктері бар 86 түлекті мынадай мамандықтар бойынша жұмысқа орналастыруға бағытталған:

1. 0723000 – Тігін өндірісі мен киімдерді модельдеу, 26 тігінші, оның ішінде 11 интеллектуалдық мүмкіндігі шектеулі түлектер;
2. 07221400 – Жиһаз өндірісі, 35 ағаш бұйымдарын құрастырушы, оның 13-і интеллектуалдық мүмкіндігі шектеулі түлектер.
3. 08120100 бау-бақша және парк басқармасы, Флорист, оның ішінде 11 интеллектуалдық мүмкіндігі шектеулі, 5 түлек.
4. 07231000 – Аяқ киім, жеке тігін және аяқ киім жөндеу шебері 10, оның ішінде 3 интеллектуалдық мүмкіндігі шектеулі түлектер.

Мүмкіндігі шектеулі адамдарды кәсіптік оқыту үдерісінде дуальды оқыту бойынша келесі серіктестер келісімдерге қол қойды: «ҚАРА КОМПАНИ» ЖШС-і, кәсіпорын басшысы Б.С. Тұрғамбаев; «АйЗер-Мебель» ЖШС-і, «Махмет А» акционерлік қоғамының басшысы, «ҚазСПО-Н» ЖШС-і, «Свечникова» акционерлік қоғамы, «Қазлегпром-Алматы» ЖШС-і, кәсіпорын басшысы А.Б. Бектұрғанов, «МСК-Импекс» ЖШС-і, Заливакин И.Е. акционерлік қоғамының басшысы, «Kazakhstan Fabric Manufactory» ЖШС-і, басшысы Н.А. Бектасов, «ЛЭУ» ЖШС-і, Башинский С.А. акционерлік

қоғамының басшысы, «BOSCH Diesel Service» акционерлік қоғамының басшысы Д.В. Коновалов.

2024-2025 оқу жылының басында арнайы білім беру топтары «Талап» ҰАК» АҚ сайтында техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларының ұлттық тізіліміне енгізілген білім беру бағдарламаларына сәйкес мынадай мамандықтар бойынша оқытумен қамтамасыз етіледі:

✓ Тігін өндірісі, тіркеу No 072301-038-3373-24.
✓ Жиһаз өндірісі, тіркеу No 072214-015-7284-24
✓ Бау-бақша шаруашылығы, тіркеу No 081201-004-5427-24.
✓ Аяқ киім, тіркеу нөмірі 072310-005-8002-24.

Инклюзивті практиканы дамыту мақсатында колледж Алматы қаласы Білім Басқармасы және қалалық білім беру саласындағы жаңа технологиялар ғылыми-әдістемелік Орталығымен бірлесіп «Техникалық және кәсіптік білім беру педагогтары үшін мүгедектерді оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар» әзірледі. Инклюзивті білім беру кафедрасы үшін жаңа оқу ғимарат пайдалануға берілді, онда жұмысшы біліктілігін арттыру және қайта даярлау жөніндегі инклюзивті білім беру ресурстық орталығы жұмыс істейді. «Тігін өндірісі мен киімдерді модельдеу» мамандығы бойынша «Жас маман» жобасы бойынша мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған тігін шеберханалары жабдықталған.

Ерекше қажеттіліктері бар адамдарды кәсіптік оқыту процесіне мынадай әлеуметтік әріптестердің ресурстары тартылады:

- Абилимпиктердің халықаралық коммерциялық емес қозғалысы;
- Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы;
- Алматы қаласы Білім Басқармасының МҒТКК базасында қалалық Инклюзивті ресурстық орталығы;
- «Азамат әлеуеті» Жеке Қайырымдылық Қоры;
- «Қазақ саңыраулар қоғамы» Қоғамдық бірлестігі.

Шолу соңында өз пікірімізді білдіріп, зерттелетін тақырып бойынша қорытынды жасағымыз келеді. Зиятында бұзылыстары бар және мүмкіндіктері шектеулі балаларға арналған арнайы мектептердің басшылары мен оқытушылары, жоғарыда аталған білім беру ұйымдарының түлектері мен олардың ата-аналары атынан ауызша сауалнама және әріптестеріміздің жазбаша сауалнамасы барысында біз осы жерде және қазір шешуді қажет ететін көптеген мәселелер мен сұрақтарды анықтадық.

***Арнайы мектеп-интернат-колледжінің құрылымы бойынша қорытындылар:*** Колледждің қызметін арнайы мектептерде ашу және ұйымдастыру үшін төмендегілерді қажет деп есептейміз:

1. Оқу үдерісінің барлық кезеңдерінде кәсіптік оқыту мәселелері, жұмыс орнында практикалық дайындықты ұйымдастыру, еңбек нарығына шығуға және мүмкіндігі шектеулі және психоәлеуметтік мүгедектігі бар азаматтардың дербес немесе ілесіп жүретін еңбек белсенділігіне қатысты қажетті нормативтік құқықтық актілер мен құжаттарды әзірлеу керек.

2. Жарғы, жергілікті құжаттар, ресми құжаттар ағынының үлгілерін көрсетумен «мектеп-колледж» қызметін лицензиялау барысында қажетті арнайы білім беру ұйымдарының басшылары үшін бірқатар құқықтық ұсынымдар дайындаған жөн.

3. Зиятында бұзылыстары бар және мүмкіндіктері шектеулі оқушылар оқытылатын мамандықтар бойынша оқу бағдарламаларын әзірлеу үшін қажетті әдістемелік ұсынымдарды дайындау қажет.

4. Арнайы мектептер құрамында жаңа құрылымның жұмысына арналған оқу жоспарлары, оқу материалдары мен кешендерін әзірлеу керек.

5. Колледжді бітіру туралы құжаттың нысанын әзірлеу қажет.

6. «Мектеп-колледж» құрылымдық бөлімшесінің және НОДБ-ның қатаң есеп беретін құжаттамасын жүргізу мәселелерін пысықтаған дұрыс.

7. Еңбек шеберханаларын жабдықтау, оларды еңбек нарығының болмысына барынша жақындату қажет.

8. Жас мамандарды ауылда жұмыс істеуге тарту, тиісінше еңбек етуге жағдай жасау және еңбектің түрлі әдістері мен тәсілдерін қолдана отырып, уәждеу қажет.

9. Оқу-Ағарту Министрлігінің Департаменттері және Білім Басқармаларында осы санаттағы білім алушыларды кәсіптік даярлау жөніндегі жетекшілік ететін орган кім болатынын шешсін.

Жергілікті жердің климаттық жағдайлары, өңірде бар қолөнер бұйымдары, қала немесе ауыл халқының қызмет түрінің ерекшелігі, жергілікті жерлерде белгілі бір саладағы мамандарға сұраныс, шағын, орта және ірі бизнес өкілдерінің қызығушылығы мен ұстанымын және басқа да пункттерді ескере отырып, әр өңірдегі мамандықтарға деген қажеттілікті зерделеу маңызды деп есептейміз. Зиятында бұзылыстары бар адамдар үшін жұмыс орындарын құру, оларды тағылымдамадан өту кезінде қолдау және жалпы нақты жұмыстың өзі мәселесін пысықтау қажет. Жұмыс беруші мен жұмыскердің, сондай-ақ заңды өкілдердің арасындағы түсініспеушіліктер мен жанжалдарды болдырмау үшін қандай да бір меншік нысанындағы ұйымдарда тағылымдамадан өту және одан әрі жұмысқа орналасуға келісім-шарт жасау процесін маңызды нүкте деп есептейміз. Жаңа құрылым құру, оның қызметін негіздеу, қажетті құжаттарды әзірлеу және оларды жүзеге асыру, білім беру үдерісін ұйымдастыру, Қазақстан Республикасының мүмкіндіктері шектеулі және мүмкіндіктері шектеулі азаматтарының құқықтарын іске асыруға байланысты мәселелер көп. Өмірдің білім беру, әлеуметтік, медициналық, экономикалық және басқа да салаларының дамуының қазіргі кезеңі белгілі бір міндеттерді шешу және белгілі бір сұрақтарға жауап іздеуде өзіндік түзетулер береді. Біз барлық жаңалықтар мен бастамалар барынша іске асады деп үміттенеміз.

## Қорытынды

Кәсіби салада білім беру қызметтерін қамтамасыз ету үдерісі кешенді сипатқа ие және оған түрлі ведомствалар, мемлекеттік құрылымдар, ата-аналар қауымдастығы, отбасы, білім беру және халықты әлеуметтік қорғау салаларындағы органдар мен ұйымдар, сонымен қатар Үкіметтік емес ұйымдардың қатысуын көздейді. Қазіргі таңда зиятында бұзылыстары бар балалар мен жасөспірімдерге арналған мектеп негізінде заманауи құрылымды құру мәселесі шешілуде.

Мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғаларға **кәсіби білім беру** мемлекеттік білім беру стандарттарына сәйкес және белгілі бір бұзылыстары бар өсіп келе жатқан жас өркендерді оқытуға бейімделген білім беру бағдарламалары негізінде жүзеге асырылуы керек. Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар және мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды кәсіби тұрғыдан оқыту үдерісіне осындай көзқараспен қарау жағдайында ғана олар еңбек нарығында кәсіби мамандар ретінде бәсекеге қабілетті болатынын атап өткіміз келеді. Бүгінгі күні басты міндет ретінде талқылаған мәселелерді қарастырып, мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға кәсіби білім алудың қолжетімді болуы арқылы ғана олардың табысты түрде қоғамға кірігуін қамтамасыз етуге болатынын ерекше айтамыз.

Мүгедектігі бар тұлғалардың қажеттіліктерін ескере отыра оларды кәсіби тұрғыдан дайындау жүйесінің ортақ көзқарастарын белгілеп, тұжырымдамасын дайындау уақыты келді. Онымен қоса қоғам мен өндірістің талаптарын қарастырып, мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғаларды мамандыққа үйрету және сол мамандық бойынша жұмысқа орналастыру үдерістері барысында қарама-қайшылықтар туындамауын байқау керек. Тұжырымдаманы дайындау барысында жүйенің мақсаттары мен міндеттері, оның құрылымы, бағыттары мен даму тенденцияларын анықтайтын негізгі идеялар, заңдылықтар мен қағидаларын белгілеп, жалпы және кәсіби білім беру жүйелерінің дамуына қатысты заманауи көзқарастар және мүгедектігі бар тұлғаларға кәсіби білім беру ерекшеліктерін көрсететін жинақталған ғылыми-практикалық тәжірибені ескеру қажет.

Сонымен, мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғаларды кәсіби оқыту, еңбекке дайындау және жұмысқа орналастыру үдерістерінің әлеуметтік-экономикалық маңыздылығы басым екендігін басып айтып, үздіксіз кәсіби білім беру қажеттілігіне назар аударамыз. Үздіксіз кәсіби білім беру үдерісінің қазіргі таңда теориялық базасының осалдығы, оған деген қажеттіліктердің басымдылығы, оның толыққанды модель ретінде әлі қалыптаспағандығы зерттеуіміздің негізгі мәселесін анықтап, қазіргі таңдағы жағдаятты зерттеуге талпындырды.

Жоғарыда айтқандарды түйіндей келе төмендегідей қорытындылар жасауға болады: біріншіден, мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар балалар, жасөспірімдер мен жастарды кәсіби еңбекке дайындау және кәсіби оңалту тек қана білім беру ұйымдарының қызметі емес; екіншіден, кәсіби оңалту білім беру мекемелері, сонымен қоса әлеуметтік сала ұйымдары және

өндірісте жасалатын нақты жұмыс әдістерін қамтиды; үшіншіден, арнайы білім беру ұйымында кәсіби және еңбек дағдыларын алу мақсатында оқуды бітіргеннен кейін одан ары жұмысқа орналастыру мақсатында жасалатын әрекеттер алгоритмін дайындау керек.

Авторды арнайы мектептердің түлектерінің ары қарайғы тағдыры өте қатты алаңдатады, себебі олар еңбек нарығында өздерінің қалыпты жағдайдағы замандастарымен бәсекеге түсе алмай, үй жағдайында отырып қалады немесе әлеуметтік мекемелерге орналастырылады. Дене және психикалық дамуында мәселелері бар адам еліміздің азаматы ретінде еңбек етуге құқығы тұрғысынан қоғам мүшелерінен еш айырмасы жоқ. Дегенмен оған еңбек етуге байланысты қабілеттерін дамыту, өзіне және өзгеге пайдалы жұмыс жасауға құқығын жүзеге асыру барысында ерекше қолдау қажет. Іс жүзінде кәсіби-еңбекке дайындық әрекеті барысында жасалған дұрыс жағдайлар, жұмыс түрлері мен мазмұны білім алушы ерекше тұлғаға мүмкіндіктеріне қарай еңбек дағдылары мен икемдеріне сай кәсіби бағдарламаларды меңгеріп, нәтижелі түрде әлеуметтенуі, әлеуметтік-тұрмыстық, этикалық және басқа да мәселелерді шешуге ықпалдасады.

Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар және мүмкіндіктері шектеулі балалар, жасөспірімдер мен жастарға кәсіби бағдарлау, мамандық таңдау, талдалған мамандық бойынша кәсіби білім алу, дайындықтан өту тоқ етерінде оған қол жетімді шектеулі мамандықтар тізімі бойынша кәсіп таңдаумен аяқталады. Сол себепті білім алушылардың мүдделері мен қабілеттері, даму ерекшеліктері мен еңбек нарығының қажеттіліктері ескеріле отыра кәсіби бағдарлау үдерісі ұйымдастырылып, жүзеге асуы керек. Білім алуда ерекше қажеттіліктері бар балалар, жасөспірімдер мен жастарды кәсіби-еңбекке оқыту жүйесінде төмендегідей қарама-қайшылықтар туындайды:

- олардың жұмысқа орналасуына кедергі болып отырған қазіргі заманғы әлеуметтік-экономикалық жағдайлар;
- мамандарды дайындауда біліктілік талаптарының өсуі және қолжетімді мамандықтарды меңгеруде қиындықтар туындататын білім алушылардың күрделі дене және психикалық бұзылыстарының болуы;
- білім алуда ерекше қажеттіліктері бар, мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғалардың жұмысқа орналасуы мүмкін мамандықтар санының аз болуы және арнайы білім беру ұйымдарында оқушыларды кәсіби дайындау мүмкін мамандықтардың одан да аз болуы.

Әдетте жоғарыда атап отырған тұлғаларды еңбекке дайындау барысында бейімделген және тек қана оңалтуға жарамды орта жайлы болады. Онда жасалған жағдайлар, қолдау көрсету формалары мен мазмұны ғана білім алушының еңбек дағдыларын дамытып, белгілі бір икемдеріне сай жұмыс жасауына мүмкіндік береді. Бұндай ортаны жалпы еңбек нарығында жасау мүлдем мүмкін болмағандықтан зиятында бұзылыстары бар тұлғаларға арнайы қолдау бағдарламалары жүзеге асырылуы керек, ол туралы алдыңғы Тарауларда айттық, соны басты назарда ұстау керек деп ойлаймыз.

***Бүгінгі күні бар мәселелер:***

- зиятында бұзылыстары бар арнайы мектеп түлектеріне арналған кәсіби білім беру бағдарламаларының жеткіліксіздігі;
- білім алуда ерекше қажеттіліктері бар, мүмкіндіктері шектеулі және мүгедектігі бар тұлғалардың жұмысқа орналасу жағдайының тұрақсыздығы;
- арнайы мектеп түлектерінің кәсіби білім алып, жұмысқа орналасуына байланысты кез келген меншік формасындағы жұмыс берушілердің мүдделі болмауы;
- еңбек нарығының жаңа мүмкіндіктеріне бағытталудың осалдығы;
- дене және психикалық дамуының бұзылыстарының бар болуы және әлеуметтік тұрғыдан депривацияда болуы салдарынан әлуметтік-тұрмыстық дағдылар мен икемдердің төменгі деңгейі.

Ендігі кезекте төмендегідей әрекеттер негізінде жұмыс жасау керек:

I. Инновациялық көзқарасты жүзеге асыру:

✓арнайы мектеп түлектерін қоғамға толыққанды кіріккеніне дейін мектептен кейін қолдау көрсету жүйесін ұйымдастырып, жүзеге асыру;

✓ еңбек етуге ниетті осал топ өкілдерін әдістемелік тұрғыдан қолдау, тікелей көмек көрсету және бағыт-бағдар беру жұмыстарын атқара алатын әлеуметтік серіктестер желісін құру;

✓білім алушылардың экономикалық тұрғыдан өздігінен әрекеттенуі үшін табыс көзі болатындай жұмыс орындарын құру.

II. Білім алушылардың әлеуметтік тұрғыдан бейімделуіне жергілікті жерде жағдай жасау.

## Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мемлекет басшысы Қ-Ж.К. Тоқаевтың 2024 жылдың қыркүйек айының 2-ндегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

2. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2019 жылдың қыркүйек айының 2-ндегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы.

3. Васенков Г.В. Адаптация и социализация выпускников школ VIII вида в процессе включения их в производственные отношения в условиях социума//Коррекционная педагогика, 2010, № 5 (41). – С. 5-10.

4. Профессиональная ориентация, профессиональная подготовка и трудоустройство при умственной отсталости: метод. пособие/под ред. Е.М. Старобиной. – М.: ФОРУМ: ИНФА-М, 2007. – 304 с.

5. Яковлева И.М., Галкина В.А., Скира Е.В. Профессиональная социализация и трудоустройство выпускников колледжей с интеллектуальными нарушениями//Вестник МГПУ, Серия Современный колледж, 2023, № 2(6). – С. 65–76.

6. Мирский С.Л. Индивидуальный подход к учащимся вспомогательной школы в трудовом обучении.– М.: Педагогика, 2009. –160 с.

7. Зеер Э.Ф. Психология профессионального образования: Учебное пособие. – М.: МОДЭК, 2003. – 458 с.

8. Кошенова М.И. Волонтерское сопровождение процесса интеграции подростков и молодых людей с расстройствами аутистического спектра в общество: ресурсы и проблемы//Вестник по педагогике и психологии Южной Сибири, 2018, № 1.

9. Программы сопровождаемого трудоустройства для людей с РАС и / или интеллектуальными нарушениями: обзор российского и международного опыта 2020–2021 гг. Фонд «Обнажённые сердца».

10. Трудовое и профессиональное ориентирование лиц с инвалидностью и ОВЗ: учеб. пособие/Петрова Е.А., Пчелинова В.В., Джафар-заде Д.А., Карплюк А.В. – М.: Издательство РГСУ, 2016. – 310 с.

11. Методические рекомендации по профориентационной работе в организациях среднего образования (для руководителей методических кабинетов, заместителей директоров школ, классного руководителя, педагогов-предметников, педагогов-психологов). – Астана: НАО имени Ы. Алтынсарина, 2022. – 82 с.

12. Методические рекомендации по разработке специальных учебных программ для лиц с особыми образовательными потребностями. НАО «Холдинг «Кәсіпқор»» в рамках реализации государственного задания «Создание методологии по разработке специальных учебных программ», Астана, 2017 год.

13. Материалы Европейского союза сопровождаемого трудоустройства (EUSE): *https://www.euse.org/content/supported-employment-toolkit/EUSE-Toolkit-2010.pdf.*

14. Пчелинова В.В. Формирование представлений о мире профессий в профконсультировании: дис. … канд. психол. наук. – М., 2011. – 235 с.

